

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: мектепалды сынып 0 «б» Нұрғалиева Нұрғұл

Балалардың жасы: 5 жас

Жаспар қай кезеңге жасалды: 05.05;6.05;8.05

Күн тәртібі	Дүйсенбі 05.05	Сейсенбі 6.05	Бейсенбі 8.05
Балаларды қабылдау	Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында мамыр «Бірлік пен ынтымақ» айы. ҚР Әнұранын айту. Күй күмбірін тындау. Жеке қауіпсіздік «ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТ КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ (ҚАУІПСІЗДІК) ЕРЕЖЕЛЕРІ» https://youtu.be/UMVKB4sqULE?si=eXG4pVri6lVX9uBh https://orken-instituty.kz/ru/telefon-y-goryachih-linij	«Жеңіс күні» апта өлеңі (Сөйлеуді дамыту) Әскери ... қалай аталады» дидактикалық ойын Максаты: Ұлы Отан соғысы жауынгерлерінің еңбегі мен ерлігіне құрметпен қарауға тәрбиелеу; балалардың соғыс жылдарындағы кәсіп, әскери сала туралы білімдерін толықтыру. (Қоршаған әлеммен танысу) «Мозайка», «Пазлы» үстел-үсті ойындары Максаты: қол моторикасын жақсарту; заттың түсін қабылдауды бекіту	«Біз әскерилер» сюжетті-рөлдік ойыны. Максаты: балалардың ойын түпкі ойы мен дағдысын жетілдіру және кенейту; рөлдік ойындарды ұйымдастыруға құштарлығын қалыптастыру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Достық» дидактикалық ойыны Максаты: балалар арасындағы достық қарым-қатынас, үлкенге құрмет. «Құншуақ қоян» психогимнастика Максаты: қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңу. (Сөйлеуді дамыту)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Өнегелі 15мин. Балалардың мінезі туралы әңгімелесу, отбасында бала тәрбиелеу туралы кеңестер	Өнегелі 15мин. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Өнегелі 15мин. «Өзге қалаларға саяхат» тақырыбына фотокөрме ұйымдастыру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	«Үйге қайтайық» дидактикалық ойын Максаты: зейінді, реакция жылдамдығын жетілдіру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Орнына тұр» аз қимылды ойын Максаты: заттардың орналасуын табу дағдыларын бекіту: алдыңғы, артқы, сол, оң, алдыңғы, артында. (Дене тәрбиесі + математика) «Үй салу» ойыны Максаты: әртүрлі мөлшердегі үйлерді құру; берілген үйдің көлеміне сәйкес келетін есік, терезе, шатыр таңдау дағдысын бекіту. (Құрастыру + математика)	"Жол қозғалысы ережелері" әңгімесі (Танымдық, коммуникативтік іс-әрекет) Жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру: «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер өткелі», «Велосипед жолы». Тандалған суретке талдау жасау және өзіндік бағалау. (Бейнелеу іс-әрекеті) Бояуларды араластыру қабілетін жетілдіру. Әдеттен тыс мамандықтар туралы әңгіме (Коммуникативтік, танымдық іс-әрекет). Қоршаған ортадағы заттар мен ойыншықтардың адамның еңбегі арқылы жасалғанын түсініп, оларға ұқыпты қарау.	«Біл және атап айт» дидактикалық ойыны Максаты: тапсырмаға сәйкес суретті тез табу қабілетін бекіту. (Қоршаған әлеммен танысу + математика) «Челночок» аз қимылды ойыны Максаты: физикалық қасиеттерді, ұжымшылдықты, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін бекіту. (Дене тәрбиесі + қоршаған әлеммен танысу) «Таяқшадан құрастыру» ойыны Максаты: геометриялық фигура туралы білімді жетілдіру; баланың логикалық ойлауын дамыту. (Құрастыру + математика)
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Ерлік деген не?» тақырыбына әңгіме. Максаты: балаларда ерлік туралы түсінік қалыптастыру; әскерилерге эмоционалды жағымды, әсерлі қатынасты тәрбиелеу. (Қоршаған әлеммен танысу)	«Әдептілік сабақтары» дидактикалық ойыны Максаты: әр түрлі өмірлік жағдайларда: театр, көлік, аулада және үйде мінез-құлық ережесін үйретуді жалғастыру; балалардың сөздік қорын молайту; зейінін, есте сақтау және байланыстырып сөйлеу	«Мен істей аламын» дидактикалық ойыны Максаты: табыстылық жағдайын жасау; балалардың өзіне деген сенімділігін, қабілетін дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)

		дағдысын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.Берілген буынға сөз құрастыру сөздегі буындардың санын анықтау Тақырыбы: -Дыбыстардың саны мен орнын анықтау -Буындардың орнын анықтау -Сөздегі дыбыстардың реті мен саны Дидактикалық ойын «Дұрыс көрсет» Тәрбиеші балаларға дыбыстарды айтады, балалар алдарындағы қызыл, көк түсті жалаушаларды көрсету арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Мысалы: <i>й, ц, к, е, н, г, ш, ц, з, х, ф, ы, в, а, п, р, о, л, д, ж, э, с, м, и, т, б.</i> Сөздермен жаттығулар. «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық ойыны Тәрбиеші балаларға суреттер көрсетеді де, балалар суретті атайды, сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалғайды. Мысалы: <i>доп ... (қызыл), бал ... (тәтті), ара ... (сары), етік ... (жылы), ет ... (дәмді), мысық ... (сүйкімді), қыз ... (пысық), құмыра ... (қызыл), ата ... (еңбекқор) т.б.</i> Жұмыс дәптерімен жұмыс Суреттерді ата, сөздегі дыбыстардың санын анықта, сонша дөңгелектің суретін сал. Суреттерді ата. [Ә] дыбысы бар суреттерді қорша. Сөздерді буынға бөл. Буын санын тиісті цифрмен сәйкестендір.«Соңғы дыбыстан баста» дидактикалық ойыны Тәрбиеші балаларға сөз айтады да бір баланы көрсетеді, бала сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтады, келесі бала жалғастырады.Мысалы: <i>маймыл - лақ - қарбыз - зәкір - радио - от - тауық -</i></p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алады, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнайды; Тақырыбы:Жолда абайла Ұзын-ұзын, ұзын жіп, Ұшы қайдан табылар?(Жол) Бір жолда екеуі жарысады, Бір-бірінен оза алмай алысады. (Теміржол) Балалар, қандай жол түрлерін білесіңдер? «Сөйлемді аяқта» ойыны. Жол адамдарға ... үшін қажет.Жолдар әртүрлі болады: ... Көшенің арғы бетіне өтерде өте сак болған жөн. Көшеде жүру тәртібін сақтамаудың зардабы ауыр болуы мүмкін. Сен өзіңді қауіпке душар етіп қана қоймай, басқаларға да кедергі келтіресің. Көшеде жүру тәртібін бұзасың. Жұмбақ шешейік. Үйрен таппай тыным бір, Белгілердің тілін біл. Егер оны білмесең, Тартар жолын бұлыңғыр. (Жол белгілері) Көшеге шыққанда алдымен неге мән беру керек? Жол белгілеріне мән беру керек. Қандай жол белгілерін білесіңдер?Олар: автокөлікке арналған жол белгісі, жаяу өтпезол белгісі, жерасты жолы белгісі, велосипедпен жүруге тыйым салу белгісі, жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салу белгілері, дыбыстық тыйым салу белгісі. Сөздік жұмысы: жаяу өтпезол. Жол белгілерінің айырмашылығын атандар. Тыйым салу белгілері қызыл түспен қоршалған, көрсеткіш белгілер көк түспен белгіленген. Мына суретте не көріп тұрсыңдар?Балалар жол жиегінде доп ойнап жүр.Жолда доп ойнау неліктен қауіпті?Доп жолға домалап кетуі мүмкін. Саған жолдан өту керек болды. Жақын маңда бағдаршам жоқ. Сен қай жерден өтесің? «Жаяу жүргінші өтпезолы» белгісін тауып, сол жерден өту керек.Балалар, бағдаршам жоқ болған</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту Міндеттері: әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді; Тақырыбы:Ханталапай Балалар, қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? Тәрбиеші тактадағы көкпар, теңге алу, арқан тартыс ұлттық ойындары бейнеленген суреттерге балалардың назарын аударып, сөйлем құрауларын сұрайды. Тәрбиеші қоржын толы асықтар әкеледі. – Бүгін біз «Ханталапай» қазақтың ұлттық ойынымен танысамыз.Бұл ойын қойдың асықтарымен ойналады. Асықтың ішінде қызыл түске боялған асықты хан қояды. Егер асықты шашқанда ханасық алшы түссе, «ханталапай» деп барлық асықты таласа бөліп алады.Асықтың қалай түссе де өз атауы бар: тәйке, алшы, бұқ, шік, омп.Сөздік жұмысы: ханасық, алшы. Балалар шеңбер бойымен отырады. Шеңбер ортасына асықтарды шашып жібереді. Балақай, алақай, ханталапай! Балалар таласа жинап алады, қызыл асықты алған бала жеңімпаз атанады. Жеңімпаз бала басқа балаларға тапсырма береді. Сүйікті ойыншығыңды ата, сипатта. Өзін отбасың туралы әңгімеле.Мемлекеттің рәміздерін ата.Қандай көлік түрлерін білесің? Ата. Жатқа тақпақ айт.Жанылпашты жылдам айт. Мақал-мәтелдер айт. «Асық ату» қимылды ойыны Кішкене шеңбер сызып, ішіне асықтарды тізіп қояды. Балалар кезекпен шығып, дәлдеп атады.Асыққа тигізіп, шеңберден шығарса, сол асықты өзіне алады. Үлестірмелі материалмен жұмысАсықтардың түрлерін ата. Алшы түскен асықты боя. 2.Математика негіздері Міндеттері: Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Тақырыбы:Өлшеймін және салыстырамын</p>

<p>қарлығаш - шапалақ - қайық - қасық - қылыш - шап - шахмат - тамыз - зырылдауық - қант - ту - уық - қу - уәде - емізік т.б. «Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші дыбыстарды айтады, ал балалар дыбысқа тиісті түстерді көрсетеді (қызыл, көк). Сөздермен жаттығулар. «Бірінші дыбысты анықта» дидактикалық ойыны Балалар, мен суреттерді көрсетемін, сендер суретте бейнеленгендердің атындағы бірінші дыбысты айтасындар. Мысалы: етік(е), нан(н), зұл(з), ыдыс(ы), алма(а), есек(е), ұшақ(ұ), ине(и), алмұрт(а), от(о), орындық(о), ешкі(е), ұту(ұ), ұршық(ұ), ірімшік(і). Қандай дыбыстан басталатын сөздерді айттындар? (Дауысты дыбыстан басталатын). Оны қайдан білдік? Өкпеден шыққан ауа еш кедергісіз шықты. Осылай дауысты дыбыстар жасалады. Балалар, мен тағы суреттер көрсетем айтып, бірінші дыбысына мән беріңдер. Мысалы: тияз(н), ферма(ф), тима(н), түн(т), күй(к), хат(х), цетка(ц), күрек(к), шана(ш). Бұл дыбыстар қалай айтылды? Қалай аталады? «Кім білгіш?» дидактикалық ойыны Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, з, н, е, ц, у, ш, о, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.</p> <p>Тәрбиеші дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады. «Жұп құр» ойын-жаттығуы. Тәрбиеші тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Мысалы: бат-батық жүзім-жүзік, доп-дәрі, мысық-мылтық, піл-пима, қылыш-қант т.б. «Буынды айтып сөз</p>	<p>жағдайда, жаяу жүргіншілер өтетін жерді іздеп тауып, тек сол жерден өту керек! Ол үшін ешқашан ерінбедер! Бағдаршамда неше түс бар? Әр түс нені білдіреді? Үлестірмелі материалмен жұмыс. Жол түрлерін есінде сақта. Сен қандай жолдармен жүресің? Суреттегі әрбір жолдың неге арналғанын айтып бер. Суретке қарап, жол белгілерін ата. Дидактикалық ойын: «Байқа, балақай» Шарты: тәрбиеші жол белгілерін көрсетеді, балалар қандай белгі екенін айтып, қимылмен көрсетеді.</p> <p>2. Математика негіздері Міндеттері: Бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру Тақырыбы: Бүтін және бөлік Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым балалардан фигураларды орналастыруға көмектесуін сұрайды. «Сұрыптаушылар» дидактикалық ойыны. Жұптық жұмыс. Балалардың әр жұбы тең және тең емес бөліктерге бөлінген фигуралар жиынтығын алады. Фигураларды екі топқа бөлу керек. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Жартыға бөлінген фигураларды белгіле. 2-тапсырма. Бастырып сыз. Тапсырманы орындамас бұрын тәрбиеші балалардың дәптерді үстелге қалай орналастырғанын, балалардың қарындашты дұрыс ұстауын және дұрыс отыруын тексереді. 3-тапсырма. Шеңберді екіге бұкте. Қи. Жартысынан фигуралар құрастыр. Практикалық жұмыс. Топтық жұмыс.</p> <p>3. Қазақ тілі Міндеттері: өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, отбасылық мерекелер, басқосулар, тойлар, салт-дәстүрлер туралы айтады; Тақырыбы: Жайлауда <i>Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап»</i> Біздің Отанымыз қалай аталады? Біздің Отанымыз - Қазақстан Республикасы қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады). Отанымыздың бас қаласын ата?</p>	<p>Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым олардың дауларын шешіп беруді, қайсысының бойы жоғары екенін айтуды сұрайды. «Кім бәрінен жоғары?» ойын жаттығуы. Балалар санамақтың көмегімен 4-5 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Тәрбиеші олардан бойларына қарай сапқа тұруды сұрайды. Содан кейін әр топтан ең ұзын балалар шығып, қайтадан бойларына қарай тізіліп тұрады. Ең ұзын баланы таңдайды. Қағаз кесінділерімен практикалық жұмыс. Тәрбиеші кесінділерді ең ұзыннан қысқасына дейін қойып шығуды ұсынады. Содан кейін әртүрлі түсті кесінділерді ұзындық бойынша салыстырады. Балалар салыстырудың әртүрлі әдістерін қолданады: «көзбен» қарап салыстыру, тұтастыру немесе беттестіру. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретке қара. Отбасында ең бойы ұзыны кім? Қоршап сыз. Ең аласасы кім? Қоршап сыз. Отбасы мүшелерінің ең ұзынынан ең аласасына дейінгіні ата. 2-тапсырма. Әр затқа қанша шартты өлшеуіштен келеді? Заттарды алақаныңмен өлше. Алақанда шартты өлшеуіш белгі болады. Практикалық жұмыс. Қиынды кеспе материалдан әр бала бір кесіндіні таңдайды, бұл оның шартты өлшеуіші болып табылады. Содан кейін жұптағы балалар заттарды (үстел, терезе төсеніші, дәптер және т.б.) өз өлшеуіштерімен өлшейді. Заттарды алақанмен өлшеуді ұсынуға болады. 3-тапсырма. Бастырып сыз. «Біз жүреміз» ойын жаттығуы. Балалар қатарға тұрады. Жүргізушінің дабыл командасы кезінде «Қысқа!» деп айтқанда, қысқа қадамдар жасайды, «орташа!» қысқа қадамнан сәл ұзынырақтар қадам жасайды, «ұзын!» дегенде ұзын қадам жасайды. 4-тапсырма. Ең жуан ағашты, ең жуан қарындашты, ең жуан жіпті боя. Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. доп лақтырады, шақырады: Футболканың жеңі қысқа, ал жейденің жеңі ... (ұзын). Гольфтар ұзын, ал шұлықтар... (қысқа). Шорт қысқа, ал шалбар... (ұзын).</p>
--	---	--

	<p>құра» дидактикалық ойыны. Ойын шарты: тәрбиеші айтқан буынға балалар сөз құрап айтады.</p> <p>Мысалы: <i>Ба... та... қа... жа... ал... мон... ке... те... шат... қар... қа... бә... т.б.</i></p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша дөңгелектің суретін сал. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі үймен қос.</p> <p>Тәрбиеші суреттерді буынның санына қарай өз үйшіктеріне қосуға тапсырма береді, неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қосу қажет.</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Міндеттері: Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу</p> <p>Тақырыбы: Бүтін және бөлік</p> <p>Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым балалардан фигуралардан өрнектер жасауды үйретуді сұрайды, суреттер, үлестірмелі материалдар әкеледі. Практикалық жұмыс.</p> <p>Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. Әр топ фигуралардың бөліктерінен өрнектер жинайды. «Өз өрнегің туралы айт» әңгімесі. Тәрбиеші фигураларды тең және тең емес бөліктерге бөлуге болатынына назар аударады. Фигураның екі тең бөлікке бөлінуін көрсетеді. Тең бөліктер нені білдіреді? (Пішіні мен өлшемі бірдей.) Тең емес бөліктерге бөлуді көрсетеді, қай бөліктің өлшемі үлкен екенін сұрайды?</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. Тең емес бөліктерге бөлінген фигураларды белгіле. «Тең бөлу» ойын жаттығуы. Тәрбиеші дөңгелектерді таратады (бөліштің суреті), тапсырма бойынша балалар дөңгелектерді 2, 4, 6 тең бөлікке бөледі.</p>	<p>Отанымыздың бас қаласы – Астана.</p> <p>Өлкеміздің табиғаты бейнеленген «Жайлау» суретімен жұмыс. Жана сөздермен таныстыру.</p> <p>Мынау – жайлау. Мынау не?</p> <p>Мынау – жайлау.</p> <p>Жайлауда таза ауа.</p> <p>Жайлауда ауа қандай?</p> <p>– Жайлауда таза ауа.</p> <p>– Мынау – таулар. Жайлауда таулар бар.</p> <p>– Жайлауда нелер бар?</p> <p>«Жайлауда таулар бар» сөйлемін жеке, хормен айтып жаттығады.</p> <p>– Жайлауда таулар биік. Жайлауда таулар қандай?</p> <p>– Жайлауда таулар биік.</p> <p>– Жайлауда өзен бар. Мынау – өзен. Жайлауда не бар?</p> <p>– Жайлауда өзен бар.</p> <p>– Өзен суы таза. Өзен суы қандай?</p> <p>– Өзен суы таза</p> <p>– Мынау – киіз үй. Мынау не?</p> <p>– Мынау – киіз үй.</p> <p>– Жайлауда киіз үй бар. Жайлауда не бар?</p> <p>– Жайлауда киіз үй бар.</p> <p>– Жайлауда үй жануарлары жайылады. Жайлауда үй жануарлары не істейді?</p> <p>– Жайлауда үй жануарлары жайылады.</p> <p>– Үй жануарлары шөп жейді. Үй жануарлары не жейді?</p> <p>– Үй жануарлары шөп жейді.</p> <p>Балалар жана сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.</p> <p>Тәрбиеші шағын мәтін құрап айтады: <i>Жайлауда салқын. Таза ауа. Жайлауда шөп көп. Жайлауда үй жануарлары жайылады. Олар шөп жейді. Жайлауда таулар, өзен, киіз үй бар.</i></p> <p>Жаңылтпашпен таныстыру.</p> <p>Малға шөп керек, Шөп көп керек, Көк шөп керек.</p> <p>Жаңылтпаш жылдам, баяу, қатты және ақырын қайталау. Тәрбиеші «Жайлауда» тапқакты оқиды.</p> <p>Балаларға тыңдап, таныс сөздерді табу ұсынады.</p> <p>Атам биыл мені де Алып барды жайлауға.</p>	<p>Пальто ұзын, ал күртеше... (қысқа).</p> <p>3. Қазақ тілі</p> <p>Міндеттері: өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тапқактарды жатқа айтады; жұмбақтардың жауабын табады;</p> <p>Тақырыбы: Киіз үй</p> <p>Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.</p> <p>– Сәлеметсіздер ме?! Малға шөп керек, Шөп көп керек, Көк шөп керек. Фланелді тақтада «Жайлау» суретін құрау. Берілген сөздерден сөйлем құрастырады: шөп, көп, жайылады, үй жануарлар, жейді, таулар, өзен, киіз үй.</p> <p><i>Жайлауда шөп көп. Жайлауда үй жануарлары жайылады. Олар шөп жейді. Жайлауда таулар, өзен, киіз үй бар.</i></p> <p>Тәрбиеші киіз үйдің суретін іліп қойып, бүгін киіз үймен танысатындарын хабарлайды.</p> <p>Киіз үйде не бар?</p> <p>«Киіз үй» суретімен жұмыс. Киіз үй туралы қысқаша мәлімет беру. Жана сөздермен таныстыру.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>– Мынау – киіз үй.</p> <p>– Киіз үйде не бар?</p> <p>– Киіз үйде сандық бар. Мынау – сандық. Мынау не?</p> <p>– Мынау – сандық. («Сандық» сөзін дұрыс айтып жаттығады).</p> <p>– Сандық ағаштан жасалады. Сандық неден жасалады?</p> <p>– Сандық ағаштан жасалады.</p> <p>– Мынау – сырмақ.</p> <p>– Мынау – ... (сырмақ). Сөзді жылдам, жай айтып есте сақтауға жаттығады.</p> <p>– Сырмақ әдемі.</p> <p>– Сырмақ қандай?</p> <p>– Сырмақ әдемі.</p> <p>– Сырмақ жылы. Сырмақ қандай?</p> <p>– Сырмақ жылы.</p> <p>– Сырмақ жүннен жасалады. Сырмақ неден жасалады?</p>
--	--	---	---

<p>2-тапсырма. Неше тең бөліктерге бөлінген? Сана. Цифрды қоршап сыз.</p> <p>3-тапсырма. Бастырып сыз.</p> <p>3.Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Міндеттері: Қоршаған ортада,табиғатта тәртіп ережелерін білу,өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау</p> <p>Мемлекеттік мереке-Отан қорғаушылар күні;Жеңіс мерекесі.</p> <p>Тақырыбы:</p> <p>-Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері</p> <p>-Әскери мамандықтар</p> <p>1. Сіріңкемен ойнау неге әкеледі?</p> <p>2.Жолдың адамдар жүретін бөлігі қалай аталады?</p> <p>3.Неліктен үйіміздің мекенжайын білу керек?</p> <p>4. Өртті сөндіруге кімдер көмектеседі?</p> <p>5. Жолдаушылар автобусты қайда күтеді?</p> <p>6. Жол бөлігін қай жерінен өтуге рұқсат етіледі?</p> <p>7. Үтікті, газды ересек адамдарсыз, өз бетімен қосуға бола ма?</p> <p>8. Көлік жүретін жолда ойнауға бола ма?</p> <p>9. Жуылмаған жемістерді жесек не болуы мүмкін?</p> <p>10. Бейтаныс адамдарға есік ашуға бола ма? «Келісемін, келіспеймін» ойыны.</p> <p>Жұмбақ жасыру</p> <p>Сумандаған тілі бар,Бұраңдаған ізі бар. Тіл ұшында уы бар,Ол не?Біліп ал! (Жылан)</p> <p>Ойын «Лото. Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері». «Ормандағы жалғыз аяқ жолы» ойыны. Үлестірмелі материалдармен жұмыс.</p> <p>Таусоғардың пайымдауы: қауіпсіздік ережелерін кез келген жерде сақтау керек.</p> <p>Таусоғарға табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережелерін сақтану керектігін түсіндір.</p> <p>Улы саңырауқұлақты тап. Белгіле.</p> <p>Қауіп төндіретін жәндікті тап. Белгіле.</p>	<p>Құлындар тұр желіде, Биелер тұр байлауда. Бұлағын да ұнатам, Қыранын да ұнатам, Асыр салып ойнаймын,Жайлауды мен ұнатам. Балалар таныс сөздерді атайды: жайлау, ата, құлын. Ұзын құлақ сұр қоян</p> <p>Естіп қалып сыбдырды.</p> <p>Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді.</p> <p>Қарап еді артына Қиығын салып көзінін.</p> <p>Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінін.</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс.</p> <p>Сурет бойынша шағын мәтін құра. Жаттап ал.</p> <p>Қошақан Қошақаны қойдың, Қайда қалып қойдың? Бұлтиып тұр бүйірің, Қай өрістен тойдың? Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?»</p> <p>Ойынның мақсаты: зейін қойып тыңдауға, сөйлемді дұрыс құруға жаттықтыру. Ойынның шарты: сөйлемді тыңдап, қатесін түзету.Мысалы: Жайлауда таулар жоқ – Жайлауда таулар бар.</p> <p>4.Музыка</p> <p>Міндеттері: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау</p> <p>Тақырыбы:Ән салып,би билейміз</p> <p>Балалар көңілді музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, қоянша секіріп, құстай ұшып, аюдай қорбандап, қасқырдай ырылдап жүреді.</p> <p>Музыка ауысқанда өз беттерінше жана әуенге ілесіп қимылдар жасайды.</p> <p>Домбырам күмбірлеп, күй шерте аламын, Бұрала би билеп, сурет те саламын, –деп, «Біз өнерпаз баламыз» атты шағын концерт ұйымдастыру.</p> <p><i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).</p> <p>Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермеп</p>	<p>–Сырмақ жүннен жасалады.</p> <p>–Мынау – алаша. А-ла-ша. Мынау не?</p> <p>– Мынау – алаша. (Алаша сөзін жеке, хормен айтып сөзді естеріне сақтайды).</p> <p>–Алашада қандай түстер бар?</p> <p>–Алашада қызыл түс бар. (Білетін түстерін айтады).</p> <p>–Мынау – домбыра. (Домбыра суреті көрсетіледі).</p> <p>–Мынау не?</p> <p>–Мынау – домбыра.</p> <p>Тәрбиеші ұнтаспадан күй тындатады (үзінді).</p> <p>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</p> <p>Қ-қ-қ-к- дық-дык – әдемі сандық. Қ-қ-қ-к - мақ-мақ – сырмақ.Тәрбиеші шағын мәтін құрап айтады: <i>Мынау – киіз үй. Киіз үйде сандық бар. Сандық ағаштан жасалады. Киіз үйде сырмақ бар. Сырмақ әдемі, жылы. Сырмақ жүннен жасалады. Киіз үйде алаша және домбыра бар.</i></p> <p>Орнымыздан тұрайық,Керегені құрайық.</p> <p>Уық болып иіліп, Киіз үйді құрайық.</p> <p>Күйіз үй ішінің көрінісі бойынша ойын: «Қайтала, көрсет». Тәрбиеші киіз үй ішіндегі заттарды атайды, балалар сөзді қайталап, суретін көрсетеді.</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс.</p> <p>Суретке қара. Сұраққа жауап бер. Киіз үйде не бар?</p> <p>Балаларға сұрақтар бере отырып сөйлемдер құрату.</p> <p>Мысалы: <i>Киіз үйде сандық бар.</i>Суреттерге қара. Атауында «Қ» дыбысы бар заттарды көк қарындашпен қорша. Тәрбиеші жеке жұмыс жүргізеді.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Мен бес сөз білемін».</p> <p>«Жайлау» тақырыбы бойынша балалар 5 сөз айтады.</p> <p>4.Музыка</p> <p>Міндеттері: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау</p> <p>Тақырыбы:Ән салып,би билейміз</p> <p>Балалар көңілді музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, қоянша секіріп, құстай ұшып, аюдай қорбандап, қасқырдай ырылдап жүреді.</p> <p>Музыка ауысқанда өз беттерінше жана әуенге ілесіп</p>
--	--	--

	<p>«Ел қорғауға әзірміз» әні орындалады (М. Әлімбаев). Тәрбиеші Ш. Мәмбетовтің «Бейбіт өмір солдатты» өлеңін оқиды.</p> <p>Ұшағы – қанаты От жалындай қайраты Сүйсініндер, қараңдар. Сүйсініндер, қараңдар! Бейбіт өмір әскері – Бейбіт өмір әскері – Менің ұшқыш ағам бар! Менің танкист ағам бар! Жауды ықтырар айбаты Сүйсініндер, қараңдар. Бейбіт өмір әскері – Ер теңізші ағам бар! Қандай әскер түрлерін білесіңдер? Ұшқыш, танкист, теңізші ағалар бар. Біздің елімізде «Отан қорғаушылар күні» қандай күн? 7 мамыр Отан қорғаушылар күні болып белгіленген. Ал Отан қорғаушылар кімдер? Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы, өйткені біздің әкелеріміз бен аталарымыз ежелден осы елде өмір сүрген, біз сонда туылғанбыз, біз өз ана тілімізде – қазақ тілінде сөйлейміз. Жер бетінде әртүрлі ел бар. Бірақ барлық ел бірге өмір сүрмейді. Жер бетінде түрлі себептермен соғыста болып тұрады. Сондықтан әр елдің әскері, яғни қарулы күші болады. Әскерде түрлі әскери адамдар болады. Олардың барлығы да Отан қорғаушылар. Балалар, біздің бүгінгі әңгімеміз әскери мамандықтар туралы болмақ. Бейнебаян: – Қазіргі Қазақстан Қарулы Күштердің үш негізгі тобы бар: құрлықтағы (немесе жердегі-оларды жаяу әскер деп те атайды) әскерлер, әуе күштері және теңіз күштері. Армияда кемелер мен ұшақтар, танктер мен жерүсті көліктері бар. Әскери техниканы игеру үшін, үнемі оқып, білім алу</p>	<p>жүру. <i>Музыка тыңдау:</i> «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев).</p> <p>Музыка тыңдап, сипаты туралы сұрау, әуенді тыңдап, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p><i>Ән айту:</i> «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева).</p> <p>Балалармен әннің көңіл күйін анықтау, сипатына көңіл бөлу. Мазмұнына тоқталып, әнді үйрену. Үйренген «Біз бақытты баламыз» әнін (Ә. Қонысбеков) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p><i>Билер:</i> «Еркебұлан»</p> <p>Балаларға бидің қимылдарын көрсету, өз беттерінше жасатып үйрету, әуенге қосылып 1-2 қимылдарын үйрену.</p> <p><i>Ойындар, хороводтар:</i> «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев). Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада – «соқыртеке».</p> <p>Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке» айтады. 2-шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып қалмас үшін жан-жаққа жүгіреді. «Соқыртеке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 4-шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «соқыртеке» болады. Егер де ұстай алмаса, әннің 2-шумағын айтып, қайтадан «соқыртеке» болып қалады.</p> <p><i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников). Алдымен балаларға әуенді ойнап, қандай музыкаға ұқсайтындарын сұрау.</p> <p>Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды.</p>	<p>қимылдар жасайды.</p> <p>Домбырам күмбірлеп, күй шерте аламын, Бұрала би билеп, сурет те саламын, – деп, «Біз өнерпаз баламыз» атты шағын концерт ұйымдастыру.</p> <p><i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).</p> <p>Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру.</p> <p><i>Музыка тыңдау:</i> «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев).</p> <p>Музыка тыңдап, сипаты туралы сұрау, әуенді тыңдап, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p><i>Ән айту:</i> «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева).</p> <p>Балалармен әннің көңіл күйін анықтау, сипатына көңіл бөлу. Мазмұнына тоқталып, әнді үйрену. Үйренген «Біз бақытты баламыз» әнін (Ә. Қонысбеков) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p><i>Билер:</i> «Еркебұлан»</p> <p>Балаларға бидің қимылдарын көрсету, өз беттерінше жасатып үйрету, әуенге қосылып 1-2 қимылдарын үйрену. <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев). Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада – «соқыртеке». Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке» айтады. 2-шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып қалмас үшін жан-жаққа жүгіреді. «Соқыртеке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 4-шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «соқыртеке» болады. Егер де ұстай алмаса, әннің 2-шумағын айтып, қайтадан «соқыртеке» болып қалады.</p> <p><i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Атқа мініп шабамыз»</p>
--	--	---	--

	<p>кажет, сондықтан олар-әскери мамандар деп аталады. Соғыс өрті тұтанбас үшін, біздің елімізді, жерімізді қорғайтын күшті, айбынды әскер керек. Сендер еліміздің болашақ сарбаздарысындар. Интербелсенді тақтада әскери ұшақ пайда болады. Қазақстан қарулы күштерінің бірі – айбынды «Әскери әуе күштері». Бұл жауынгерлік ұшақтар мен тікұшақтар Отанымызды әуеден қорғауға дайын. Әскери ұшақпен кім ұшады? Ұшқыштар аспанның түсі сияқты әдемі көк түсті киім болады, ұшу кезінде арнайы дулығалар киеді. Әскери әуе күштеріне «Десанттық әскерлер» де қосылады. Ойын жаттығуы: «Әскери адам қандай болу керек?». Дидактикалық ойын: «Суретке карап, құрастыр». Біз бүгін қандай «әскери» мамандықтармен таныстық?</p> <p>Теңізші, танкист, ұшқыш. Олар көліктері қандай ? Бұл кәсіптермен айналысатын адамдар қандай болуы керек? Батыл, күшті, білімді. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Ер Төстіктің пайымдауы: Әскери мамандық иелері батыл, күшті, білімді болулары керек. Ер Төстікке әскери мамандықтар жайлы әңгімеле. Артық суреттерді тап. Белгіле. Сарбаздардың сұлбасын тауып, сызық арқылы қос.</p> <p>4. Дене тәрбиесі Міндеттері: - Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. - Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. - Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу Тақырыбы: Біз оқушы боламыз Залдың ортасы арқылы бір-бірден тізбекпен жүру, жүгіру, екі-екіден жүру, жүгіру. Жүргізушіні алмастырып 3 минут жүгіру.</p>		<p>(В. Агафонников). Алдымен балаларға әуенді ойнап, қандай музыкаға ұқсайтындарын сұрау. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды.</p>
--	---	--	---

	<p>Қолдарын еркін ұстап, жеңіл жүгіру керектігіне назар аудару. Жиі адымдап, аяқ басына басу. Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Мұрын арқылы демін ішіне тартып, ауыз арқылы шығару; Демін ішіне шұғыл терең тартып, өте баяу шығару; Демін баяу ішке тартып, шұғыл шығару. Ауа сыздықтап шығатындай демін баяу шығару. Үзік-үзік дем шығару. Негізгі жаттығуларды топтарға бөлініп орындау. «Баскетбол» Еденге допты бір қолмен ұру. Доптарды себетке лақтыру. Допты кеуде мөлшерінде ұстап тұрып, бала қолдарын доға жасап төмен қарай қозғалтып, жазып барып жоғары сермейді. Қолының басы мен саусақтары допты бағыттап ашылады. Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтыққа тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыс келеді. Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Секіру фазаларына назар аудару: еденнен итерілу, ұшу, жерге түсу.</p>		

Серуенге дайындық	Киіну: реттілік, серуенге шығу. Мақсаты: шешінген кезде киімнің ішін сыртқа айналдыруды, ұқыпты бүктеуді, реттілікпен өз бетінше киінуді үйретуді жалғастыру. Сыдырманы саламыз Сенің киіміңде: Түйме мен ілгекті, Түрлі батырманы. (Сөйлеуді дамыту)	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) BilimKids дамытушы мультфильмі Киюдi үйрену https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/videos/video_file/12/uchimsya-odevatsya.mp4	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) BilimKids дамытушы мультфильмі Киюдi үйрену https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/videos/video_file/12/uchimsya-odevatsya.mp4
Серуен	Ағашта жапырақ шығуын бақылау Мақсаты: балаларды жапырақ жарған ағаш пен бұталарды табуға шақыру және алдыңғы бақылау нәтижесі бойынша бүршіктің қалай дамығанын, ағаш жапырағының қызметін айту. Еңбек қызметі: алаңды коқыстан тазалау. «Сарбаздар» қимылды ойыны Мақсаты: балалардың қозғалыс белсенділігін дамыту; балаларды бір-біріне соқтығыспай әртүрлі бағытта жүгіруге үйрету. «Ұшақтар» қимылды ойыны Мақсаты: ойын барысында балаларды сөз бен іс-әрекетті байланыстыра білуге үйрету. Бала таңдауы бойынша ойыншық және спорттық жабдықтармен ойындар Мақсаты: бос уақытын өз бетінше және тиімді өткізу, қызығушылық бойынша іс-әрекетті таңдау. (Дене тәрбиесі + қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	Қайың бүршіктерін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Көктем мезгіліндегі қайың ағашының бүршіктерін бақылау, ағаштардың өзгерістері туралы білімдерін жетілдіру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы тазарту.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Көшет отырғызуға деген ұмтылысты ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгір және секір", "Жолмен кім жылдам жүгіреді?" (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Секіру кезінде епті болуға тәрбиелеу, кеңістіктік бағдарлауды дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, заттарды нысанаға лақтыру. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Заттарды нысанаға бір қолмен лақтыру дағдыларын бекіту.	Күнді бақылау Мақсаты: ауа-райының белгілі бір белгісінің, өсімдік пен жануарлар дүниесінің тіршілігіндегі маусымдық өзгерістің, күннің жанды және жансыз табиғатқа әсері арасындағы байланысты ашуға көмектесу. Еңбек қызметі: учаскені бұтақ пен тастан тазарту Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ұжымдық жұмысқа тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Сазан шортан», «Допты қағып ал» Мақсаты: рөлдерді бөлу туралы келісімге өз бетінше үйретуді жалғастыру; допты қағып алу және беру қабілетіне жаттықтыру. Шығарылатын материалмен дербес ойындар (күрсау, доп). (Дене тәрбиесі + қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)
Серуеннен оралу	Киімді реттілікпен шешу, шкапка салу, қолды жуу. Белгілі бір реттілікпен өз бетінше киіну және шешіну, өз заттарын шкапка дұрыс орналастыру дағдысын жетілдіру. Жуыну кезінде «Тазалап жу, суды аяма. Алақандар қардай аппақ болсын» таппак айту (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)

Балалармен жеке жұмыс	Отан қорғаушылар күніне «Ал қанекей, балалар!» зияткерлік викторина Мақсаты: баланың шығармашылық және жеке тұлғасын қалыптастыру және ашу; тапқырлықты, ептілікті, зейінді дамыту; өзара көмекке тәрбиелеу. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)		«Менің көршілерім» қарым-қатынас ойыны Мақсаты: зейінін, логикалық ойлауын, өзіне қатысты оң және сол жақтарын дұрыс атай білу дағдыларын дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Не жоғалды?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: көру есте сақтау қабілетін дамыту
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Қарым-қатынас дағдылары «Тыңда, қайтала, сөздерді өзгертпе» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды дыбыс құрамы жағынан ұқсас сөз қатарын жаңғыртуға үйрету; фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін дамыту	Шығармашылық дағдылар, зерттеушілік әрекеттер «Сызу» ойын жаттығуы Мақсаты: дұрыс бояу	Қарым-қатынас дағдысы «Керісінше айт» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларға антоним сөздерді тандауға үйрету
Балалардың үйге қайтуы	Топ ата-аналарының қатысуымен «Көңілді найзағай» спорттық сайысы.	«Жеңіс үшін аталарға рахмет!» балалар суретінің көрмесі.	«Бала кезінен патриоттық тәрбие бер» ата-аналарға арналған кеңес. «Бұл мектепке қажет» ата-аналарға арналған бұрышта ақпарат

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: мектепалды сынып

Балалардың жасы: 5 жас 0 (б) Нұрғалиева Нұргүл

Жоспар қай кезеңге жасалды: 12.05–16.05

Күн тәртібі	Дүйсенбі 12.05	Сейсенбі 13.05	Сәрсенбі 14.05	Бейсенбі 15.05	Жұма 16.05
Балаларды қабылдау	<p>Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында мамыр «Бірлік пен ынтымақ» айы. ҚР Әнұранын айту. Күй күмбірін тыңдау. Жеке қауіпсіздік «ЛИФТИ (ЖЕДЕЛ САТЫ) МЕН КІРЕБЕРІСТЕГІ (ПОДЪЕЗД) МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ »https://www.youtube.com/watch?v=3B0flh5HPR0&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK6ODD&index=3</p>	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жеке әңгімелесу, қарым-қатынасқа арналған ойындар және балаларда жақсы көңіл-күй туғызу. Достық атмосферасын құру	Сыртқы келбетке назар аудару. Ойын іс-әрекетіне қосылуға бастама жасау.	Мазмұнды іс-әрекетті қамтамасыз ету. Баланың бастамасымен пайда болатын ойынды ынталандыру.	«Жылулық сыйла» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың бір-бірімен, ересектермен қарым-қатынасындағы қиындықтарды жеңу. «Қонырау» ойын-тренингі Мақсаты: есту күйін дамыту, күйзелісті жеңілдету. (Сөйлеуді дамыту)
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Өнегелі 15мин. Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа райына сай киімдер туралы әңгімелесу.	Өнегелі 15мин. Ата-аналармен жеке сұхбат. Күнделікті тәртіпті сақтаудың маңыздылығын еске түсіру	«Өнегелі 15 минут» Баланы ауа райына сай киіндіру туралы кеңес беру.	«Өнегелі 15 минут» Отбасында қолынан келетін тапсырмалар беру туралы әңгімелесу.	Өнегелі 15мин. Ата-аналардың өтініші бойынша кеңес беру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	«Сипаттама бойынша аңды тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: табиғат бұрышында ұсталатын аңдар туралы білімді бекіту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Табу» аз қимылды ойыны Мақсаты: есте сақтау қабілетін, зейінін, допты игеру қабілетін жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту + Дене тәрбиесі) «Дұрысын таңда» үстел	«Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Бұршақ патша» аз қимылды ойыны Мақсаты: зейінін, интеллектін, іс-әрекетті ым-ишарамен және мимикамен жеткізе білуді жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту + Дене тәрбиесі)	«Бұрын не, кейін не?» дидактикалық ойын Мақсаты: жеке өсімдіктердің даму реттілігі, сондай-ақ жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімді кеңейту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Епті саусақтар» қимылды ойыны Мақсаты: қимыл тапқырлығын, қимыл мәселесін бірлесіп шешу кезінде іс-әрекетті үйлестіру қабілетін дамыту. (Математика	«Фигураны жина» дидактикалық ойыны Мақсаты: қандай да бір фигураны құрайтын заттардың есебін жүргізу қабілетін дамыту. (Математика негіздері + сөйлеуді дамыту) «Орын ауыстыру» қимылды ойын. Мақсаты: балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру, қиялын ояту, көңіл-күйін көтеру; жинақылықты, зейінді, эмоциясы мен	«Жетеді ме?» дидактикалық ойын Мақсаты: әр түрлі көлемдегі заттардың теңдігі мен теңсіздігін көру қабілетін дамыту; сан өлшемге тәуелді емес деген ұғымға келтіру (Математика негіздері + сөйлеуді дамыту) «Қолтырауын» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті, байқауды, зейінді дамыту.

	ойыны Максаты: логикалық ойлауды жетілдіру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	«Жолға өзіммен не аламын» үстел-үсті ойыны Максаты: логикалық ойлауды жетілдіру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	+ Дене тәрбиесі) «Кұстарды орналастыру» үстел үсті ойыны Максаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	әрекетін басқару қабілетін, ұжымдық және үйлесімді іс-әрекет дағдыларын дамыту. (Математика + Дене тәрбиесі) «Қауымдастық» үстел үсті ойыны Максаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	(Математика + Дене тәрбиесі) «Мен жасырдым...» үстел үсті ойыны Максаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жаз белгілерін ата» дидактикалық ойыны Максаты: қазақ тіліндегі сөздерді пайдалана отырып, жаз мезгілінің белгілерін анықтап, атай білуге үйрету. «Жасыл не болады?» дидактикалық ойыны. Максаты: ойлау қабілетін дамыту. (Сөйлеуді дамыту+ Қоршаған әлеммен танысу)	«Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойыны. Максаты: жыл мезгілдері туралы білімді бекіту, жеке тәжірибеден алған әсерлерімен бөлісу; сөйлеуін, зейінін, есте сақтауын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу)	«Әдептілік сабақтары» дидактикалық ойыны Максаты: әр түрлі өмірлік жағдайларда; театр, көлік, аулада және үйде мінез-құлық ережесін үйретуді жалғастыру; балалардың сөздік қорын молайту; зейінін, есте сақтау және байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу)	«Гүлдерді ата» дидактикалық ойыны Максаты: гүл туралы білімдерін толықтыру. «Не өсіп жатыр?» дидактикалық ойыны. Максаты: қазақ тіліндегі таныс сөздерді атай отырып, табиғаттағы тәуелділікті көрсету. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу)	«Ағашты тап» дидактикалық ойыны Максаты: қазақ тіліндегі сөздерді пайдалана отырып, жапырақтан ағаштың атын анықтауға үйрету. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау Тақырыбы:Буын мен сөз «Буын сызбасын дәл тап»дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер сөзде неше буын болса сонша буын көрсетілген сыбаны көтересіндер. Мысалы: те-ле-фон, са-ғат, жас-тық, сө-ре, ка-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, кү-лак, колғап, си-ыр, қас-	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Негізгі ойды дұрыс тұжырымдау, өз пікірін айтады,әңгімелерді бірізді айтып беру Тақырыбы:Өрмекші,құмырсқа және қарлығаш Еңбек дегеніміз не? Еңбек ету адамға не үшін қажет?Еңбеккер деп қандай адамды айтамыз? Тәрбиеші жұмбақ жасырады. Тоқыған ауы Шыбынның жауы.(Өрмекші) Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (Құмырсқа)	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: сөйлем сөздерден тұратынын түсіну Тақырыбы:Дыбыс пен буынның сөздегі орны «Сөз тізбек» дидактикалық ойыны .Тәрбиеші қандай да бір сөзді айтып, допты бір балаға береді, сөз аяқталған дыбыстан бала бір сөз айтып, допты келесі балаға береді.Мысалы: <i>бақа-алма-алмаұрт- темір-рауғаш-шахмат-тап-лақ т.б.</i> «Дұрыс тап» дидактикалық ойыны. Балалар, алдарыңдағы үш дыбысты сызбаны алыңдар, сендер мен айтқан дыбыс	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соның ойдан шығару Тақырыбы:Киім дүкенінде Қолы бар, Саусағы жоқ. Мойны бар,Басы жоқ.(көйлек) Ерте тұрдым,Екі айыр жолға түстім.(шалбар) Жауаптарын бір сөзбен қалай атаймыз? (киім) «Ойымды аңғар» ойыны Тәрбиеші әр жыл мезгіліне арналған киімдердің атын айтады, балалар қай жыл мезгіліне арналған киімдер топтамасы екенін айтып,	1. Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөздерді буындарға бөлу Тақырыбы:Дыбыс пен буын Буындармен жаттығулар. «Буынды қос» дидактикалық ойыны (доппен) – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса

<p>лерді алдына қою ұсынылады. Қанша кесінді бар? Олардың мөлшері туралы не айтуға болады? Ең ұзын (қысқа, тар, кең) кесіндіні көрсет? Ең қысқа және ең ұзын кесінділерді қалай реттеуге болады? Кесінділерді ең ұзынынан ретімен қой. Кесінділерді қандай ретпен қойды? Ең ұзын кесінді қандай? (Қысқа.) Жінішке кесінді қай жерде болды? (Кең.) Кесінділерді ең жінішке сіннен ең жуанына дейін ретте. Жінішке (жуан) кесінді қандай? Ең ұзын (қысқа) кесінді қандай? Дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. Ұзындығын өлше және салыстыр.</p> <p>2-тапсырма. Бастырып сыз. «Жанды цифрлар» ойын жаттығуы. Балалар 1-ден 10-ға дейінгі цифрлары бар карточкаларды алады. Балалар бөлмеде жүреді. Тәрбиешінің дабылы бойынша: «Цифрлар! Ретімен тұрыңдар!», балалар қатарға тізіліп, олардың цифрын атайды.</p> <p>3-тапсырма. Әр үйшікте неше күшік барын сана. Екі үйшікте барлығы неше күшік бар? Цифрды қоршап сыз. «Көңілді Ұпай!» ойыны. Тәрбиеші балаларға сұрақтарға жауап беруді</p>	<p>(<i>bl. Аттыңсарин</i>) Сөздік жұмысы: <i>өрмек</i> – өрмекшінің торы <i>гибрат</i> – өнеге, үлгі Балалар, әңгіме не туралы? Балалар, сендер буынға бөле аласыңдар. Әңгімедегі <i>өрмекші, құмырсқа, қарлығаш</i> сөздерін буынға бөліңдерші. Неше буыннан тұрады? Сөз буыннан тұрады. Бір дауысты дыбыс бір буынды құрайды: а – та. <i>Ата, бала, құмырсқа, өрмекші, қарлығаш</i> дегеннің бәрі – сөз. Мақал-мәтелдермен таныстыру. Еңбек – адамның екінші анасы. Еріншек түске дейін ұйықтайды. Жалқаулық – жаман ауру. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Өрмекшінің торына сары, қарлығаштың ұясына қызыл, құмырсқаның илеуіне жасыл түстермен жол сал.</p> <p>2. Математика негіздері Міндеттері: Заттар табынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу Тақырыбы: Өлшеймін және салыстырамын Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Заттың ұзындығын текшелермен өлше. Сонша текшені боя. Ең қысқа затты белгіле. 2-тапсырма. Үстелдің ұзындығын алақанмен өлше. Бөлменің ұзындығын қадаммен өлше. Практикалық жұмыс. Үстелдің</p>	<p>кимылын, дауысын, жүрісін салуды ұсынады. Осы кейіпкерлер туралы «Маша мен аю» ертегісін тыңдайық. Сөздік жұмысы: <i>ымырт</i> – кешкі уақыт мезгілі <i>бәліш</i> – бүкпелеп орап майға пісірілетін тағам Ертегінің мазмұны бойынша <i>сұрақ-жауап</i>: Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? Атасы мен апасы Машаға не деді? Маша құрбыларымен бірге қайда барды? Орманда не жинады? Маша аласып қайда кірді? Оған аю не деді? Маша апасы мен атасына пісірген бәлішті қалай жеткізді? <i>Дидактикалық ойын</i>: «Суреттерді есте сақтау» (есте сақтау қабілетін дамыту) Шарты: тактаға өткен ертегілерден суреттер ілінеді. Суреттерді атайды. Қорбандаған аюдың Құлпынайы көп екен, Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Суретте қай ертегі бейнеленген? Әңгімеле. Суретті аяқтап сал. Боя. Жұмбақты шеш. Тәтті көрсө бас салар, Айнымайды баладан. Үп-үлкен боп жасқанар Кіп-кішкентай арадан. (<i>Аю</i>) Ертегіні сахналау. Бала сикырлы қоржыннан қай кейіпкердің суретін алса, сол</p>	<p>Желмен бірге жайқалған. Дидактикалық ойын: «Қонакқа баратын қуыршақты киіндір» Қонакқа баратын қуыршаққа ең ұзын бантик керек. Ұзын бантикті табу үшін балалар жолақтарды үстіне қою арқылы көмектеседі. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Киімдерді ата. Ұл баланың киімін көк түспен, қыздың киімін қызыл түспен белгіле. 2. Математика негіздері Міндеттері: Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты қалыптастыру Тақырыбы: Не білеміз? Не істей аламыз? «Бір сөз айтыңыз!» ойыны. Балалар шеңберге тұрады, тәрбиешінің қолында доп бар, ол балаға доп лақтырады, сөйлемді аяқтауды ұсынады, бала сөз таңдап, допты қайтарады. Күн күндіз жарқырайды, ал ай Алдымен таң болды, содан кейін... Егер кеше жұма болса, бүгін... Егер дүйсенбіден кейін сейсенбі болса, бейсенбіден кейін... Ағашта алдымен бүршіктер пайда болды, содан кейін... Бұл кеш, ал бір күн бұрын болды... Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суреттерге кара. Алдымен не болды, содан</p>	<p>Желмен бірге жайқалған. Дидактикалық ойын: «Қонакқа баратын қуыршақты киіндір» Қонакқа баратын қуыршаққа ең ұзын бантик керек. Ұзын бантикті табу үшін балалар жолақтарды үстіне қою арқылы көмектеседі. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Киімдерді ата. Ұл баланың киімін көк түспен, қыздың киімін қызыл түспен белгіле. 2. Математика негіздері Міндеттері: Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты қалыптастыру Тақырыбы: Не білеміз? Не істей аламыз? «Бір сөз айтыңыз!» ойыны. Балалар шеңберге тұрады, тәрбиешінің қолында доп бар, ол балаға доп лақтырады, сөйлемді аяқтауды ұсынады, бала сөз таңдап, допты қайтарады. Күн күндіз жарқырайды, ал ай Алдымен таң болды, содан кейін... Егер кеше жұма болса, бүгін... Егер дүйсенбіден кейін сейсенбі болса, бейсенбіден кейін... Ағашта алдымен бүршіктер пайда болды, содан кейін... Бұл кеш, ал бір күн бұрын болды... Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суреттерге кара. Алдымен не болды, содан</p>	<p>қарындашпен боя. Заттарды ата. Буынға бөл. Әр сөздегі табуының орнын анықта. Қай сөзде бірінші, қай сөзде екінші тұр? Түзу тұрып иілеміз оңға жаққа, Дәл осылай иілеміз солға жаққа. Жаттығуды қайтала, Екі жаққа жайғана. Иілеміз, оңға-солға тоқтамай! Жұмыс дәптерімен жұмыс (<i>графикалық жұмыс</i>) Суретті штрихта. Үзік сызықтарды бастыр. Бастыр. 2. Көркем әдебиет Міндеттері: әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну Тақырыбы: Алтын бала Өзім жақсы баламын, Анамның тілін аламын. Мейлі қайда жұмсадың, Бәріңде барамын. Жақсы іс-әрекет жасаған немесе көмек көрсеткен баланы қандай бала деп айтамыз? Жақсы бала болу үшін адам бойында қандай қасиет болу керек? Бүгін біз тілалғыш, үлкенге көмектескіш бала туралы Серікбай Тұрдалиевтің «Алтын бала» әңгімесімен танысамыз. Сөздік жұмысы:</p>
---	---	---	---	---	--

<p>қыр, жыл-қы, май-мыл, ко-ян, та-уық, үс-тел т.б. «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы Айсұлу бізге -қа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: қалам, қатық, қайық, қасық, қалақ, қабақ, қамыс т.б. -көр буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: көрші, көрпе, көрімік, көрік т.б. -на буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: нағашы, нағыз, Назым, Нағима т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс Суреттегі заттарды ата. Екі сөзді қосып айт. Қай суреттің аты шықты? Сәйкестендір. Суреттерді ата. Буынға бөл. Әр сөздегі кі буынының орнын анықта. Қай сөзде бірінші, қай сөзде екінші тұр? 2.Математика негіздері Міндеттері: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енің, биіктігін өлшеу, осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Тақырыбы: Өлшеймін және салыстырамын Ұзындығы мен ені әртүрлі кесінділермен практикалық жұмыс. Балаларға кесінді</p>	<p>Тым ерте ұшып келеді. Үйіне сенің кіреді, Қасиетті құс деп айтады. Балшықтан ұя жасайды. (Қарлығаш) Балалар, бүгін Ыбырай Алтынсариннің «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесімен танысамыз. Ы. Алтынсарин – ағартушы, акын, жазушы. Ең алғаш қазақ балаларына арналған мектеп ашқан, ұстаздық еткен, оқулық жазған. Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш. Әкесі мен баласы далада келе жатып, әкесі баласынан сұрайды: Анау өрмекшіні көрдің бе? Бала:Көрдім, өрмек тоқын жүр. Әкесі:Анау құмырсқаны көрдің бе? Бала:Көрдім, аузында нанның ұнтағы бар. кетіп барады. Әкесі:Жоғары кара, аспанда не көрінеді? Бала:Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді. Сонда әкесі былай дейді:Олай болса, шырағым, бұл кішкентай жәндіктер – саған ғибрат. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстап, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек.</p>	<p>сөздің қай жерінде тұрғанын, яғни басында, ортасында, соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар. Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер. П дыбысының орнын анықтаймыз. Мысалы: (п) піл, апа, қап. Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін. «Дыбыстың сөздегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы Тәрбиеші сөз сызбасын тақтаға іледі. Жұмыс дәптерімен жұмыс Суреттерді ата. Сызбадан [и] дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті қызыл қарындашпен боя. Суреттерді ата. Буынға бөл. Әр сөздегі тыр буынының орнын анықта. Қай сөзде бірінші, қай сөзде екінші тұр? 2.Көркем әдебиет Міндеттері: балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Тақырыбы:Маша мен аю Балалар, қарандаршы, бүгін біздің сикырлы қоржынымыз үлкейіп кетіпті. Оның ішінде не бар екен? Қоржыннан ертегі кейіпкерлерінің ойыншықтарын алып, көрсетеді. Олардың</p>	<p>кімаларды тақтаға жапсырып көрсетеді. Кімге қандай киім ұнайтынын айтады. Киімнің түсі, ұзын-қысқалығы қандай болғанын атайды. Қонаққа барғанда киетін киімді өздерің таңдайсыңдар ма? Ойын жағдаяты. Топқа екі қуыршақ келеді. Балалардан киім дүкеніне барып, киім таңдауға көмектесулерін өтінеді. Суретпен жұмыс Суреттерге қарап, өздеріне ұнайтын киімдерді таңдап алуға ұл мен қызқуыршақтарға көмектесу керек. Балалар өздеріне ұнаған топтама бойынша екі топқа бөлінеді. Суреттегі ұл мен қызды киіндіреді. Киімді атайды, сипаттайды. Балалар қуыршақтарға Кәусар мен Ұлан деп ат қойып, киімдерді қайда киетіні туралы әңгіме құрап айтып береді. Сен Кәусарға не кигізесің? (Көйлек кигізем, себебі қуыршағымыз қыз бала) Ұланға не кигізесің? (Шалбар кигізем, себебі ұл бала) Сөздік жұмысы: киім, көйлек. Кәусарға арнап жаңылтпаш айтайық. Ақ көйлек, көк көйлек, көп көйлек. Тіл ұстарту жаттығуы Аң-аң-аң, Үстің болады шаң. Атып қапты таң. Жайқалып тұр айналан. Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы,</p>	<p>ойыннан шығып отырады. Мысалы: (ас+паз, -кі+тап. ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады. «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші балаларды екі топқа бөледі. Тәрбиеші бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Мысалы: (ме-)ме-(йіз), Ме-(рей), ме-(реке), (бұр-)бұр-(шак), бұр-(қак), (би-)би-(ші), би-(лет), би-(ле), Би-(жа-мал), Би-(ғайша). «Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы –Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: ба...нан, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма. Жұмыс дәптерімен жұмыс Суреттерді ата. Сызбадан [ы] дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті қызыл</p>
--	--	---	---	---

	<p>белсенді тактадан «Еткоректілер мен шөпкоректілер» бейнебаянын көру. (https://youtu.be/kwNV275eIE) Жүргізуші: Бейнежазбадағы жануарлар орман, тау, жазық даладан шығып, біздің хабарға келіпті. Олар бәрі араласып, өздерінің қай жерді мекен дейтінін ұмытып қалыпты. Біз оларды 3 топқа бөліп орналастыруымыз керек. Яғни суреттерді 3 топқа бөледі.</p> <p>1-топ жазық далаға қандай жануарларды орналас тырғандарыңды айтыңдар. Жазық далаға арыстан, керік, алашат, піл, қарақұйрық, акбөкен т.б. жануарларды орналастырдык.</p> <p>2-топ тауға қандай жануар ларды орналастырдыңдар? Тауға арқар, барыс, таутеке, суыр, марал-т.б. жануарлар ды орналастырдык.</p> <p>– 3-топқа, яғни орманға- маймыл, қасқыр, түлкі, коян, тиін, аю т.б. жануар ларды орналастырдык. Ал үйін өзімен бірге алып жүретін қандай жануар ларды білесіңдер? Ұлу, тасбақа үйлерін өздерімен бірге алып жүреді. Ал сендер ненің қайда өмір сүретінін білесіңдер ме? Аю апанда, түлкі інінде т.б.</p>	<p>дегі, түстердегі және пішіндегі фигуралар жиынтығы таратылады. Тәрбиеші тактадағы фигураны атауды сұрайды. Содан кейін балаларға қазіргі фигураларды өзгертуге көмектесетінін айтады.</p> <p>– Менің қолымда сиқырлы таяқша бар, мен фигураны ұстаймын, ол түсін өзгертеді! Біз қандай түсті көреміз? 5-тапсырма. Фигуралардың пішінін және түсін өзгерт.</p> <p>3. Қазақ тілі</p> <p>Міндеттері: шешендік өнерге, айтыс өнеріне қызығушылық танытады; сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдану</p> <p>Тақырыбы: Әжем оюлары</p> <p>Әжем сырмақ сырады</p> <p>Әдетімен күндегі.</p> <p>Сырмақтағы оюы Кең даланың гүлдері.</p> <p>– Такпак не туралы?</p> <p>– Әже не сырады?</p> <p>– Оюлар неге ұқсайды?</p> <p>– Кең даланың гүлдеріне ұқсайды.</p> <p>Тактадағы тақырыпқа байланысты «Әжелер сырмақ жасап отыр» суреті ілінеді.</p> <p>Сурет бойынша жұмыс Жана сөздермен таныстыру.</p> <p>– Әжелер сырмақ жасап отыр. Әжелер не істеп отыр?</p> <p>– Әжелер сырмақ жасап отыр.</p> <p>– Сырмақты оюмен өрнектеп отыр. Сырмақты немен өрнектеп отыр?</p>	<p>тұрады, түсі мен пішіні Күнге ұқсайды.) Балалар, тобымызды осындай әдемі күнбағыстармен безендіріп қойсақ әдемі болар еді. Сендер қалай ойлайсыңдар? Үлестірмелі материал «Күнбағыстың» суреті Жапсыру тәсілдерін түсіндіру.</p> <p>Алдымен күнбағыстың сабағын қиып аламыз. Жасыл жолақты үшке бүктеп жапырақты қиып аламыз. – Балалар, қанша жапырақ болды? Сары шаршыны бүктеп, күлтені сызба бойынша қию керек.</p> <p>Гүлшоғырын: шаршының шеттерін қию арқылы дөңгелек пішінді және дайын пішінді қиып аламыз. Қиып алғанда рымызды рет-ретімен жапсырамыз.</p> <p>Тәрбиеші : жаңбыр жауды: найзағай шатырлады; жел соқты; қар жауды; құмырсқалар қашты. – деп құбылыстарды айтады.</p> <p>Балалар шығармашылығы.</p> <p>Н. Жанаевтың «Күнбағыс» өлеңін оқу.</p> <p>Күнбағыс</p> <p>Танертең де күнге қарап тұрасың, Түсте тағы күнге қарап тұрасың.</p> <p>Кеш болса да күнге бетті бұрасың, Сонда өзін айтшы, кім боп шығасың?</p> <p>Таптым, таптым,</p> <p>Күңді баққан, Үкі таққан,</p> <p>Күнбағыс боп шығасың.</p> <p>Ата-аналарға көрме</p>	<p>ажыратып, сөйлегенде қолдану</p> <p>Тақырыбы: Қазақстан ортақ үйіміз</p> <p>– Біздің Отанымыз қалай аталады?</p> <p>– Қай қалада (ауылда) тұрасың? Тәрбиеші Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған әңгімені жүргізеді.</p> <p>Жаңа сөздермен таныстыру.</p> <p>– Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан қандай республика?</p> <p>– Қазақстан – көпұлтты республика.</p> <p>– Қазақстан халқы тату тұрады.</p> <p>– Қазақстан халқы қалай тұрады? Қазақстан халқы тату тұрады.</p> <p>Қазақстан – ортақ үйіміз.</p> <p>– Ортақ үйіміз – ...</p> <p>– Дима, сенің досың кім? Сен досыңмен қалай ойнайсың? Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.</p> <p>Тәрбиеші шағын мәтін құрап айтады: <i>Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан - көпұлтты республика. Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан біздің ортақ үйіміз</i> Дидактикалық ойын «Жалғастыру». Біздің Отанымыз – Қазақстан. Біздің Отанымыз – ...</p> <p>Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан халқы</p>	<p>маңызды Әңгіме оқып беру. В. Сухомлинский. «Менің шешемнен нан иісі шығады».</p> <p><i>Бірде балабақшаға бес жасар екі баланы аналары алып келеді. Балалар бір-бірімен танысып, сөйлесе кетті. Сенің анаң қайда жұмыс істейді? Ал сен қалай байқамадың? Одан дәрі иісі шығады ғой. Менің анам – дәрігер. Ауырған адамдарды емдейді. Дәрігерсіз адамдар өмір сүре алмайды ғой. Ал сенің анаң қандай жұмыс істейді? Сен де байқамадың ба? Одан нан иісі шығып тұр ғой. Менің анам наубайшы. Нансыз ешкім де өмір сүре алмайды.</i></p> <p>Бұл әңгімеден қандай қорытынды шығаруға болады? Барлық мамандық қажет әрі маңызды.</p> <p>Ауырған адамның қасында Тәп-тәтті тамағы Емделудің жөнін айтар. Астың маманы. (Аспаз) Жазылған адамдар расында Қолдағы жұмыс жарағы: Риза болып, рақмет айтар. (Дәрігер) Қайшы мен тарағы. (Шаштараз) Ертеден-ерте тұрады</p>
--	---	--	--	---	--

<p>ұсынады: Жеті мысықтың қанша құйрығы бар? Екі иттің неше мұрны бар? Бір баланың неше саусағы бар? Екі баланың қанша құлағы бар?</p> <p>4-тапсырма. Фигура әртүрлі түстегі қанша шаршыдан құрастырылған? Сана.</p> <p>Цифрды қоршап сыз.</p> <p>3. Қоршаған әлеммен танысу</p> <p>Міндеттері: Адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, табиғатты сақтауды жауапкершілікті сезіне білу</p> <p>Тақырыбы: Біз табиғаттың досымыз</p> <p>Ойын: «Біз айтпаймыз, біз көрсетеміз» Балалар, біз бүгін телевидения студия Сына жиналып, жарыс ұйымдастырамыз. Ойынға Желаяқ досымыз қатысады.</p> <p>Жүргізуші:</p> <p>Сәлеметсіңдерме, балалар! Мен сендерді біздің студияда «Жануарлар мен балалар» хабарында көргеніме қуаныштымын. Бүгін сендермен ойын ұйымдастырамыз. Ол «Біз табиғаттың достарымыз» деп аталады. Жануарлар шөпкоректілер және еткоректілер деп екіге бөлінеді. Олар неге мұндай топқа бөлінеді? Интер</p>	<p>ұзындығын алақанмен өлшеу. Белменің ұзындығын кадаммен өлшеу.</p> <p>Дидактикалық ойын «Ағаш отырғыз!» Ойынға өлшем ретінде ватман парағы алынады, әртүрлі биіктіктегі ағаштардың суреттері және санау таяқшалары қажет болады. Тәрбиеші балаларға үйдің суретін көрсетеді және оның жанына белгілі бір мөлшердегі ағашты «отырғызады». Содан кейін бірдей биіктіктегі ағаштарды табуды сұрайды. Алдын ала түсіндіреді: «Ағаштың биіктігін қалай білуге болады?» (Өлшеу арқылы.) Биіктікті қалай өлшеуге болады? (Таяқпен.) Үйдегі ағаштың биіктігі неге тең? (Екі санау таяқшасына.) Тәрбиеші өлшеу ережелерін нақтылайды. Балалар белгіленген биіктіктегі ағаштарды таяқшамен өлшеп, үйдің айналасына ватманға жабыстырады.</p> <p>3-тапсырма. Бастырып сыз.</p> <p>4-тапсырма. Балықтарды ең кішісінен ең үлкеніне қарай сызып қос. Кішкентай балықты қызғылт сары түспен боя. «Фигураларды өзгерту!» дидактикалық ойыны.</p> <p>Тәрбиеші тақтаға көк шаршы сияқты геометриялық фигураны бекітеді. Балалардың үстелдерінде әртүрлі өлшем</p>	<p>кейіпкердің қимылын көрсетіп, сөзін айтады. «Маша мен аю» мультфильмін көрдіңбе? Ондағы Маша мен аю қандай?</p> <p>3. Шығармашылық іс-әрекет</p> <p>Міндеттері:</p> <p>Құрастыру: ұжыммен бірге жұмыс істеуді үйрету</p> <p>Сурет салу: Суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, қазақ оюларының элементтерін қолдану</p> <p>Мүсіндеу: Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жінішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.</p> <p>Жапсыру: Геометриялық элементтерден құрастырып, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіру.</p> <p>Тақырыбы: Күнбағыс</p> <p>Күннен көзін алмайды, Өзгемен ісі болмайды.</p> <p>(Күнбағыс)</p> <p>Әңгімелесу. Күнбағысты өсіру және одан алынатын өнім туралы (күнбағыс майы, халуа) – Күнбағыс майын адамдар не үшін қолданады? (Балық, ет, салат дайындау үшін.) Халуа қандай? (Тәтті, дәмді.) Қалай ойлайсындар, бұл өсімдікті адамдар неге бұлай атаған? (Күнді жақсы көреді, «басын») Күн жаққа бұрып</p>	<p>кейін не болады? Цифрларды реті бойынша қоршап сыз. Сағатта көрсетілген уақытты ата. Балалар суретке қарайды, алдымен не болғанын, содан кейін неге айналғанын анықтайды. Сағаттардағы уақытты қарайды. Үлестірмелі материалдармен жұмыс.</p> <p>Балалар карточкалар жиынтығын алады және болып жатқан оқиғалардың суреттерін ретімен орналастырады «Күн мен Түн» қимылды ойыны. Тәрбиеші жылдам музыканы қосады, «Күн» дабылды командасы бойынша балалар белсенді билейді, «түн» дабылды командасы бойынша музыка өшіріледі, балалар бір орында қатып қалады.</p> <p>2-тапсырма. Қанша қылауыш болды? Сана. Цифрды қоршап сыз. Неше қылауыш қалды? Цифрды қоршап сыз.</p> <p>3-тапсырма. Бастырып сыз.</p> <p>4-тапсырма. Дөңгелектерді екі қорпақа әртүрлі етіп бөліп, суретін сал.</p> <p>5-тапсырма.</p> <p>Суреттерді: шаршы үстінде, ал шеңбер астында болатындай етіп боя. Шеңбер үстінде, ал шаршы астында болатындай етіп боя.</p> <p>3. Қазақ тілі</p> <p>Міндеттері: интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті)</p>	<p>қарт кісі – үлкен кісі, ата аттын бала – тілалғыш, қолы шебер бала</p> <p><i>Сұрақ-жауап:</i></p> <p>Әңгіме қалай аталады? Авторы кім? Анасы Зәукенді қайда жұмсады? Зәукен ағайдың қандай затын жөндеп берді? Анасы қайда келді? Әжей Зәукен туралы не айтты? Анасы баласы туралы көршілерінен қандай жақсы сөз естіді? Сендер ата-аналарына қалай көмектесесіңдер? Үлкен кісі жұмсаса, Қайда болса барамын. Төсекті өзім жинаймын, Үлкендерді сыйлаймын. Әңгіме қалай басталды? Үлестірмелі материалмен жұмыс. Сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баянда. Суреттерді ата. Өзіне ұнаған түспен боя. Есінде сақта. Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын.</p> <p>3. Қоршаған әлеммен танысу</p> <p>Міндеттері: Әртүрлі мамандықтар, олардың негегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын түсіну және бағалау</p> <p>Тақырыбы: Барлық мамандық қажет әрі</p>
--	--	---	---	--

	<p>жұмыс. Желаяқтың пайымдауы: Біздің міндетіміз – қоршаған ортаға зиян келтірмеу, табиғаттың достары болатындай өмір сүру. Шөпкөректі жануарлардың жанындағы дөңгелекті жасыл қарындашпен, еткөректі жануарлардың жанындағы дөңгелекті көк қарындашпен боя.</p> <p>Қыстап қалатын құстар мен жануарларға қалай көмектесуге болады? Оларға арналған азық түрлерінің суреттерін сызықпен қос.</p> <p>4. Дене тәрбиесі Міндеттері: Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу</p> <p>Тақырыбы: Спорттық ойындар Спорттық жаттығулар. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>№1 жаттығулар кешені «Бастарынио» Б.к. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.к.; 3 – басын артқа шалқайту; 4 – б.к. – 8 рет. «Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру» Б.к. – негізгі тұрыс, таспаны төмен ұстау. 1 – оң аяқ</p>	<p>Қ-к-к-к – кошқар кошқармүйіз Ұ-ұ-ұ-ұ – тұмарша – тұмарша Сөздік ойын «Ұйқасын тап» Медведь – ... (аю), Орнамент – ... (ою). Глаза – ... (көз), Слова – ... (сөз). Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суреттерге қара. Заттарды ата. Қандай оюлармен өрнектелген? Балалар ұлттық киімдерді атап, түсін, қандай оюмен безендірілгенін айтады. Мысалы: Қызыл қамзол. Қамзолда кошқармүйіз оюы бар. Оюдың түсі сары. Сырмақтың өрнектерін ата, боя. Ойын «Кім жылдам?» Максаты: ою атауларын, түстерді бекіту. Тәрбиеші әртүрлі түстегі оюларды көрсетеді, балалар түсін, ою атауын айтады. Бірінші айтқан бала оюды алады.</p> <p>4. Музыка Міндеттері: шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру Тақырыбы: Музыка әлеміне саяхат «Бакытты балалық шақ» («Мен бакытты баламын» CD) балалар музыка залына кіріп, осы музыка әуенімен кимылдарын жасайды. Негізгі кезең. <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Полька» (М. Красев). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілессе</p>	<p>және бір-біріне қарама-қарсы екі сызық бойымен отырады. Топтар арасында 2 метрдей арақашықтық болуы керек. Жүргізуші бір топтың шеткі ойыншы қолына допты лақтырып, кез келген сөздің басын айтады, мысалы: «Тере», сол кезде доп лақтырылған ойыншы «Зе» деп сөзді аяқтап, қарсы отырған ойыншыға допты береді. Жүргізуші кез келген кідірісті байқап, ол үшін ойыншыға айып ұпай тағайындайды. Жүргізушінің міндеті ережелердің орындалуын қадағалап, бақылауы тиіс: доптың дәл берілуін, сыбырлап айтылмауын, уақытты үнемдеу. Ойынды қиындату үшін оған шектеу қоюға болады – қаланың атаулары, өсімдіктер, жануарлар. Айып ұпайларының саны азырақ топ жеңімпаз болады.</p>	<p>әуеніне ілесе жеңіл кимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру. Балаларға интерактивті тактадан Алматы қаласындағы Абай атындағы Опера және балет театрының ғимаратын көрсетіп, ондағы әртістердің суреттерімен таныстыру, балаларға бұл өнердің ең биік шыңы екенін айтып түсіндіру. <i>Музыка тыңдау:</i> «Қыз Жібек» операсынан үзінді (ұнтаспа, Е. Брусиловский). Балаларға опера туралы мағлұмат беру. <i>Ән айту:</i> «Біз бакытты баламыз» (К. Қуатбаев). Әнді көңілді, сөздерін таза, анық айтуға көңіл бөлу. <i>Билер:</i> «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан). Биді әрі қарай жалғастырып, бірдей кимыл жасауға ұмтылдыру. <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Үйшік» (В. Витлин). Ойынды еске түсіріп, үйшікте тұратындар біртіндеп өз музыкалары естілгенде шығып, өздеріне тән кимылдарын жасайды. <i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Латыш полькасы» (М. Раухвергер). Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда</p>	<p>Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың мамандық таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашаққа қандай мамандықтар керек «Лото – мамандықтар» дидактикалық ойыны. «Қатені дұрыста» дидактикалық ойыны. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Таусоғардың пайымдауы: Әр мамандық иесі елге қызмет етеді, сондықтан барлық мамандық пайдалы. Таусоғарға суреттегі мамандықтарды айт. Кімге не керек? Сызықпен қос. Суреттерге қара. Кәсіп иелерін ата. Кім не істейді? 4. Дене тәрбиесі Міндеттері: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс кимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Тақырыбы: Еркін ойындар «Соқыртеке» ойыны Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелеке туралы да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыртеке – сол. Қалған ойыншылар соқыртекені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді.</p>
--	--	--	---	---	---

<p>Ал кімнің үйінде қандай үй жануарлары бар? Оларды сендер қалай күтесіңдер? Ал орманда ең жақсы ән салатын не екенін білесің дерме? Бұлбұл. «Орман дәрігері» деп қай құсты айтамыз? Тоқылдақ. «Бейбітшілік құсы» деп қай құсты айтамыз? Көгершін. Ал таңертең ұйқыдан оятатын құсты ше? Әтеш. Пингвин – ұша алмайтын теңіз құсы. Пингвин суық аймақта тіршілік етеді. Жүргізуші: Мен бүгін келе жатып, жолда сауысқанды көрдім. Тұмсығына бір нәрсе қыстырып алыпты. Мен одан не екенін сұрадым. Кәне, бәріміз бірге не екенін көрейік. Балалар сауысқан берген екі хат қалтаны ашып көреді. Оның ішінде бөліктерге бөлінген суреттер бар. Екі топ өздеріне берілген сурет бөліктерін құрастырады. Ойын: «Қандай дыбыстан басталады?» Жүргізуші жануарлар мен құстардың аттарын атайды, балалар ол сөздің қандай дыбыстан басталатынын айтады. Балалар аю, түлкі, қоян, піл, бүркіт, әтеш, сауысқан т.б. сөздердің қандай дыбыстан басталатынын айтады. Үлестірілген материалдармен</p>	<p>– Сырмақты оюмен өрнектеп отыр. Үлгілер бойынша оюмен таныстыру. Ою – оюлар. – Мына ою «гүл» деп аталады. Мына ою қалай аталады? – Мынау ою «гүл» деп аталады. – Түсі қандай болады? – Мынау ою «қошқармүйіз» деп аталады. Мынау қандай ою? – Мынау – «қошқармүйіз» ою. (Жеке-жеке айтып жаттығады). – Мынау – тұмарша, тұ-мар-ша – Мынау қандай ою? – Мынау – тұмарша. – Мынау – балта, бал-та. – Мынау қандай ою? Мынау – балта. Ою ерекшеліктерін, оны қолдану жолдары, олардың түстері туралы әңгімелеу. Ұлттық бұйымдардың өз оюлары, түстері болатынын түсіндіру. Оюларды көрсету, ою аттарын қайталау. Тәрбиеші шағын мәтін құрап айтады: <i>Әжелер сырмақ жасап отыр. Сырмақты оюмен өрнектеп отыр. Мынау – гүл ою. Мынау ою «қошқармүйіз» деп аталады. Мынау – тұмарша. Мынау – балта. Сырмақ әдемі, жылы. Сырмақ жұннен жасалады. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</i> Ү-ү-ү-ү – гүл – гүл</p>	<p>ұйымдастыру. 4. Дене тәрбиесі Міндеттері: Қимылды ойындар. Тақырыбы: Қимылды ойындар. «Қарлығаш» ойыны Залда ойыншылар саны бойынша шеңберлер қойылады, олар – қарлығаштардың ұялары. Қарлығаштар болып ойнайтын ойыншылар залды шарлап жүгіріп, қанаттарын қағып жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» пәрмені бойынша олар тез орын алуға тырысуы керек. «Қасқырға қақпан» ойыны Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Үлкен тобы – «қақпан», кіші тобы – «қасқырлар». «Қақпан» болып тұрғандар бір-бірінің қолдарынан ұстап, тізбек құрып тұрады. Ал «қасқыр» тобындағылар арғы беттегі «қораға» еңбектеп, өтіп кетуге тырысады. Қасқырлар осылай өтіп жатқан кезде бастаушының «Кәне, кәне, халайық, Қасқыр қақпан құрайық. Кәне қақпан берік бол. Қасқыр, қасқыр, келіп көр» деген белгісімен көтерілген қолдар төмен түсіріледі. Ойыншылар жүрелерінен отыра қалады. Сөйтіп «қақпан» жабылады. Іште қалғандар «қақпан» тобына қосылады да, «қасқырлар» азая береді. «Тапқыш» ойыны Ойыншылар екі топқа бөлінеді</p>	<p>тату тұрады. Қазақстан халқы тұрады. Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Қазақстан – біздің үйіміз. Мақалмен таныстыру. Бірлік бар жерде – бақыт бар. «Сикырлы қаламмен» жұмыс. «Достығымыз жарасқан» Жұмыс дәптерімен жұмыс. Сурет бойынша әңгімеле. Біздің Отанымыз қалай аталады? Жаттап ал. Достық әні Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан. <i>Е. Елубаев</i> Таклақ оқу, түсіндіру, жаттау. 4. Музыка Міндеттері: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауға үйрету. Тақырыбы: Музыка әлеміне саяхат. Музыка тыңдау. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктері мен, күй жанрымен, күйші-ком позиторлар шығармаларымен таныстыру. «Бақытты балалық шақ» («Мен бақытты баламын») CD) балалар музыка залына кіріп, осы музыка әуенімен қимылдарын жасайды. <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Полька» (М. Красев). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка</p>	<p>Олай-былай айналдырар, Жолға – қарап отырар. (Жүргізуші) Суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалар жауаптардың ортақ атауы – мамандық екенін табуы керек. Мамандық – бұл әр адамның өзіне арналған кәсіп, немесе жұмыс, адам істейтін жұмыстың негізгі түрі. Қалай ойлайсындар, кім қайда жұмыс істейді? Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада, адамдарды емдейді. Мұғалім мектепте балаларға білім береді. Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді? Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады. Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесің дер ме? Ол – актер. Енді барлықтарын актер боласындар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді.</p>
---	---	--	--	--

	<p>сында қасқыр орналасады. Ойнаушылар үйлерінде тұрып: «Бөрте, бөрте, бөрте лак. Бөрте лак тым ерке лак. Кетесің кейдесекеңдеп, Байламаса көкем кеп» – деген сөздерден кейін дүрсілдей жүгіріп «қасқырлар» жаққа беттейді. Оларды алаңның ортасында тұрған 2-3 қасқыр қуып береді. Қолға түскендер ойыннан шығып қалып келесі кіреді. Қасқырлар ұсталмаған балалардан сайланады. Осылайша ойын жалғасады.</p>	<p>сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. <i>Билер:</i> «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан). Биді әрі қарай жалғастырып, бірдей кимыл жасауға ұмтылдыру. <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Үйшік» (В. Витлин). Ойынды еске түсіріп, үйшікте тұратындар біртіндеп өз музыкалары естілгенде шығып, өздеріне тән кимылдарын жасайды. <i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Латыш полькасы» (М. Раухвергер). Тәрбиеші шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес кол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды.</p>			<p>байлаулы бір ойыншы шенбердің ортасында тұрады да, қолындағы таяғын шенбер бойында тұрған ойыншылардың кез келгеніне ұсынып: «Дауыста, атыңды айтам», дейді. Таяқтың екінші ұшынан ұстаған ойыншы атын біліп қоймас үшін әдейі даусын бұзып шығарады. (Ойыншылар белгілі бір бағытпен үнемі қозғалыста болады.) Көзі байланған ойыншыбірінші таяқ ұсынған ойыншының атын дұрыс тапса, сол ойыншымен орын ауыстырады. Таба алмаса, таяғын екінші ойыншыға ұсынады, оны таба алмаса, келесіге ұсынады, осылайша үш ойыншының атын анықтай алмаса, ойыннан шығып қалады.</p>
Серуенге дайындық	<p>Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкапка дұрыс қою және мұқият бүктеу; түрлі сыдырмаларды қолдану қабілетін бекіту. Сыдырманы саламыз Сенің киіміңде: Түйме мен ілгекті, Түрлі батырманы. (Сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру</p>	Жеке әңгімелер (жағдай бойынша)		Таза ауадағы жүріс-тұрыс ережелерін қайталау
Серуен	<p>Сирень бұталарын бақылау Мақсаты: сирень бұтағы</p>	<p>Бақбақты қарау Мақсаты: бақбақ құрылысы</p>	<p>Құстардың келуін бақылау Мақсаты: қоныс аударатын</p>	<p>Жүргіншілерді бақылау Мақсаты: себепті-байланысты</p>	<p>Жолды бақылау Мақсаты: көлік, ЖҚЕ</p>

	<p>басына көтеріліп, таспаны жоғары көтеру; 2 – б.к.к.; 3 – сол аяқпен сол кимылдарды орындау (8рет). «Күн» Б.к. - түзу тұру, колдарында таспа, төменде. 1 – 4 – колдарын параллель ұстап, оң жаққа қарай айналдыру; 5 – 8 сол жаққа. 4рет. «Бұлақ» Б.к. – түзутұру, колдарында таспа, төменде; 1 – колдарын алдыға қарай түзеп, созу; 2 – 8колдарын алдыда ұстап, жоғары-төмен қозғалту, 9-10 – б.к. 4рет. «Еңкею» Б.к. – аяқтарының арасын ашып тұру, таспа ұстаған колдары төменде. 1-2 – алдыға еңкею, таспаларды жоғары көтеру, артқа шалқаю; 3-4 – б.к. (5-6рет). «Бесік» Б.к. – жерде жатып, таспаларды алдыға созу, 1 – шалқайып, аяқ-колдарын көтеру, 2 – б.к. 8 рет. «Секіру». Б.к. – алдыға-артқа секіру 8 рет. «Қасқыр мен лақтар» Алдымен «қасқыр» болып ойнайтын ойыншы таңдалады. Қалған ойыншылар «лақтар» болып ойнайды. Лақтар залдың бір шетінде орналасады, ал залдың орта</p>	<p>жеңіл кимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену. кол ұстасып жеңіл секіру. Балаларға интерактивті тактадан Алматы қаласындағы Абай атындағы Опера және балет театрының ғимаратын көрсетіп, ондағы әртістердің суреттерімен таныстыру, балаларға бұл өнердің ең биік шыңы екенін айтып түсіндіру. <i>Музыка тыңдау:</i> «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский). Балаларға опера туралы мағлұмат беру.Сендер фильм көргенде сөздерін тыңдап түсінесіңдер, ал операда барлық көріністерін әнмен көрсетеді. Қайғылы оқиғаны да, көңілді оқиғаны да ән арқылы жеткізеді. Ал балет өнерінде барлық құбылыс тарды би арқылы көрсетеді. Ол үшін олар көп дайындалады, еңбектенеді. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. <i>Ән айту:</i> «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев). Әнді көңілді, сөздерін таза, анық айтуға көңіл бөлу. Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, нықты көтермей, бір-бірін тыңдап айтуды естен шығармауларын ескерту. Үйренген «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру,</p>		<p>ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды.</p>	<p>Ал соқыртеке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті. Егер ол ұстаған кісіні таныса, оның көзін байлап, соны соқыртеке жасайды. Өйтпеген жағдайда соқыртеке ойыны әрі қарай жалғаса береді. «Арқаннан секіру» ойыны Ойынды тегіс алаңда ойнаған жөн. Оған радиусы арқан ұзындығы мен немесе бір-біріне байланған секірменін ұзындығымен бірдей шеңбер сызып сызу керек. Осыдан кейін санамақ көмегімен жүргізуші саналады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрып, арқанды ойыншылардың тізелері деңгейінде айналдырады, бұл ретте айналдыру жылдамдығын акырындатып немесе арттырып отыруға болады – арқанмен ойыншылардың аяқтарына тиюге тырысу керек. Шеңбердегі ойыншылардың Максаты – жүргізушінің аяқтарына алданбай арқаннан аттау немесе одан секіру. Ал аяғына арқан тиген ойыншы келесі ойында жүргізуші болады. «Дауыста, атыңды айтам» ойыны. Ойыншылар қол ұстасып дөңгелене шеңбер жасап орналасады. Көзі</p>
--	--	--	--	--	---

Балалармен жеке жұмыс	Қоршаған әлеммен танысу) «Менің отбасым» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балаларды ойын жағдайында ересектер өмірі туралы білімін көрсетуге үйретуді жалғастыру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Тыңда-орында» дидактикалық ойыны Мақсаты: зейін мен жадты дамыту. (Музыка)	«Аурухана» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балаларды бірге ойнауға, ойыншыққа күтім жасауды үйрету. «Төлін тап» дидактикалық ойын Мақсаты: балаларда жануардың негізгі белгісіне тоқтала отырып, оны табу қабілетін қалыптастыру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	«Отбасы табиғатта» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың ойын түпкі ойын кеңейту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	«Отбасының үлкені (кішісі) кім?» қарым-қатынас ойыны. Мақсаты: балалардың отбасындағы қарым-қатынас туралы білімдерін толықтыру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	«Түлкі мен қасқыр» ертегісін сахналау. Мақсаты: диалогтік сөйлеуді дамыту; рөлге сәйкес дауыс түсін өзгертуге жаттығу. Жұмбақ шешу арқылы рөлдерді ойын түрінде бөлу. (Көркем әдебиет + сөйлеуді дамыту)
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Қарым-қатынас дағдысы «Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту, сөздерді тек пен санына қарай дұрыс атай білу	Әлеуметтік эмоционалдық дағды «Қате жасама!» дидактикалық ойыны. Мақсаты: ойлау тездігін дамыту; балалардың күннің әртүрлі уақытында не істейтіні туралы білімін бекіту	Қарым-қатынас дағдысы «Қуыршаққа дыбысты айт» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздегі соңғы дыбысты айтуға жаттықтыру	Шығармашылық дағдылар, зерттеушілік әрекеттер «Сызу» ойын жаттығуы Мақсаты: дұрыс бояу	Қарым-қатынас дағдысы Ойын жаттығуы «Үйшікте кім тұрады? (Белгілі бір дыбысы бар сөздерді тандау)
Балалардың үйге қайтуы	«Сәлем мектеп!» ата-аналар жиналысы	Тәжірибе алмасу "Отбасылық дәстүрлер".	"Сұраңыз-жауап беріңіз" пошта жәшігінің жұмысы.	«Баланы дос болуға қалай үйрету керек» жаднама	Ата-аналардың қатысуымен мектеп аумағын тазалау бойынша сенбілік.

	<p>мен жапырағынан ажырату дағдысын бекіту. Еңбек әрекеті: ауладан бұтақ жинау Максаты: ересектерге көмектесуге ынтаны тәрбиелеу. «Ұшады – ұшпайды» дидактикалық ойыны Максаты: аңдардың қозғалыс жолы туралы түсінікті нақтылау; зейінін дамыту. «Ұшак» кимылды ойын Максаты: кеністікте жылдам жүру, жүгіру қабілеттерін дамыту. Шығарылатын материалы бар ойындар (күрек, доп, пішіндер, шелек). (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>туралы білімді бекіту; өсімдіктің өсу және даму реттілігі туралы түсінік; байқампаздық, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Еңбек қызметі: жаппаны сыпыру Максаты: ересектерге көмектесуге деген ынтаны тәрбиелеу. «Нысанаға тигіз» кимылды ойыны Максаты: нысанаға лактыруды дамыту және жетілдіру. Шығарылатын материалы бар ойындар (қалақша, шелек, қарындаш (құмға сурет салуға арналған)).(Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>құстар туралы түсінікті кеңейту; жиі кездесетін құстардың атын белгілеу, олардың ерекшеліктері. Еңбек қызметі: алаңдағы гүлдерді суару Максаты: ересектерге көмектесуге деген құштарлықты тәрбиелеу. «Сипаттамасы бойынша тап» дидактикалық ойыны Максаты: балаларды суреттеу арқылы ағаш пен бұтаны тануға үйрету; зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. «1, 2, 3, өз ағашына жүгір» кимылды ойыны Максаты: реакция жылдамдығын, аулада шарлау қабілетін дамытуды жалғастыру. Шығарылатын материалы бар ойындар (доп, кегль). (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>белгілей білуді бекіту, ауа райының өзгеруіне байланысты адамдардың киімі де өзгеретіні туралы қорытынды жасау. Еңбек қызметі: жаппаны сыпыру Максаты: ересектерге көмектесуге деген ынтаны тәрбиелеу. «Кім қалай дыбыстайды» дидактикалық ойыны Максаты: балалардың құс дауысын салу қабілетін бекіту; зейінін дамыту, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. «Ұшты-Ұшты» кимылды ойыны Максаты: зейінін, реакция жылдамдығын дамыту. Шығарылатын материалмен ойындар (күрек, доп, пішіндер, шелек). (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: учаскедегі гүлдерді суару Максаты: ересектерге көмектесуге деген ынтаны тәрбиелеу. «Жүйекте, ағашта не өседі» дидактикалық ойын Максаты: жеміс-көкөністі өсу орнына қарай ажырата білуге жаттықтыру. «Күн-түн» кимылды ойыны Максаты: уақытты бағдарлау, реакция жылдамдығын, ептілігін дамыту. Шығарылатын материалмен ойындар (қалақша, шелек, қарындаш) құмға сурет алу үшін. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу)</p>
Серуеннен оралу	<p>Киімді реттілікпен шешу, шкапка салу, қолды жуу. Белгілі бір реттілікпен өз бетінше киіну және шешіну, өз заттарын шкапка дұрыс орналастыру дағдысын жетілдіру. Жуыну кезінде тақпақ айту «Тазалап жу, суды аяма. Алақандар қардай аппақ болсын» (Сөйлеуді дамыту +</p>	<p>«Таза аяқ киім» – ғимаратка кірер алдында аяқ киімді тазалаудың маңыздылығы туралы айтуды жалғастыру. Күнтізбедегі ауа райының күйін анықтау бақылау</p>	<p>Серуеннен алған әсерімен бөлісу. Лас қолдар, денсаулық туралы әңгіме. Үнемді тұтыну</p>	<p>Шешіну алгоритмін бекіту. Балабақша аумағы туралы әңгіме. Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау</p>	<p>Ретімен шешіну. Тәжірибе нәтижелері туралы сөйлесу. Үнемді тұтыну</p>

Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы
 Топ: мектепалды «б» сынып Нұрғалиева Нұргүл
 Балалардың жасы: 5 жас
 Жоспар қай кезенге жасалды: 19.05–23.05

Күн тәртібі	Дүйсенбі 19.05	Сейсенбі 20.05	Сәрсенбі 21.05	Бейсенбі 22.05	Жұма 23.05
Балаларды қабылдау	Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында мамыр «Бірлік пен ынтымақ» айы. ҚР Әнұранын айту. Күй күмбірін тыңдау. Жеке қауіпсіздік «ДАЛАДАҒЫ ҚАУІПТІ ОРЫНДАР» (АШЫҚ ҚҰДЫҚТАР. ҚАҢЫРАП ҚАЛҒАН ҒИМАРАТТАР, СЕПТИКТЕР, ҚҰРЫЛЫС АЛАҢДАРЫ, ГАРАЖДАР) https://youtu.be/oCPp7Rbrao?si=9T6S-ouQesjEBGSc https://orken-instituty.kz/ru/telefon-ygoryachih-linij	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жеке әңгімелесу, қарым-қатынасқа арналған ойындар және балаларда жақсы көңіл-күй туғызу. Достық атмосферасын құру «Жаңа күн» әңгімесі Мақсаты: балаларда жақсы көңіл-күйін қалыптастыру. Көркемсөз (Сөйлеуді дамыту)	«Таң басталады» ойын жаттығуы Мақсаты: қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңу. «Отбасы» саусак ойыны Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	«Достық» ойыны Мақсаты: балалар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру, үлкенге құрмет көрсету. Тренинг ойыны: «Мектеп дегеніміз не?» (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	«Жылулық сыйла» тренингі Мақсаты: балалардың бір-бірімен, ересектермен қарым-қатынасындағы қиындықтарды жеңу. «Қоңырау» ойын-тренингі Мақсаты: есту күйін дамыту, ширегуды жеңілдету. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Өнегелі 15 мин. Ата-аналармен балалардың көңіл-күйі, жазғы демалыс жоспарлары туралы әңгімелесу.	Өнегелі 15 минут Әңгіме ойында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу туралы әңгіме	Өнегелі 15 минут Балаларға ЖҚЕ үйрету бойынша ата-аналарға ұсынымдар	Өнегелі 15 мин. Балаларды көркем шығармалар арқылы мейірімділікке тәрбиелеу туралы әңгіме	Өнегелі 15 мин. Баланың жетістіктері туралы әңгіме Жеке консультация
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжеттік-рольдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	«Шырша» дидактикалық ойыны Мақсаты: биіктікті (биіктік параметрінің бірі) анықтау үшін өлшемді қолдану қабілетін жетілдіру. (Математика + қоршаған әлеммен танысу) «Қалайсың?» қимылды ойын.	«Кім үлкен» дидактикалық ойыны Мақсаты: әр түрлі заттардың бірдей санын көру және сөйлеуде рефлексия жасау қабілетін жетілдіру: 5, 6 және т.б. (математика + сөйлеуді дамыту) «Кім кетті?» қимылды ойын. Мақсаты: зейінділік,	«Сынық баспалдақ» дидактикалық ойыны Мақсаты: құндылықтың өсуінің біркелкілігіндегі бұзушылықты байқап, атай білуді жетілдіру. (Математика + сөйлеуді дамыту) «Суық-ыстық» қимылды ойын	«Кім дұрыс суретті таңдайды» дидактикалық ойыны Мақсаты: «жиһаз», «киім», «аяқ киім», «жеміс» деген жалпы ұғымды біріктіре отырып, берілген суреттер санын таңдау қабілетін жетілдіру. (Математика + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен	«Жұптас суретті тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: геометриялық фигуралардан құралған өрнекті сипаттау арқылы тану қабілетін жетілдіру. (Математика + сөйлеуді дамыту) «Бәрі қалай аяқталды» қимылды ойын

басқалары)	Максаты: балалардың кимыл-козғалысын дұрыс сипаттау және бір уақытта айту қабілетін, ақыл-ой қабілеттерін, кимылды үйлестіруді жетілдіру. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту) «Сурет салу» тапсырмасы Максаты: бұрыннан бар дағдыларға сүйене отырып, өз бетінше жаңа бейне жасау қабілетін бекіту. (Сурет салу + қоршаған әлеммен танысу)	шапшаң тапқырлық, жетіспейтінді тез таба білу қабілетін арттыру. (Дене тәрбиесі + математика) «Ертегілер патшалығы» ойыны. Максаты: ертегі кейіпкерінің бейнелі мазмұнын көру қабілетін жетілдіру, оның кейіпкерін ұжымдық сюжетті-рөлдік ойында бейнелеу. (Сөйлеуді дамыту+көркем әдебиет)	Максаты: есту қасиеттерін, дене қасиеттерін жетілдіру. (Дене тәрбиесі + математика) «Қиялшылар» ойыны Максаты: қиялды, бейнелі ойлауды жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту+көркем әдебиет)	танысу) «Айырмашылықты тап» кимылды ойын Максаты: зейінді, есте сақтауды, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін арттыру. (Дене тәрбиесі + математика) Түпкі ой бойынша мүсіндеу Максаты: балалардың қиялын, өз жұмысының мазмұнын шығаруға дағдыландыру; алған білімін өз бетінше қолдануға жаттықтыру. (Сөйлеуді дамыту+мүсіндеу)	Максаты: есте сақтау, ақыл-ой қабілеттерін арттыру; баланың сөздік қорын кенейту. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту) «Алақанға сызып, тірілт» ойын Максаты: объектінің схемалық кескіні негізінде қиялда бейнелер жасауға ықпал ету. (Сурет салу + математика)
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Мен мектеп туралы не білемін?» әңгімелесу Максаты: алған білімдерін тиянақтау, диалог жүргізе білу. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	«Мамырда не болады?» дидактикалық ойыны. Максаты: балалардың көктемгі табиғат құбылыстары туралы түсініктерін жаңарту; осы тақырып бойынша сөздік қорын белсендіру және толықтыру. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	«Дорба» ойын жаттығуы Максаты: қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. «Ойлан тап» ойын жаттығуы Максаты: санауға жаттығу, жазықтықта бағдарлау. (Сөйлеуді дамыту + математика)	«Жұмбақтар елінде» ойыны Максаты: логикалық ойлауды, қиялды дамыту. «Үшінші артық» дидактикалық ойыны Максаты: ойлауды, көрнекі қабылдауды дамыту. (Сөйлеуді дамыту + математика)	Дидактикалық ойын «Керісінше айт» Максаты: зейінді, реакцияны дамытуға жаттығу. (Сөйлеуді дамыту + математика)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастыру Тақырыбы: Біз нені үйрендік, нені білдік? «Тізбекті жалғастыр» дидактикалық жаттығуы – Балалар, мен бір сөз айтып, допты біреуіңе беремін, мен айтқан сөз қандай дыбыспен аяқталса, ол сол дыбыстан басталатын	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыру Тақырыбы: Тұрмыстық техника әлемі Жұмбақтар жасыру Біздің үйде бір зат бар, Сақтайды онда тамақты. Болсын мейлі күз бен жаз, Іші оның қатты аяз. <i>(тоңазытқыш)</i> Шаң-тозаңды сүймейді,	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөйлемдегі сөздердің санын, ретін анықтау, қаламды дұрыс ұстау; жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырату Тақырыбы: Сөйлемдегі сөздің санын, ретін анықтау «Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы Тәрбиеші дыбыстарды айтады, егер дыбыс дауысты	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу Тақырыбы: Өлептілік-әдемілік Күннің көзі ашылсын, Жерге шуақ шашылсын. Амаңдасу үлкенмен Тәрбиенің басы ғой, Сәлем берем жалпыңа! Балалар, «Сәлем – сөздің атасы» деп халқымыз	1. Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Тақырыбы: Мағыналы буындар. Буынға буын қосу. Дыбыстармен жұмыс Тәрбиеші балаларға дыбыстарды, буындарды сөздерді, кезектестіріп айтады, балалар «о» дыбысын естесе, жалаушаны көтереді. Мысалы: а, п, о, м, т, н, о, у,

<p>сөз ойлап айтады да, келесі балаға допты береді. Мысалы: <i>Қап-парақ- қалақ- қала – алмұрт – тарақ – қымыз – зәкір – рауғаш – шопан – нан – нақыл – лақ – қала – алма – алтын – нар – нәзік – кәмпіт – табақ – қант т.б.</i> «Берілген дыбысқа сөз ойла»дидактикалық жаттығуы 1-тапсырма: Тәрбиеші балаларға «с» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>сағыз, сәбіз, сиыр, саз, сән, сұлу, сыбызғы, сылдырмақ т.б.</i> 2-тапсырма: Тәрбиеші балаларға «ы» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>ыдыс, ымырт, ырылоады, ысырап, ылди, ысқырық т.б.</i> 3-тапсырма: Тәрбиеші балаларға «н» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>нан, ну, нарын, наторморт, наурыз, нәресте, нағыз, нөл, Нұржан т.б.</i> «Сөз жина»дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақан дарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып</p>	<p>Тазалап оны жүр дейді. <i>(шаңсорғыш)</i> Балалар, үйлерінде үйге өте қажетті осындай заттар, яғни тұрмыстық техника бар ма? Асүйден бастайық. Асүйде қандай заттар бар? Газплита, тоназытқыш. Қонақ бөлмеде қандай заттар бар? Диван, кресло, теледидар. Балалар, біз бұл заттарды қалай топтастырар едік? Балалар әр затты атап, олардың жалпы атауын табады: тұрмыстық техника. Сөздік жұмысы: тұрмыстық техника а) Ағаш жиһаздар: сөрелер, үстел, орындық, диван, кресло. ә) Электр құралдары мен тұрмыстық техника: тоназытқыш, газплита, шаңсорғыш. Тұрмыстық техникаға не жатады? Тоназытқыш, кіржуатын мәшине, газплита, компьютер, үтік, теледидар, қысқатолқынды пеш. Балалар, бұл заттарды адамдар не үшін ойлап тапты? <i>(Қол еңбегін жеңілдету үшін)</i> Газплита не үшін қажет? Ол болмаған жағдайда адамдар тамақты қалай пісіреді?</p>	<p>болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. «Сөзді ұста»дидактикалық ойыны. Тәрбиеші балаларға белгілі тақырыпты айтады, балалар сол тақырыпқа байланысты сөз естігенде, жалаушаларын көтеріп белгі береді. Мысалы: Көп сөздердің ішінен қыс мезгіліне байланысты сөздерді естігенде белгі береді. Жастық, үстел, шаңғы, бояу, коньки, ағаш, жағажай, қар, мандарин, телефон, сырғанақ, Аязата, шырша, балық, аққала, тон, кітап, бөрік, балшық, аяз, дәптер, қолғап т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс Суретке кара, сөйлем құра, сызбасын сыз. Неше сөзден тұратын сөйлем құрадың? Тиісті цифрмен сәйкестендір. 2. Көркем әдебиет Міңдеттері: себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер) Тақырыбы: Ақылды Мұрат «Қоңірді күн» ойыны Қане, шеңбер құрайық, Қуанып, шаттанайық. Сәлем, досым, сәлем, Күн, Жаксы өтеді күн бүгін! Ақылды деп қандай баланы айтуға болады?<i>(Ақылды деп</i></p>	<p>сәлемдесуге үлкен мән берген. Жасы кішілер үлкен дерге бірінші болып сәлем десуден басталады. Сендер үлкен аталармен қалай амандасасындар? <i>(Ассалаумағалейкум!)</i> Әдептілік адамдардың өзара қарым-қатынасы, жүріс-тұрысы. Әрбір адам өз отбасында, қоғамда өзін әдепті, тәрбиелі ұстай білуі тиіс. Отбасындағы әдептілік дастарқан басында дұрыс, шуламай отыру. Тамаққа үлкендерден бұрын қол созбау. Тамақты шашып-төкпей, мұқият ішу. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу да әдептілік. Көшеде айғайламай, арнайы адамдарға арналған жолмен жүру де әдептілік белгісі. Әдептілік туралы Абдрахман Асылбектің «Әдепті бала» өлеңімен танысамыз. Сөздік жұмысы: қылық, әдет, тілазар. Баланы не деп мақтайды? Жалқаулық туралы не айтылған? Дана халқымыз әдептілік жайында көптеген мақал-мәтел шығарған. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Суреттерді кара. Қай баланы әдепті деп айтуға болады? Әңгімеле. Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені. Аға әдепті болса – іні әдепті,</p>	<p>м, с, ч, я, о, ю, у, ж, а, о, у, ц, и, у, р, т, л, у... Со, то, уыр, по, пу, до, ию, ау, ай, мо, ду, ро, ба, до, са, ша, ка, по.... Шана, ауна, үкі, тауық, балық, қауын, жауын, қасқыр, ау, моншақ, бау... «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық жаттығуы Тәрбиеші балаларға суреттер көрсетеді, балалар сол суреттің мағынасына келетін, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер жалғаулары керек. Мысалы: <i>жастық ... (мамық), қызанақ ... (қызыл), қияр ... (жасыл), балмұздақ ... (тәтті), кітап ... (қызық), шалбар ... (қалың), су ... (суық), домбыра ... (кішкентай), т.б.</i> «Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы. – Балалар, мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасындар. Мысалы: <i>шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш...тар т.б.</i> Жұмыс дәптерімен жұмыс Заттарды ата, буынға бөл. Әр буынының мағынасы бар сөзді тауып ата. Суреттерді ата. [Ш] дыбысы бар сөздерді буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.</p>
---	--	---	--	---

	<p>отырындар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды, жинаған дыбыс тарыңнан сөз құрап айта сыңдар. Мысалы: - «д.о.п...», - «к.е.с.е...», - «ж.о.л...», - «т.ү.л.к.і...», «б.а.р.ы.с...», - «е.с.і.к...», - «б.е.л.д.і.к...», - «б.е.с.і.к...», - «с.а.ғ.а.т...», - «т.а.б.а.к...», - «б.а.к.а...».</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс Бірінші қатардағы суреттерді ата. Сөздерді тізбекпен қос. Жаңа сөзді екінші қатардан тауып қорша. Сөзді буынға бөл. Суреттер бойынша сөйлем құра. Сызбасын сыз. Неше сөзден тұратын сөйлем құрадың? Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) Суреттерді өз қалауыңмен штрихта. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.</p> <p>2. Математика негіздері Міндеттері: Ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Тақырыбы: Не білеміз? Не істей аламыз? Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым геометриялық фигураларды алып келеді, «Неге ұқсайды» ойыны Тәрбиеші фигуралар мен оларға ұқсас заттарды көрсетеді, содан кейін балалар</p>	<p>Қазан астына от жағып пісіреді. Газплита немен жанады? Газбен, электр тогымен. Қазанды немен қайнатады? Отынмен. Қайсысында тамақ пісірген жеңіл әрі тез? Газплитасында.</p> <p>Балалар, көріп отырсыңдар, адамдар уақытын үнемдеу үшін, еңбекті жеңілдету үшін тұрмыстық техниканы ойлап тапты. Тұрмыстық техника қалай жұмыс істейді? (Электр тогымен) Суретпен жұмыс. Бұл не? Иә, бұл үтік, онымен киім үтіктейді. Оны балалар қолдануға болмайды. Сол сияқты тұрмыстық үйге қажетті техникалардың барлығына жеке-жеке тоқталу.</p> <p>«Шансорғыш» ойыны Балалардың біреуі шансорғыш, қалғандары шаң болып, жан-жаққа тарап, жерге отырады. Шансорғыш оларды жинайды. Оның қолы тиген бала орнынан тұрады. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Суреттерді ата. Тұрмыстық техникалық заттарды белгіле. Заттардың пайдасы туралы айтып бер.</p> <p>2. Математика негіздері Міндеттері: Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық</p>	<p>тілалғыш, өз отбасын, досын, өзі тұратын жерін жақсы көретін, сыйлайтын баланы айтамыз. Ақылды бала ұқыпты, адал, қайырымды, еңбекқор болады).</p> <p>Бүгін Анар Қожабекованың «Ақылды Мұрат» әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне салу. Әңгіменің ерекшелігі – болған оқиғаны қысқа әңгімелейді. Әңгімені мәнерлеп оқып беру Сөздік жұмысы: ақылды – зерделі, сана-сезімі жоғары қоқыс – керексіз зат ластанып – кірлеп Сұрақ-жауап: Әңгіме не туралы? Авторы кім? Мұрат пен Мақсат далада не істеді? Балалар атаймен қалай сәлемдесті? Атай балаларға не ұсынды? Балалар атайға не айтты? Мақсат кәмпіттің қағазын не істеді? Мұрат Мақсатқа не айтты? Атай балаларға не деді? Мақсаттың жасаған әрекеті дұрыс па? Әңгіме қалай аяқталды? «Көшемізді, айналамызды таза ұстасақ, қаламыз таза болады». Үлестірмелі материалмен жұмыс Сурет бойынша оқиға жүйесін сактап баянда. Мұрат Мақсатқа не айтты? Кімнің әрекеті дұрыс? Белгіле. Қаланы таза ұстау үшін не қажет? Белгіле. Мақалдың мағынасын түсініп</p>	<p>Әпке әдепті болса – сіңілі әдепті. Сіз деген әдеп, Біз деген көмек.</p> <p>2. Математика негіздері Міндеттері: Мектепте оқуға ынтыласы арттыру; зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді үйрету Тақырыбы: Не білеміз? Не істей аламыз? Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым ұсақ көмекші матери алды әкелді (қақпақтар, бұршақтар, асықтар). «Әрқашан тең!» ойын жаттығуы. Тәрбиеші әр балаға екі данапапқа салынған 6-дан 10 данаға дейінгі заттардың белгілі бір санын береді. Заттардың санын теңестіру керек. Дәптерімен жұмыс. 1-тапсырма. Әр балада неше асықтан бар? Сана. Қайсысын да артық? Қайсысында кем? Асықтарды теңестіріп, суретін сал. Тапсырманы кесінді фигураларды, асықтар бейнеленген карточкаларды қолданып орындауға болады. Практикалық жұмыс. Сандар құрамын бекіту. 2-тапсырма. Саны 5 болатындай нүктелер сал. «Мен төрт нүктеге біреуін қосып саламын – сонда бес болады». 3-тапсырма. Бастырып сыз.</p>	<p>Көпше түрін айт» ойыны. 1. Сырға – ... (сырғалар) 2. Моншақ – ... (моншақтар) Сақина – ... (сақиналар) Блезік – ... (блезіктер) 5. Алка – ... (алкалар) «Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы Мен сендерге дауыссыз дауысты дыбыстардан басталатын сөздер айтамын, сендер дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, партаны бір рет жұдырықтарыңмен ұрасыңдар, ал дауысты дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, бір рет шапалақ ұрасыңдар. Мысалы: парта, орындық, ферма, алқа, бидон, вагон, ер кітап, т.б. «Сөз жина, тез жина» дидактикалық жаттығуы Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақанда рынды біріктіріп, кесе жасап, дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тактадан ашылады. Мысалы: «к.а.р.», «м.ұ.з.», «к.ы.з.», «а.й.н.а.», «ф.е.н.», «д.ә.р.і.», «б.а.л.а.», «к.и.я.р.», «п.и.я.з.», «б.ұ.л.т.», «ж.о.л.», «к.о.л.», «к.о.л.».</p>
--	---	--	--	---	--

<p>ға фигураларды немесе фигуралар жиынтығы неге ұқсайтынын оларға айтқы зады. Тактада балалар фигураларды, заттарды карап, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, карточкалардағы тапсырмаларды орындайды Дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. Суретке кара. Геометриялық денелердің пішінінде неше зат бар? Сана. Сонша таяқшаның суретін сал. Олар фигура ларды санайды, карточкаға сонша таяқшаның суретін салып аяқтайды, оларды кайта есептейді.</p> <p>2-тапсырма. Пішінін, түсін, өлшемін, санын өзгерт. Сикыршы фигураны сикыр лы таяқшамен ұстайды және оның көмегімен фигураны өзгертеді. Балалар сикыршы рөлін кезек-кезек орындай отырып, жұппен ойнай алады.</p> <p>3-тапсырма. Бастырып сыз. «Сикыршы» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші 10 (9,8) бұршак немесе моншакты алып колына салады. Содан кейін заттарды жұдырыкка салып қысады, алакандағы екінші колда бұршакты көрсетеді және оны санауды ұсынады. Ол жұдырығында канша бұршак бар екенін болжауды сұрайды</p>	<p>және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p>Тақырыбы: Не білеміз? Не істей аламыз?</p> <p>Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым ұсақ үлестірмелі материалдар әкеледі (кақпақтар, бұршактар, асықтар).</p> <p>«Түрлі етіп кой!» ойын жаттығуы (жұптық ойын).</p> <p>Тәрбиеші әр балаға 6-дан 10 данаға дейінгі заттардың белгілі бір санын (кақпақ тар, бұршак, асықтар және т.б.) және екі қорапты (себеттерді) таратады. онда заттарды әртүрлі орналас тыру керек. Балалар түсініктеме береді: менде 6 асық бар. Мен бір қорапқа 1 асық саламын, екіншісінде 5-еу болады. Мен екеуін бір жерге қоямын – екіншісінде 4-еу болады және т.б.</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. Суретке кара. Әр баланың қорабына неше асықтан салу керек? Көрсетілген цифр бойынша қоршап сыз. Қанша асық қалғанын сана. Цифрды қоршап сыз.</p> <p>2-тапсырма. Бастырып сыз.</p> <p>3-тапсырма. Әр аквариумда канша балық бар? Сана. Егер барлық балықты бір аквариумға салсақ, канша болады? Цифрды қоршап</p>	<p>ал. Еңбегіне қарай – құрмет, Жасына қарай – ізет.</p> <p>3. Шығармашылық іс-әрекет</p> <p>Міндеттері:</p> <p>Құрастыру: Жазық қағаз пішіндерді көлемді пішін дерге өзгерту, жұмыс ор нында қауіпсіздік ережелерін сақтауды меңгерту.</p> <p>Сурет салу: Сурет салуда ұқыптылықты, қауіпсіздікті сақтауға үйрету</p> <p>Мүсіндеу: жануарлардың кимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу</p> <p>Жапсыру: Қайшы мен желімді дұрыс қолдану.</p> <p>Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды үйрету.</p> <p>Тақырыбы: Жайлауда «Түстері бойынша жыл мезгілдерін ажырат» ойыны.</p> <p>Сендердің алдарында түрлі түсті жолақтар жатыр. Сол жолақтар арқылы жыл мезгілдерін ажыратып, қай түстің қай жыл мезгіліне сәйкес келетіндігі туралы айтып беріңдер.</p> <p>Жаз мезгілін қандай түс білдіреді?</p> <p>Күз мезгілін қандай түс білдіреді?</p> <p>Қыс мезгілін қандай түс білдіреді?</p> <p>Көктем мезгілін қандай түс білдіреді?</p> <p>Міне, балалар, осы төрт</p>	<p>«Шенбер» туралы өлең оқу. «Сұрыптаушылар» дидактикалық ойыны. Балаларға үстел үстіне әр түрлі түсті, пішіндегі және өлшемдегі геометриялық фигуралар жиынтығы тара тылады. Барлық пішіндердің ішінен тек шенберлерді таңда. Тек көк шенберлерді таңда. Көк түстердің тек үлкенде рінгана таңда. Сонында бізде қандай шенберлер болды? (Үлкен көк.)</p> <p>4-тапсырма. Фигуралар қандай белгілері бойынша топтастырылған? Белгілерді фи гураның тобымен сызып қос. Әр топқа бір фигураның суретін сал.</p> <p>– Қандай фигуралар бейне ленген? Олардың ұқсас тықтары мен айырмашылығы неде?</p> <p>5-тапсырма. Фигураларды жаңа орынға орналастыр.</p> <p>3. Қазақ тілі</p> <p>Міндеттері: әңгімелесушінің сөзін мұқият тындайды; әңгімелесушіге сұрақтарды дұрыс қояды, оған қысқа және толық нақты жауап беру</p> <p>Тақырыбы: Алақай, жаз келді! Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.</p> <p>– Сәлеметсіздер ме?! «Көрсет, қайтала» ойыны.</p> <p>Ойынның шарты: тәрбиеші көліктерді атайды, балалар</p>	<p>Суреттегі заттарды ата. Буынға бөл. Сөздердің бірінші буындарын қосып, сөз құра. Жаңа сөздің суретін қорша. Суреттегі заттардың атында [б] дыбысы бар сөздерді ата. Суретін қорша.</p> <p>2. Көркем әдебиет</p> <p>Міндеттері: шығарма маз мұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: Мектеп керек адамға</p> <p>Білімнен мол сый-асы, Балғындардың ұясы. (Мектеп)</p> <p>Мектеп – білім ордасы. Осында білім алып, жарқын келешегіміздің іргетасын қалаймыз. Күздің алғашқы күні – Білім күні. Бұл күні оқушылар мектепке асыға ды. Мектеп – алтын ұямыз, екінші үйіміз. Мектепке барғаннан кейін көп уақыттарың қызықты сәттерің мектепте өтеді. Бүгін ақын Қымбат Әбілда қызының «Мектеп керек адамға» атты өлеңімен танысамыз. Сөздік жұмысы: <i>ғаламды</i> – бүкіл әлемді <i>шыңға шығады</i> – биікке көтеріледі. Өлең мазмұны бойынша <i>сұрақ-жауап</i>: Өлең қалай аталады?</p>
---	---	---	---	--

	<p>4-тапсырма. Дөнгелектерді шаршыларға орналастыр. Екінші шаршыда неше дөнгелектен болуы керек? Ойлан. Суретін сал. Үлестірмелі материалмен жұптастырылған жұмыс.</p> <p>5-тапсырма. Фигураларды көрсетілген түспен боя.</p> <p>3. Қоршаған әлеммен танысу</p> <p>Міндеттері: Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрысқабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің тәрбиеші терін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.</p> <p>Тақырыбы: Жас экологтар</p> <p>Қарашы, досым менің, айналаға: Аспанда аппак бұлттар қалықтаған, Ашық аспан, алтын күн жарқыраған, Жапырақпен жарысып, жел ойнайды, Өзен, көл, тау да күліп қол бұлғайды, Жыл мезгілі</p>	<p>сыз. Балаларға балықтың суреттері таратылады. Жұпта балалар жағдаят моделін құрады. Тәрбиеші жағдаят туындатып, досына 2 балық берейік. Сенде қанша балық қалды?</p> <p>«Ғажайып дорба» ойыны. «Ғажайып дорба»: доп, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, дөнгелектер бар. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы кезек-кезек дорбадан фигураларды алады, оны атайды.</p> <p>4-тапсырма. Боя.</p> <p>3. Қазақ тілі</p> <p>Міндеттері: Өз ойын жайып ма сөйлемдермен жеткізуге тырысады; өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге тырысады</p> <p>Тақырыбы: Көлік</p> <p>Сәуле балалармен ойын ұйымдастырады «Сұрақ-жауап» Сен бүгін танертен қайда келдің? Балабақшаға кіммен келдің? (Мен анаммен келдім). Мектепке немен келдің? Мен автобус пен келдім. Мен мәшиненен келдім. (Автобус, мәшине – көлік. Мәшине не? Мәшине (көлік). Автобус не? Автобус (көлік). «Көлік» сөзін жеке, хормен дұрыс айтып жаттығады. Қалада көлік көп, сондықтан абай болу керек. Жана сөздермен таныстыру.</p>	<p>мезгілдің ішінде жаз мезгілінде адамдар жайлауға көшеді.</p> <p>Балалар, жайлауда болғандарың бар ма? Жайлаудағы адам қандай үйде тұрады?</p> <p>Тәрбиеші балаларға жайлау бейнеленген №1, 2, 3, 4 суретті көрсетіп, жайлаудың табиғаты, киіз үйлер, оның айналасындағы адамдар, балалар, жан-жануарлар, тау, өзен, су, ағаш, шөп пен гүлдер, жемістер туралы әңгіме айтады.</p> <p>Үлестірмелі материалда жайлаудағы киіз үй сюжетті суретіне мұқият қарап, жапсыру жұмысын орындайық.</p> <p>Жапсыру тәсілдерін түсіндіру.</p> <p>1. Алдымен ақ түсті киіз үйдің сұлбасын қиямыз.</p> <p>Қиып алған пішініміз қандай геометриялық пішінге ұқсайды?</p> <p>Ал төбесі ше? Төбесін екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қию.</p> <p>2. Енді бөлек-бөлек бөліктерін қиямыз: есігін; бауы мен басқұрларын; түндігін; оюларын.</p> <p>Киіз үйдің бөліктерін рет-ретімен сюжетке жапсырамыз.</p> <p>Алдымен киіз үйдің негізгі бөлігін, содан кейін бау-басқұрларын, есігі мен оюын</p>	<p>суреттерін көрсетеді, қайта лайды. Балалар менде «Ғажайып дөнгелек» бар. Дөнгелекте неше түс? Қандай түстер? Ақ, жасыл, сары, қызыл. Дөнгелекте неге 4 түс, бұл түстер нені білдіреді?</p> <p>Төрт түс төрт жыл мезгілі. Жыл мезгілдерінің суреттері мен жұмыс. Ақ түсті, жасыл түсті, қызыл түсті, сары түсті</p> <p>Төрт түсті – жер үсті.</p> <p>Ақ түс қай жыл мезгілі? (Қыс)</p> <p>Сары түс ... (күз)</p> <p>Жасыл түс – жылдың қай мезгілі? (көктем)</p> <p>Қызыл түс – жаз</p> <p>Мынау – жаз мезгілі. (жаз мезгілі суреті).</p> <p>Тәрбиеші шағын мәтін құрастырады. Жазда ыстық. Жазда жасыл ағаштар. Жазда гүлдер көп. Қызыл, сары, ақ гүлдер. Жазда жидектер піседі: құлпынай, танқурай, қаракат.</p> <p>Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз. Жазда кемпіркосақ болады. Балалар мәтінді қайталап естеріне сактайды.</p> <p>«Жалғастыр» ойыны. Балалар сөйлемдерді аяқтайды.</p> <p>Жазда ... (ыстық).</p> <p>Жазда гүл ... (көп).</p> <p>Жазда жидектер (піседі).</p> <p>Жаз айлары (маусым, шілде, тамыз).</p> <p>Жазда кемпіркосақ (болады).</p> <p>Жайраң жаз</p> <p>Тауларға да, далаға</p>	<p>Авторы кім? Өлең не туралы? Өмірде барлық нәрсені тану үшін адамға не керек? Мектепке не үшін барамыз? Мектепке бару үшін не керек? Өлең білім, мектеп туралы. Мектепте біз ұстаздан білім аламыз. Ақын да, ғалым да, президент те – бәрі де мектептен білім алады.</p> <p><i>Дидактикалық ойын:</i></p> <p>«Ғажайып қоржын» (баланың зейінін дамыту)</p> <p>Шарты: ғажайып қоржынның ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинап, аттарын атайды. Мектеп сөзіне сөйлем құра. Үлестірмелі материалмен жұмыс</p> <p>Суретті кара. Балалар қайда бара жатыр? Мектеп ауласында қандай? Мектеп ауласында кімдер бар? Бұл заттар не үшін қажет? Ата. Мектепке қажетті құралдарды белгіле. Сөздің мағынасын түсініп ал. Өнер, білім – бәрі де оқуменен табылған.</p> <p>3. Қоршаған әлеммен танысу</p> <p>Міндеттері: Еліміздің көрікті жерлерін таныстыру</p> <p>Тақырыбы: Астана-бас қала</p> <p>Қайырлы таң, достар!</p> <p>Қайырлы таң, ұстаз!</p> <p>Балалар, бүгінгі әңгіме</p>
--	--	---	--	--	--

	<p>құлпырған айналада ... – Өлен не туралы? Табиғаттың әсемдігі туралы. Табиғат дегеніміз не? 1-слайд. Жануарлар әлемі , өсімдіктер. жәндіктер, құс тар, балықтар . адам да ауа сыз, сусыз, күнсіз, тамақсыз өмір сүре алмайды. Табиғат – бізді қоршаған әлем, адам дар не қажеттінің бәрін табиғаттан алады. Адам – табиғаттың бір бөлігі. Табиғатты сақтау біздің әрқайсымызға байланысты. (мұнайға малшынған құс, ормандағы, теңіз жағалауын дағы коқыстар, Арал теңізі т.б.). Балалар, айтындаршы, табиғатты сақтау, қорғау не үшін қажет? Эколог – қорша ған ортаның жағдайын талдап, табиғатқа мүмкін болатын зиянды азайту шараларын әзірлейтін маман. Эколог табиғи апаттардың себептерін анықтап, қоршаған ортаға адамның қатысуымен болған кәте әрекеттердің әсерін азайту жолдарын әзірлейді. 2-слайд. Интербелсенді тақтадан бейнехат шығады. Баланың бейнесі шығып, сөйлейді. «Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің атым – Мишель, мен алыстағы Франция елінен хабарласып тұрмын. Біздің ел – бүкіл</p>	<p>Демонстрациялық материал Мынау – ұшақ, ұшақ. Мынау не? Мынау – ұшақ . Ұшақ – көлік. Ұшақ не? Ұшақ – көлік. Саяхатқа ұшақпен баруға болады Саяхатқа немен баруға болады? Саяхатқа ұшақпен баруға болады. Қандай ұшақ болады? (Үлкен, кішкентай). Мынау – пойыз. Мынау не? Мынау – пойыз. Пойыз – көлік. Пойыз не? Пойыз – көлік. Саяхатқа пойызбен баруға болады. Саяхатқа немен баруға болады? Саяхатқа пойызбен баруға болады Дыбыстық жаттығулар: Ө-ө-ө-ө – көөө-лік- көлік І-і-і-і- лік -лік – көлік Қ-қ-қ-қ- шақ-шақ – мынау – ұшақ. Ұ-ұ-ұ-ұ - ұш-ұш - ұшақ ұшты. Ұшақ ұзақ ұшты. Жаңылпашпен таныстыру. Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?» Мысалы: Автобус – көлік. Коньки – көлік. Ұшақ – көлік. Жылқы – көлік. Астанаға трамваймен баруға болады. т.с.с. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Көлікті ата. Саяхатқа немен барасын? Сызып қос.</p>	<p>жапсырамыз. Балалық-ау, балалық! Кел, бір ойнап тарайық! Бірім, бірім, бірім деп, Саусақты да санайық! Кезді тас қып жұмайық. Кім түрткенін табайық! Кел, жарыса шабайық! Балалар шығармашылығы 4. Дене тәрбиесі Міндеттері: Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу Тақырыбы: Эстафеталық ойындар Шеңбербойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөң гелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. «Арқаннан секіру» Оған радиусы арқан ұзындығымен немесе бір-біріне байланған секірменің ұзындығымен бірдей шеңбер сызып сызу керек. Осыдан кейін санамақ көмегімен жүргізуші саналады. Жүргізуші шеңбер дің ортасында тұрып, арқанды ойыншылардың тізелері деңге йінде айналдырады, бұл ретте айналдыру жылдамдығын ақы рындатып немесе арттырып отыруға болады – арқанмен ойыншылардың аяқтарына тиюге тырысу керек. Шеңбер дегі ойыншылардың Мақсаты – жүргізушінің аяғына ал данбай арқаннан аттау немесе одан секіру. Ал аяғына арқан</p>	<p>Келді нұрлы жаз жайран. Ауылда да қалада Үлкен-кіші мез-мейрам. Е.Өтетілеуұлы Балалар тыңдайды, таныс сөздерді атайды: жаз, таулар, қала, ауыл, үлкен, кіші. Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Тәрбиеші сөздерді казак тілінде атайды, балалар орыс тіліне аударды: жаз – лето, ыстық – жарко, маусым – июнь, шілде – июль, тамыз – август, кемпіркосак – радуга. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Жазда қандай өзгерістер болады? Бұл қай жыл мезгілінде болады? Ата. Сөйлем құра. 4. Музыка Міндеттері: Музыкаға қызығу шылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Тақырыбы: Ел қорғауға әзірміз Балалар музыка залына Б. Бейсенованың «Жеңіс күні» (үнтаспада) әнімен кіріп, төрт қатарға орналасып, жалауша лармен жаттығу жасайды. Аяқты нық басып, марш екпінімен жүреді. <i>Музыкалық-ырғақтық</i> <i>қимылдар:</i> «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова). Балалар шеңбер бойында жүріп, аттың шабысын музыкамен жасайды. Жеңіл, ойнақы қимылдайды. Балалар интерактивті</p>	<p>міздің тақырыбы: «Астана – еліміздің бас қаласы». Қазақстанның тарихында Астана ерекше орын алады. Астананың алғашқы атауы – Ақмола. Астана – еліміздің бас қаласы, елордасы. Ол өте әлемі – күн санап көр кейіп келе жатқан қала, Есіл өзенінің бойында орналас қан. Осы аз уақыт ішінде Астана ғажайып қалаға айналды. Балалар, біз Астана қаласына саяхат жасаймыз. Саяхатқа немен барамыз? Балалар жолаушылар көлік түрлерін атайды, ұшақпен баратын болып шешеді. Үнтаспадан «Ұшағына Алматы-Астана бағыты бойынша отырғы зылу басталды» деген хабарлама естіледі. Балалар, біз қандай көрініс тамашаладық? Биіктен қарағандағы Астана қаласы көрінісі. Қандай ғимараттар, көріністер бақыладындар? Түнгі Астана бейнесі, «Самұрық құс», «Бәйтерек» мұнарасы, «Опера және балет» театры, ескерткіштер, «Хан Шатыр» сауда кешені орталығы, бұрқақтар, көпір, «Нұр-Әлем» – ЭКСПО музейі, жолдар, Есіл өзені. Астана – арман қала, Бағы бар жанған қала. Тұрады ол жап-жас болып, Мен үлкен болғанда да.</p>
--	--	--	---	---	---

	<p>әлемдік «Greenpeace» – «Жасыл әлем» табиғатты қорғаушылар ұйымының мүшесі. Ұйым ормандарды кесу, өзен-көлдерді, теңіз-мұхиттарды, қоршаған ортаны қауіпті химиялық заттармен ластау, жан-жануарлар, табиғатты қорғау сияқты мәселелерге назар аударады. Мен барлық әлем балаларына хат жолдаймын, осы ұйым мүшесі болуға, яғни жас табиғат қорғаушылары –эколог болуға шақырамын. Ал эколог болу үшін, біз өз білімдерімізді тексеруіміз керек және сынақтардан өтіп, тапсырмаларды орындау қажет болады. Тапсырмаларды орындап, сынақтан өтсеңдер, сендерге жіберген «Жасыл әлем» эмблемасын кеуделеріне тағып, табиғат қорғаушылары – «жас эколог» болып, ұйым мүшесі боласыңдар. Балалар, сендер өздеріңді табиғатты қорғаушы деп санайсыңдар ма? Бір-бірімізге жақсылық жасау, табиғатқа зиян келтірмеу, құстарды, жәндіктерді қорғау, табиғатқа демалуға шыққанда коқыс тастамау. Балалар санамақ бойынша екі топқа бөлінеді, әр орындалған тапсырма үшін команда жұлдызша алады.</p>	<p>Сөйлем құра. Балалар үлгі бойынша суретке қарап, сөйлем құрайды. Сөйлем: <i>Мен автобуспен барамын</i> (сызықпен қосады). 4.Музыка Міндеттері: таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету Тақырыбы:Ел қорғауға әзірміз Балалар музыка залына Б. Бейсенованың «Жеңіс күні» (үнтаспада) әнімен кіріп, төрт қатарға орналасып, жалаушалармен жаттығу жасайды. Аяқты нық басып, марш екіпінімен жүреді. <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова). Балалар шенбер бойында жүріп, аттың шабысын музыкамен жасайды. Жеңіл, ойнақы кимылдайды. Балалар интерактивті тактадан Жеңіс күні туралы көріністер көріп, еліміздің батырлары туралы мәлімет алады. Жауды жеңген батыр ағаларымызды мақтан тұтып, болашақ Отан қорғайтын азамат болуға ұмтылады. <i>Музыка тыңдау:</i> «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев). Музыка тыңдап, қандай әсерде болғандарын сұрап,</p>	<p>тиген ойыншы келесі ойында жүргізуші болады. «Дауыста, атыңды айтам» Ойыншылар қол ұстасып дөңгелене шенбер жасап орнала сады. Көзі байлаулы бір ойыншы шенбердің ортасында тұрады да, қолындағы таяғын шенбер бойында тұрған ойыншылардың кез келгеніне ұсынып: «Дауыста, атыңды айтам», дейді. Таяқтың екінші ұшынан ұстаған ойыншы атын біліп қоймас үшін әдейі даусын бұзып шығарады. (Ойыншылар белгілі бір бағытпен үнемі қозғалыста болады.) Көзі байланған ойыншы бірінші таяқ ұсынған ойыншының атын дұрыс тапса, сол ойыншымен орын ауыстырады. Таба алмаса, таяғын екінші ойыншыға ұсынады, оны таба алмаса, келесіге ұсынады, осылайша үш ойыншының атын анықтай алмаса, ойыннан шығып қалады. «Тұтқынға алу» Ойыншылар шамамен тең болатын екі топқа бөлініп, сызықтың екі жағынан бір-біріне қарама-қарсы қарап тұрады. Бұдан кейін олар жұп-жұбымен қолдарынан ұстасып, өз жағына қарсыла сын тартуға тырысады. Сызықтың өз жағына көбірек ойыншыларды тартқан топ жеңеді.</p>	<p>тактадан Жеңіс күні туралы көріністер көріп, еліміздің батырлары туралы мәлімет алады. Жауды жеңген батыр ағаларымызды мақтан тұтып, болашақ Отан қорғайтын азамат болуға ұмтылады. <i>Музыка тыңдау:</i> «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев). Музыка тыңдап, қандай әсерде болғандарын сұрап, балалармен сұхбаттасу, әсерлерімен бөлісу. <i>Ән айту:</i> «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров). Балаларға Бауыржан атамның майдандағы ерлігі туралы мәлімет беру, суретін көрсету. Батыр атамның мақтан тұтып, әрқашан есте сақтау. Үйренген «Біз бақытты баламыз» әнін (К. Қуатбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. <i>Билер:</i> «Полька» эстон халық биі. Балалар би кимылдарын, игерген дағдыларын би кезінде қолданып, жеңіл кимылдар жасап билейді. <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. Балалар музыка қойылғанда түрлі әрекеттер жасап ойнайды да, музыка біткенде тезірек орындарын тауып отырады, алақандарын</p>	<p>Астанаға саяхат жасау: «Бәйтерек» мұнарасын көру. Бұл мұнара 1997 жылы астананың Алматыдан Ақмолаға көшірілуінің символы ретінде тұрғызылған. Мұнара қазақ халқының «Ер Төстік» ертегісі желісі бойынша салынған. Ер Төстік – ержүрек қазақ батырларының символы, «Бәйтерек» жас, күшті, өсіп келе жатқан ағашты білдіреді, яғни тарихи тамырын сақтап қалған, тірегі берік, болашақтың гүлденуіне ұмтылған мемлекетті сипаттайды. «Самұрық» құс – қазақ халқының, жерінің байлығы мен жетістіктерінің белгісі. Астанаға саяхат жасау: «Технологиялық музей - «Нұр Әлем» сферасын көру. «EXPO-2017» көрмесінің нысаны – технологиялық музей – «Нұр Әлем» Сферасы. Шар пішіндес ғимарат сегіз қабаттан тұрады. Балалар «Ғарыш энергиясының» планетарийінде уақыт өткізіп, тәжірибе лерді қызықтап, қуанышқа бөленеді. Астанаға саяхат жасау: Ақорда ғимаратын көру. Ақорда – Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы. ҚР Президентінің атынан ресми қабылдаулар</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>Ойын «Жасыл әлем мүшесі – жас эколог. «Жасыл әлем» ұйымының эмблемасын кеудемізге тағып, ұйымның жаднамасын қайталайық. «Мен, халықаралық «Жасыл әлем» балалар ұйымына мүше бола отырып, табиғатты қорғауға, өзіміз өмір сүріп жатқан туған жердің табиғатын аялауға, қоқыс шашпауға, жануарларға қамқорлық жасауға, табиғатқа зиян келтірмеуге уәде беремін»</p> <p>Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Көлтауысардың пайымдауы: Табиғатқа зиян келтірмеу керек, сонда Жер ғаламшарын сақтаймыз. Көлтауысармен бірге жас экологтердің ақыл-кеңесін есінде сақта. Бос орынға не қосар едің? Суретін сал. Экологиялық белгілердің мән-мағынасын түсіндір. Рұқсат етілмейтін белгіні қандай түспен бастырып сызу керек? Бастырып сыз. Бос орынға өзің бір экологиялық таңба ойластырып сал.</p> <p>4. Дене тәрбиесі</p> <p>Міндеттері: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату</p> <p>Тақырыбы: Ұлттық ойындар «Асықтар» – өте кең таралған қазақтың ұлттық ойыны, оның ережелері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Кең дала жанданып, жасыл</p>	<p>балалармен сұхбаттасу, әсерлерімен бөлісу.</p> <p>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров).</p> <p>Балаларға Бауыржан атамыздың майдандағы ерлігі туралы мәлімет беру, суретін көрсету. Батыр атамызды мақтан тұтып, әрқашан есте сақтау.</p> <p>Үйренген «Біз бақытты баламыз» әнін (К. Қуатбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p>Билер: «Полька» эстон халық биі.</p> <p>Балалар би қимылдарын, игерген дағдыларын би кезінде қолданып, жеңіл қимылдар жасап билейді.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер).</p> <p>Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. Балалар музыка қойылғанда түрлі әрекеттер жасап ойнайды да, музыка біткенде тезірек орындарын тауып отырады, алақандарын шапалақтайды. Кешіккен бала айыбын өз өнерін көрсету арқылы өтейді.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншак» (С. Урбах).</p>		<p>шапалақтайды. Кешіккен бала айыбын өз өнерін көрсету арқылы өтейді.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншак» (С. Урбах).</p> <p>Тәрбиеші шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p> <p>Ұрмалы аспаптармен музыкаға ілесе бірігіп ойнайды.</p>	<p>өткізілетін үкімет үйі.</p> <p>Балалар, біз Ақорда ғимаратына еркін кіре аламыз ба? Жоқ, өйткені ол – мемлекетіміздің ресми жұмыстары жүргізілетін орын. Ол жерде кімдер жұмыс жасайды? Президент, үкімет басшылары жұмыс жасайды.</p> <p>Астанаға саяхат жасау: Астана қаласындағы ескерткіштерді көру.</p> <p>Астана қаласы ескерткіштері: Астана қаласында Абай және Бейбітшілік көшелерінің қиылысында ұлы ақын Абай Құнанбайұлының еңселі ескерткіші орналасқан. Кеңес одағы батырлары Б. Момышұлы ескерткіші батырдың атындағы даңғыл көшесі бойына орналасқан. Мәншүк Мәметова ескерткіші Жеміс даңғылы бойындағы «Ақжайық» саябағында, генерал Панфилов ескерткіші «Жерұйық» саябағында ашылды. Балалар, адамдарға неге ескерткіштер қойылады? Олар ұлы адамдар, халыққа қызмет еткені үшін, ерліктер жасағаны үшін қойылады. Ескерткіштер ұлы адамдарға тағзым етіп, құрмет көрсету үшін орнатылады. Ойын: «Сұрақтар мен жауаптар» «Бәйтерек» монументі</p>
--	--	---	--	---	---

	<p>түкті кілеммен жабылған кезде, балалар ғана емес, үлкендер де көктемгі күнмен қыздырылған жерге шығып, өздерінің жарыстарын бастаған. Әр тәжірибелі ойыншыда асықтары мен сақалары салынған мөшегі болған. Асық- қойлар мен ешкілердің буынында орналасқан тізелік сүйек. Оны арнайы қайнатып, еттен арылтып, қына, сиямен немесе т.б. бояған. Асықтар ішінде міндетті түрде үлкен асық болуы керек. Ол «Сақа» деп аталады. Ол асықтар ішінде «хан», басты олжа ролін атқарады. Ойыншы өзінің ептілігімен оны жеңіп алуға тырысады. Кейде ондай сүйектің ішіне ол негүрлым тұрақты және ауырлау болуы үшін қорғасын ерітіп құйылған. Ал бұдан ертерек хандар мен сұлтандардың балаларына арналған сақалардың ішіне алтын да құйылған. Кәдімгі асықтар түрлі түсті болып боялып, өзінің мөлшеріне, түсіне және қай жануардың буынынан алынғанына сәйкес түрлі атаулармен аталады, бағасы да түрлі болады, мысалы: ең арзандары – кішкентай «жай», боялмаған асықтар және сақа асығы да болады. Бұл ойын көзмөлшерді дамыта</p>	<p>Тәрбиеші шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес кол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Ұрмалы аспаптармен музыкаға ілесе бірігіп ойнайды.</p>			<p>қандай аңыз-ертегімен байланысты? «Астана» сөзінің баламасын табындар. (Елорда, бас қала). Астана қаласының өзені. (Астана Есіл өзенінің бойында орналасқан) Үкімет орналасқан ғимарат қалай аталады? (Ақорда). Президент дегеніміз кім? (Президент – мемлекет басшысы). Балаларға үстелдердің үстіндегі заттардан «Бәйтерек» мұнарасын құрастыру ұсынылады, бір топ мұнара «тәжін» қияды, бір топ мұнара басына орналасқан бөлігін шар пішінді жылтыр қағазбен орап, дайындайды, бір топ мұнараны – дөңгелек конструктор бөліктерінен тұрғызады. Үлестіргелі материалдармен жұмыс: Ер Төстік пен оның достарына «Бәйтерекке» жетуге көмектес. «Бәйтерек» монументі туралы не білесің? Әңгімеле. Астана қаласының көрікті жерлерін ата.</p> <p>4. Дене тәрбиесі Міндеттері: Дербес қимыл белсенділігі. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Тақырыбы: Қимылды ойындар «Еденде қалма» Биіктігі 25-</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>ды, ептілік пен тапқырлық, күш, төзімділікті, батылдықты дамытады. Асықтар бір қатарға қойылады. Ойынның басты мәні – үш-төрт метр қашықтықтан төрт асықты лақтыру керек, олар қажетті позицияда тұру керек немесе қатарда тұрған кішкентай асықтарды шеңбер сыртына шығару. Позициялар түрі бірнеше болады, мысалы – шік, бүк, таған, алшы және т.б. Сонда асық тағандап тұрса, ойыншы жеңеді және т.б. комбинациялар әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы үш таған мен бір алшы.</p> <p>«Казан» - асықтарды көлденен нысанға 3 метр қашықтығынан лақтыру. Сөреден 3 метр жерде палауға арналған үлкен қазан тұрады (шеңбер). Белгі бойынша әр топтың ойыншылары асықтарды қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді.</p> <p>«Омпы» – асықтың тігінен тұруы. Бұл ойынды 2–10 бала ойнай алады. Алдымен екі сызық сызылады, олардың ортасына бір ұзын сызық сызылады. Бұл сызықта көнге тігілген асықтар орналастырылады. Әр ойыншы көнге екі асық тігеді. Көннің ортасына омпы позициясында бір</p>				<p>30 см болатын заттар алаңның түрлі бұрыштағында, оның шегараларына жақындау болып орналасырылады. Қуалайтын бала таңдалады. Оның қолына таңғыш байланады. Балалар алаңның түрлі жерлеріндегі заттардың үстіне тұрады. Балалар секіріп түсіп, алаңды шарлап жүгіреді немесе секіреді. Қуалайтын бала жалпы қимылдарға қатысады. Ұстаздың «Токта!» белгісі бойынша барлығы алаңда орналастырылған заттардың үстінде орын табуға тырысады. Ал қуалайтын бала заттардың үстіне шығып үлгермегендерін ұстайды. Ұсталғандар алаңның бір белгіленген жеріне жинақталады. Ойын соңында ойыншылар саналады да, олардың қатарынан жаңадан қуалайтын ойыншы таңдалады. Бұдан кейін ойын жалғасады.</p> <p>«Соқыртеке»</p> <p>Барлық балалар жан-жаққа қолын созғандағы қашықтықта шеңбер құрып отырады. Шеңбер ортасына екі бала таңдалады: біреуінің көзін таңып байлайды, ал екіншісінің қолына қоңырау береді. Қоңырау ұстаған ойыншы оны сыңғырлатып қашады, ал көзін таңған «соқыртеке» оны қуып жетуге тырысады.</p>
--	--	--	--	--	--

	асық койылады. Ойыншылар сызық бойына тұрып, өз асығымен көндегі асықты соғып алуға тырысады. Соғылған асықтарды ойыншы өзіне алады. Ал «омпыны» соғып алған бала көндегі барлық асықты алады. Асықтары көп болып шыққан ойыншы жеңімпаз болады.				Соқыртеке ойыншыны ұстап алғаннан кейін шеңбер ортасына басқа балалар шығарылып, ойын жалғаса береді. «Қармақша» Балалар шеңбер жасап тұрады. Шеңбер ортасында – ұстаз. Ол қолына соңына құм салынған дорбасы бар арқан ұстап тұрады. Ұстаз дорбасы бар арқанды шеңбер бойымен жерге сәл ғана жеткізбей айналдыра бастайды. Балалар дорбаны аяқтарына тигізбей секіруі қажет. Ойын алдында ұстаз қалай дұрыс секіру керектігін түсіндіреді: қатты итеріліп, аяқтарын жинап алу қажет.
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту.	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту; мотивация	Заттарды шкафқа дұрыс қою және мұқият бүктеу; түрлі сыдырмаларды қолдану қабілетін бекіту.	Ситуациялық әңгіме "Көшедегі мінез-құлық ережелері"	
Серуен	Адамдардың киімін бақылау Максаты: талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту; қысқы және маусымдық киімдерді атау. Еңбек қызметі: учаскедегі жұмыс - су ағыны үшін ойық тазалау. Максаты: бірлесе жұмыс істеу қабілетін дамыту. «Түйе мен бота» қимылды ойыны Максаты: моторика, коммуникативті және шығармашылық қабілетті дамыту.	Күнді бақылау Максаты: күннің қозғалысы туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру; күн қызуына байланысты табиғаттың көктемгі өзгерісі туралы түсінікті жүйелеу. Еңбек қызметі: үйілген қарды тез еруі үшін арасын ашу. Максаты: ересектерге көмектесуге деген құштарлықты тәрбиелеу; судың бір күйден екінші күйге өту қасиетін бекіту. «Қаз көпірі» қимылды	Бұлтты бақылау Максаты: дүниені тұтас қабылдау негізі ретінде жер-көктің бірлігі жайлы түсінік қалыптастыру. «Нысананы көзде» қимылды ойын Максаты: балаларды тік және көлденең нысанаға допты лақтыруға үйрету. Еңбек әрекеті: балаларға қарды шашуға көмектесу. Максаты: бірлесе жұмыс істеуге, істелген істен қуаныш алуға тәрбиелеу. «Жылға» қимылды ойын	Ағашты бақылау Максаты: бақылауды дамыту; табиғатқа құрметпен қарауға тәрбиелеу. Көркемсөз (Ағаш) Максаты: әртүрлі ағаш туралы түсінікті кеңейту. Балалармен ағаштың не үшін қажет екендігі туралы әңгімелесу. Түске қарай көктемгі ауаның жылы болатынына назар аударту. Күн сәулесі енген ағаш діні қызып, бүршіктен жапырақтар пайда болады.	Ауа-райын бақылау Максаты: көктемде табиғаттың өзгеруі Жердің Күнді айналуымен байланысты екендігі туралы түсінік қалыптастыру; табиғаттағы маусымдық өзгеріс туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: жолды сыпыру, коқыс жинау. Максаты: бірлесе жұмыс істеу қабілетін дамыту. «Аяқты жерге тіре», «Қуыспақ» қимылды ойындары

	<p>Жеке жұмыс: кимылдарын дамыту Максаты: кеңістікте бағдарлауды, тепе-теңдік сезімін жақсарту. «Көктемде аулада қандай қауіп бар?» ситуациялық әңгіме Максаты: қауіпсіз мінез-құлық ережесін тәрбиелеу. (Сөйлеуді дамыту + сыртқы дүниемен таныстыру + Дене тәрбиесі)</p>	<p>ойыны Максаты: жаңа ойынмен танысу; ептіліктерін, төзімділігін дамыту. Жеке жұмыс: секіруді дамыту Максаты: 1-2 м қашықтықта екі аяқпен алға секіруге жаттықтыру. Аулада балалардың дербес дене белсенділігі. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу + Дене тәрбиесі)</p>	<p>Максаты: балаларды қол ұстасып, әр түрлі бағытта жүруге және жүгіруге, жүресінен отыру, тұруға үйрету. «Жаңа сөз тап» дидактикалық ойыны Максаты: баланың бір дыбысты қабылдау кезіндегі ойлауын дамыту. Баланың серуендегі өзіндік әрекеті, таңдау ойындары. Максаты: балалардың қарым-қатынас, жанжалды жағдайдан шығуға назар аудару. Жеке жұмыс Максаты: тәулік реті туралы білімді бекіту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу + Дене тәрбиесі)</p>	<p>Еңбек қызметі: ұсақ қокыс жинау «Табыста» кимылды ойыны Максаты: жолдастық сезімге, ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу; ық пен арқа бұлшықетін күшейту. «Тап және жасыр» кимылды ойыны Максаты: бақылауды, зейінді, логикалық ойлауды дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу + Дене тәрбиесі)</p>	<p>Максаты: бір-біріне соқтығыспай жүгіруде жаттығу; ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу. «Қазына аралы» кимылды ойыны Максаты: қозғалыс белсенділігін дамыту; жер бедерін бағдарлау қабілетін нығайту. Жеке жұмыс: секіруді дамыту Максаты: тепе-теңдіктегі кимылды орындау кезінде өзін-өзі сақтандыруға үйрету. Тәрбиеші бақылауымен балалардың дербес әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу + Дене тәрбиесі)</p>
Серуеннен оралу	<p>Киімді реттілікпен шешу, шкафқа салу, қолды жуу. Белгілі бір реттілікпен өз бетінше киіну және шешіну, өз заттарын шкафқа дұрыс орналастыру дағдысын жетілдіру. Жуыну кезінде «Тазалап жу, суды аяма. Алақандар қардай аппақ болсын» тақпақ айту (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>Материалдарды, киімдегі затбелгілерді қарау. "Киім түстерін атаңыз" ойыны Ақ, көк, қара, жасыл, сары, қызыл, қызғылт, қызғылт сары, қоңыр</p>	<p>Серуеннен алған әсерімен бөлісу. «Көктемдегі ағаштар» өлеңін қайталау (ағаш, көктем).</p>	<p>Серуендеу туралы эмоционалды жауап (Не есте қалды? Серуенде не ұнамады?)</p>	<p>Ойын «Мен айтамын, сен қайтала» (қарлығаш, торғай, қарға, сауысқан, көгершін, шағала, бүркіт, қыран, тотықұс)</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>«Қалаға саяхат» сюжетті-рөлдік ойыны Максаты: сюжетті дамыту; рөлдерді дербес бөлу. «Кім фигураны тез табады» ойын жаттығуы Максаты: зейінін, ептілігін,</p>	<p>«Мектеп» сюжетті-рөлдік ойыны Максаты: мектеп, қандай сабақ бар, мұғалім нені оқытатыны туралы білімді нақтылау; мектепте оқуға ынтаны, ұстаз еңбегін</p>	<p>«Кітапхана» сюжетті-рөлдік ойыны Максаты: рөлді таңдап, соған сәйкес әрекет ету; жақсы мінез-құлық дағдыларын дамыту; ойында әлеуметтік шындық құбылыстарын</p>	<p>«Супермаркет» сюжетті-рөлдік ойыны Максаты: ойынның сюжетін дамыту; қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелері туралы білімдерін бекіту; сәлемдесу, қоштасу, сыпайы</p>	<p>«Біз спортшымыз» сюжетті-рөлдік ойыны Максаты: әртүрлі спорт түрлерімен таныстыру; командалар арасында жарыс ұйымдастыра білу; спортпен айналысуға ынтасын</p>

	<p>реакциясын дамыту. Дидактикалық ойын «Қатені тап» Мақсаты: себеп-салдар байланысын анықтау, ойлау. «Әр кадамға бір сөз» кимылды ойыны Мақсаты: кимылды үйлестіру, сөйлеуді дамыту, бағдарлау. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту + Дене тәрбиесі)</p>	<p>құрметтеуге тәрбиелеу; сөздік қорын молайту: «мектеп құралдары», «портфель», «қарындаш», «оқушы» т.б. Дидактикалық ойын «Ертегі айтып бер» Мақсаты: тапқырлықты дамыту; сөздік білімін кеңейту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>бейнелеу, балалардың бақылау, экскурсия, ересектермен қарым-қатынас барысында көргендерін ойынмен беру. «Жұмбақ жасыр, біз шешеміз» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың балабақшада өсетін өсімдіктер туралы білімдерін бекіту, олардың белгілерін атау. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>сұрау сөздерін, зат атауларын қазақ және ағылшын тілдерінде қолдану. «Техника» домино Мақсаты: ой-өрісін, жазықтықта бағдарлануын дамыту; көлік туралы білімдерін бекіту; көлікті қазақ және ағылшын тілдерінде атау. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>калыптастыру; әлемдік спорт жарыстарына қызығушылықты дамыту; спорт түрлерін қазақ және ағылшын тілдерінде атау. «Біз мамандықты ойнаймыз» қуыршақ театры Мақсаты: шығармашылық қабілетті дамыту, мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру; қазақ және ағылшын тілдеріндегі сәлемдесу сөздерін қолдану. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту + Дене тәрбиесі)</p>
<p>Балалардың іс-әрекеті(ойын, танымдық, коммуникациялық, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, кимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</p>	<p>Қарым-қатынас дағдысы «Алдымен не, содан кейін не» дидактикалық ойыны Мақсаты: үйлесімді сөйлеуді дамыту; логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру</p>	<p>Танымдық және интеллектуалдық дағды «Қанша, сонша» дидактикалық ойыны Мақсаты: берілген заттардың санын санау дағдыларын бекіту</p>	<p>Әлеуметтік дағдылар «ЖҚЕ сақта және орында» ойын жаттығуы Мақсаты: ЖҚЕ, жол белгілері, қоғамдық көліктегі өзін-өзі ұстау ережелері туралы білімдерін бекіту</p>	<p>Шығармашылық және зерттеу дағдылары. «Қиып, жапсыр» ойын жаттығуы Мақсаты: қайшымен жұмыс істеу техникасын жаттықтыру; қауіпсіздік ережелерін бекіту</p>	<p>Физикалық дағдылар «Сақина лақтыру» кимылды ойыны Мақсаты: ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>«Ата-ананың мектепке психологиялық дайындығы» ата-аналарға арналған жаднама.</p>	<p>Баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар.</p>	<p>Ата-аналардың бала тәрбиесі туралы сұрақтарына жауаптар</p>	<p>«Болашақ бірінші сынып оқушыларына арналған кенес» ата-анаға арналған ұсыныс</p>	<p>Демалыс күндері бос уақытты өткізу бойынша ұсыныстар беру.</p>

Кезеңдегі тәрбие 20.05.05 Кр

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
 Топ: мектеп балды сынып
 Балалардың жасы: 5 жас 0 «б» Нұрғалиева Нұргүл
 Жоспар қай кезеңге жасалды: 26.05–30.05

Күн тәртібі	Дүйсенбі 26.05	Сейсенбі 27.05	Сәрсенбі 28.05	Бейсенбі 29.05	Жұма 30.05
Балаларды кабылдау	Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында мамыр «Бірлік пен ынтымақ» айы. ҚР Әнұранын айту. Күй күмбірін тыңдау. Жеке қауіпсіздік	«Достық» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалар арасындағы достық қарым-қатынас, үлкенге құрмет. «Күншуақ қоян» психогимнастика Мақсаты: қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңу. (Сөйлеуді дамыту)	«Жылулық сыйла» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың бір-бірімен, ересектермен қарым-қатынасындағы қиындықтарды жеңу. «Қоңырау» ойын-тренингі Мақсаты: есту күйін дамыту, күйзелісті жеңілдету. (Сөйлеуді дамыту)	«Таң басталады» ойын жаттығуы Мақсаты: қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңу. «Отбасы» саусак ойыны Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу)	«Жылулық сыйла» тренингі Мақсаты: балалардың бір-бірімен, ересектермен қарым-қатынасындағы қиындықтарды жеңу. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру,	Алдағы жазғы демалыс туралы әңгімелер.	«Өнегелі 15 минут» Топтағы температура режимі туралы ата-аналармен әңгімелесу	«Өнегелі 15 минут» Көктемгі серуендер кезінде бақылағыштықты қалай дамытуға болатыны туралы кеңес.	«Өнегелі 15 минут» Балалардағы жауапкершілік ті тәрбиелеу туралы әңгіме	Сұраныс бойынша жеке консультациялар
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	«Жеуге болады – болмайды» дидактикалық ойыны (доппен). Мақсаты: зейінін қалыптастыру; заттардың негізгі, маңызды белгілерін анықтау қабілетін дамыту. (Қоршаған әлеммен тану + сөйлеуді дамыту) «Ассоциация» ойыны. Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Математика + сөйлеуді дамыту) Үстел ойындары «Ертегіге бару» Мақсаты: пікірталас барысында басқа балалармен қарым-қатынас жасау және шешімді іздеу. (Математика + сөйлеуді дамыту)	«Қорап» дидактикалық ойыны Мақсаты: объектілерді түсі бойынша көрнекі корреляциялау қабілетін арттыру. (Математика + шығармашылық) Аз қимылды ойын «Ойлан, айналып өт» Мақсаты: құлақ арқылы анықтау және ішке қалпына келтіру қабілетін жетілдіру көлемдік немесе жазық типтегі жады объектісі. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) Үстел ойындары «Ізде және тап» Мақсаты: жеке жыл	«Білемін – білмеймін» дидактикалық ойыны. Мақсаты: өз дененің дағдылары мен физикалық мүмкіндіктерін дамыту; өзін-өзі бағалауды дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + дене тәрбиесі) «Суық – ыстық» аз қимылды ойын Мақсаты: есту қасиеттерін, дене қасиеттерін дамыту. (Сөйлеуді дамыту + дене тәрбиесі) Құрылыс материалынан таяқша құрастыру ойыны Мақсаты: геометриялық пішін туралы білімдерін бекіту; балалардың	«Кім дұрыс суретті таңдайды» дидактикалық ойыны Мақсаты: «жиһаз», «киім», «аяқ киім», «жеміс» деген жалпы ұғымды біріктіре отырып, берілген суреттер санын таңдау қабілетін жетілдіру. (Математика + сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу) «Айырмашылықты тап» қимылды ойын Мақсаты: зейінді, есте сақтауды, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін арттыру. (Дене тәрбиесі + математика) Түпкі ой бойынша мүсіндеу Мақсаты: балалардың қиялын, өз жұмысының мазмұнын шығаруға дағдыландыру; алған	«Жұптас суретті тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: геометриялық фигуралардан құралған өрнекті сипаттау арқылы тану қабілетін жетілдіру. (Математика + сөйлеуді дамыту) «Бәрі қалай аяқталды» қимылды ойын Мақсаты: есте сақтау, ақыл-ой қабілеттерін арттыру; баланың сөздік қорын кеңейту. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту) «Алақанға сызып, тірілт» ойын Мақсаты: объектінің

		мезгілдеріне тән белгілерді ажырата білуге жаттықтыру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	логикалық ойлауын дамыту. (Құрастыру)	білімін өз бетінше қолдануға жаттықтыру. (Сөйлеуді дамыту+мүсіндеу)	схемалық кескіні негізінде қиялда бейнелер жасауға ықпал ету. (Сурет салу + математика)
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Мектеп бізге не үшін керек?» әңгімелесу Мақсаты: алған білімдерін тиянақтау, диалог жүргізе білу. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу)	«Жаз келеді» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың жазғы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін жанарту; осы тақырып бойынша сөздік қорын белсендіру және толықтыру. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу)	«Не жок болды» дидактикалық ойын Мақсаты: бақылаушылықты дамыту. (Математика) «Ол қайда тұрады» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың жабайы және үй жануарларының мекені туралы білімін бекіту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	«Жұмбақтар елінде» Мақсаты: логикалық ойлауды, қиялды дамыту. «Үшінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: ойлауды, көрнекі қабылдауды дамыту. (Сөйлеуді дамыту + математика)	Дидактикалық ойын «Керісінше айт» Мақсаты: зейінді, реакцияны дамытуға жаттығу. (Сөйлеуді дамыту+ математика)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу Тақырыбы:Сөйлем. Сөйлем мен сөз. Дыбыстар қандай болып бөлінеді? «Кім шапшаң сөйлем құрайды?»дидактикалық ойыны. Тәрбиеші суреттері көрсетеді (көгершін, поезд, саңдық, шанышқы, қолтырауын т.б.). Балалар суретке байланысты 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрайды. Сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен атауға тапсырма береді. Ғажайып сәт.Балалар, қуыршақ Айсұлу бізге ішінетапсырмалар салынған хатқалта беріп	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Тақырыбы:Әсем қала Астана Отанын сүйе білмеген адам бақытты бола алмайды. Өйткені атак та, даңқ та, бақыт та, бақ та Отанды сүйюден басталады. Біздің Отанымыз қалай аталады?Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Қазақстан аталу себебі – жергілікті халық – казак ұлтының атынан шыққан. «Қазак» және «стан» сөздері	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: берілген сөзге сөйлем құрастыру Тақырыбы:Сөйлем құрау.Ойнай отырып оқимыз. «Жалпы атауын ата» ойынын ойнау. Балалар тәрбиеші айтқан сөздердің жалпы атауын жылдам айтып берулері керек. Құлпынай, танқурай, қарақат – ... (жидектер) Түймедақ, қызғалдақ, раушан – ... (гүлдер) Көбелек, қоңыз, маса, құмырсқа – ... (жәндіктер) Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ... (малдар) Күн, түн, таңертең, кеш –	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстайды; Тақырыбы:Жаздың кезі көңілді Ж. Смаковтың «Қоңырау» өлеңін оқу. Дың-дың – қоңырауым, Дың-дың – соғыламын. Дың-дың – қағыламын, Мектептен табыламын. Өлең не туралы?Сөздің екі немесе одан да көп мағынасы болады. Оны сөздің көп мағыналылығы дейміз. Мысалы: Қоңырау – музыка лық аспап, қоңырау – гүл. Тарақтың тісі – адамның тісі «Жалғастыр» ойын-жаттығуы Көйлектің жағасы, ...көлдің	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Берілген сөзге сөйлем құрастыру Тақырыбы:Біз нені үйрендік. Нені білдік? «Мамандықты тап» ойыны Науқасты кім емдейді? (Дәрігер)Шашты кім қияды? (Шаштараз)Үйлерді кім салады? (Құрылысшы) Көмірді кім табады? (Шахтер) Кітапты кім жазады? (Жазушы) «Түсіне кара»дидактикалық ойыны. Тәрбиеші балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп дауыссыз дыбыстардан бас талатын сөздерді айтуларын сұрайды.Мысалы:зырылда

<p>жіберіпті, хатқалтаны ашып, тапсырмаларын орындайық.</p> <p>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы.</p> <p>-ше буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. –ше-лек, ше-міш-ке, ше-гірт-ке, ше-ге т.б.</p> <p>-ба буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.</p> <p>Балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бакбақ, бакыр, Бағжан, байғазы, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.</p> <p>-са буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.</p> <p>Сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>Суретте кімдер бейнеленген? Балалар не істеп отыр? Сөйлем құра. Суреттерге кара. Қай суреттегі заттардың атында [а] дыбысы бар? Оларды белгіле.</p> <p>«Жоғалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны</p> <p>–Мен сендерге суреттерді көрсетіп бір дыбысы жоғалған сөз айтамын, сендер сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтасыңдар.</p> <p>Мысалы: баспалда...(к), мекте...(п), колға...(п); (а)...лка, (м)...оншақ, (т)...ауық, (а)...лжапқыш, (б)...оюу, (ж)...олбарыс, (а)...рыстан, (ж)...ылқы, (б)...алық, (т)...өсбелгіт.б.</p> <p>«Сөйлемді толықтыр»</p>	<p>«Қазақ елі» деген мағына береді. Отанымыздың бас қаласы қалай аталады?</p> <p>Сен Астана қаласында болдың ба? Астанада саған не ұнады? Әсеріңмен бөліс.</p> <p>Астана қаласының көрікті жерлерінің суреттерін көрсету. Астана – Есіл өзенінің жағасында орналасқан әдемі, көрікті қала. Қала құрылысы әлі де жүргізіліп жатыр. Астанада Ақорда, Хан Шатыр, Бәйтерек, Пирамида, Конгрес холл, Астана мешіті т.б. үлкен ғимараттар көз тартады. Әрбір қаланың өз эмблемасы, символы болады. Астана қаласының символы – «Астана-Бәйтерек» монументі.</p> <p>Бәйтерек туралы не білесіңдер? Астанада болдыңдар ма? Отан туралы мақал-мәтелдермен таныстыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Астананың көрікті жерлері» Тәрбиеші балаларға Астананың кима суреттерін береді. Балалар кима суреттерден Астананың көрікті жерлерін құрас тырады. Үлестірмелі материалмен жұмыс</p> <p>Суретте не бейнеленген? Боя. Бәйтерек туралы не білесің? Әңгімеле.</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Міндеттері: күрделі</p>	<p>... (күн уақыты)</p> <p>Жылдам әрі дұрыс жауап берген балаларды мадақтау.</p> <p>Дыбыстармен жұмыс</p> <p>«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны</p> <p>Тәрбиеші дыбыстарды айтады: а, б, у, о, и, с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.</p> <p>«Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны</p> <p>– Балалар, мен сөйлемнің басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсыңдар. Ойын шарты: тәрбиеші сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек.</p> <p>Мысалы: Балалар: Мұғалім тактаға жазды Апай ертегі оқыды.</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>Суреттерді кара. Әр сурет бойынша сөйлем құра. Сызбасын сыз. Суреттерді ата. [К] дыбысының орнын анықта. Сөздің басында, ортасында және соңында кездескеніне қарай тиісті бөлікті көк қарындашпен боя.</p> <p>«Берілген дыбысқа сөз ойла» ойын-жаттығуы</p> <p>–Мен сендерге қандай да бір дыбысты айтамын,</p>	<p>жағасы. Адамның беті, ...судың беті, жердің беті</p> <p>Сағаттың тілі, ...қазақ тілі</p> <p>Адамның басы, ...таудың басы. Адамның аяғы, үстелдің аяғы. Домбыраның құлағы, ...адамның құлағы</p> <p>Н, н дыбыстарымен таныстыру: н дыбысын айтқанда дем мұрын арқылы еркін шығады, тіл үстіңгі тістің түбіне тиеді. н дыбысы да н дыбысы сияқты мұрын жолды, н дыбысынан айырмасы – тілдің арт жағы таңдайға тиеді. Мысалы: тоң. Балалар, бір қатарға н, екінші қатарға н дыбысы бар сөздерді тауып қояйық.</p> <p>Қоян, нар, таң, қайың, ботақан, нота, аң, тоң, нұр, жаңғақ, алан, өлең, нан, жен</p> <p>Дыбыстық жаттығу</p> <p>Ян-ян-ян – жүгіріп жүр қоян</p> <p>Ың-ын-ың – әп-әдемі қайың</p> <p>Ң дыбысына байланысты жаңылтпашпен таныстыру.</p> <p>Шапшаң шапсаң, Бұрқырайды ақ шаң.</p> <p>Сөздік жұмысы:</p> <p>шапшаң – тез, жылдам</p> <p>Күндер ысып, шөп пісіп, Ел пішенін орады.</p> <p>Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (Жазда)</p> <p>Суретпен жұмыс</p> <p>Тәрбиеші балаларды жазғы саяхатқа шығуға шақырады. Балаларға «Жаз келді» суретін көрсету. Балалар,</p>	<p>уық, жалбыз, гүл, дөңгелек, ғарышкер, жер, баллақ, мысық т.б.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сикырлы сандық» Тәрбиеші әдемі сикырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (бота, құлыншақ, аю, мысық, мәшине).</p> <p>Тәрбиеші балалардан сөйлемдегі сөздерді ретімен айтуға тапсырма береді. Мысалы, бірінші сөз – Мәлік, екінші сөз – ботамен, үшінші сөз – ойнады. Сөйлемнің сызбасын сызады. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суреттерді ата, буынға бөл. Әр суретті тиісті сызбамен қос. Сызба бойынша сөйлем құра.</p> <p>Дидактикалық жаттығуы: «Дауысты сөзден баста»</p> <p>Тәрбиеші қойған сұрақтарға балалар дауысты дыбыстан басталатын сөздердермен жауап беру керек.</p> <p>1. Қандай істі ұнатасың? (ойнағанды т.б.)</p> <p>2. Отбасыңда кімді жақсы көресің? (Анамды т.б.)</p> <p>Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.)</p> <p>Сүйікті киноң? («Алдаркөсе», т.б.)</p> <p>Ойын: «Дұрыс қос»</p> <p>Тәрбиеші тактаға екі қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын атап айтқызады. Бір буыннан тұрып, тамақты білдіретін екі суретті қос</p>
---	--	--	---	--

<p>олардың цифрын атайды. 2-тапсырма. Бастырып сыз. 3-тапсырма. Тізбекті жалғастыр. Боя. Тапсырманы жалғастырып орындаған кезде, балалар фигуралардан, моншақтардан, түймелерден және т.б. фигура лардан өз «тізбегін» құрып, көрсете алады. 4-тапсырма. Таяқшалардан фигуралар құрастыр. Әр фигураға қанша таяқша қажет болды? Цифрды қоршап сыз. Практикалық жұмыс. Тәрбиеші үстелге түрлі түсті санау таяқшаларын таратады. Әр бала тапсырманы өз бетінше орындайды «Фигураны төсеу» ойын жаттығуы. Топтық жұмыс. Санамақтың көмегімен балалар топтарға бөлінеді. Цифрлары бар карточкалар еденге қойылады. Балалар карточкалардың қасына тұрады. Содан кейін тәрбиеші әр топқа лента береді. Балалар лентаны шеңбер мен шаршы фигуралары шығатындай етіп ұстайды. 3. Қоршаған әлеммен танысу Міндеттері: Адам табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу</p>	<p>дөңгелектен болуы керек? Ойлан. Суретін сал. Үлестірмелі материалмен жұптастырылған жұмыс. 5-тапсырма. Фигураларды көрсетілген түспен боя. «Жануарларға жем береміз» ойын жаттығуы. Тәрбиеші тактаға 4 қоян, 6 тиін, 5 кірпі бейнеленген карточка ларды бекітеді. Жануарларға жем беруді ұсынады. Менің себетімде жем бар. Қояндарға сәбіз жеткілікті ме? Жанғақ тиіндерге жеткілікті ме? Саңырауқұлақ кірпілерге жете ме? Қалай білуге болады? Қалай тексеруге болады? Балалар жануарларды санайды, себеттегі дәмдердің санын салыстырады, әр жануарға «таратады». Ойыншықтар мен дәмдердің теңсіздігін анықтағаннан кейін олар жетіспейтін затты қосады немесе артық затты алып тастайды. 3. Қазақ тілі Міндеттері: әңгімелесушінің сөзін мұқият тындайды; әңгімелесушіге сұрақтарды дұрыс қояды, оған қысқа және толық нақты жауап беру Тақырыбы: Жаз қызығы Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме? Суреттер бойынша өткен</p>	<p>сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсындар. Бұл – сендердің мерекелерің. Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі жеткізеді. Сөздік жұмысы: болашақ – алдағы уақыт сүйсінеміз – қызығамыз Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: Өлеңнің авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған? Болашақта сен қандай болғын келеді? Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар? Танертен тұрғанда нені көресіңдер? (Күнді) Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? (Алақай!) Күн бізге не шашады? (Жылуын шашады) Қане, алақанымызды жылытайық, қолымызды Күнге созайық! Үлестірмелі материалмен жұмыс. Атасы немерелері мен қайда барды? Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра. Балалар қандай ойын ойнап жүр? Сен қандай ойын</p>	<p>және т.б. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретке кара. Әр баланың қорабына неше асықтан салу керек? Көрсетілген шифр бойынша қоршап сыз. Қанша асық қалғанын сана. Цифрды қоршап сыз. Тапсырманы қиылған фигураларда, асықтар бейнеленген карточкаларда суреттеуге болады. 2-тапсырма. Бастырып сыз. 3-тапсырма. Әр аквариумда қанша балық бар? Сана. Егер барлық балықты бір аквариумға салсақ, қанша болады? Цифрды қоршап сыз. Балаларға балықтың суреттері таратылады. Жұпта балалар жағдаят моделін құрады. Тәрбиеші жағдаят туындатып, досына 2 балық берейік. Сенде қанша балық қалды? «Ғажайып дорба» ойыны. «Ғажайып дорбада»: доп, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, дөңгелектер бар. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы кезек-кезек дорбадан фигураларды алады, оны атайды. 4-тапсырма. Боя. «Әркашан тең!» ойын жаттығуы. Тәрбиеші әр балаға екі қорапқа салынған 6-дан 10 данаға дейінгі заттардың белгілі бір санын береді. Заттардың санын теңестіру</p>	<p>(Қасқыр, арыстан) Мейірімді, адал кейіпкерлерді ата. (Қоян, әтеш, шаруа) Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?» Шарты: таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сикырлы қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Бұл қандай жануар? Қандай ертегіде кездеседі? Балаларды үш топқа – бәйтерек, көгершін дер, қарлығаштар тобына бөлу. Тақтадан не көріп тұрсындар? Әр ұяшықта сандар бар. Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады. Ұяшықтан ертегінің суреті шығады. Сендер қай ертегі екенін тауып, сол ертегіні рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін қуыршақтарды, саусағы мызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз. Әр топ өзі таңдаған ертегіні сахналап көрсетеді. Үлестірмелі материалмен жұмыс Әр суретте қандай ертегі бейнеленгенін айт. Есінде сақта. Ертегі жақсы қасиеттерді бойға сіңіреді. 3. Қоршаған әлеммен танысу Міндеттері: Табиғат бұрышын мекендеушілер. Оларды күту Тақырыбы: Табиғат бұрышын мекендеушілер. Оларды күту.</p>
--	--	---	---	--

<p>Тақырыбы: Адам табиғаттың бір бөлігі</p> <p>Ойын сәті. Тәрбиеші балаларға теңіз жағалауына серуенге баруды ұсынады. Көздерін жұмып, теңіздің жағасында демалып отырғандай кейіпке енулерін сұрайды. Теңізді шуылы жазылған ұнтаспа қосылады. Самал жел соғып тұр. Теңіз толқындары жағаға ұрып, біздің бетімізге тамшылары шашырайды. Теңізді иісін сезінді ме? Шағаланың шанқылдаған дауыстары-балалардың қуанып, шаттанып күлгендері сияқты. Біз көкірегімізбен терең тыныстап, таза ауа жұтамыз. Керемет! Көзімізді аштық. Біз қайда болдық? Серуен сендерге ұнады ма? Біз табиғаттың бізге керемет сыйы – теңіз жағалауына барып қайттық. Теңіздің таза ауасын жұтқан адамның денсаулығы қандай болады? Тәрбиеші Н. Ақышевтың «Табиғаттың бөлшегі» әңгімесін оқиды. Данияр табиғатты неге көрмеді? Даниярдың денсаулығы неліктен түзеле бастады? Ойын: «Табиғат доминосы» «Табиғатсыз адамның күні жоқ, Табиғаттың оны айтар тілі жоқ» деген накыл сөзді қалай түсінесіңдер? Бізді қоршап тұрған керемет жаратылыс – табиғат. Адам табиғаттан барлық керегін алады: жерге егін, бау-бақша егіп, азық-түлік</p>	<p>«Алақай, жаз келді!» тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. «Жазда не болады?» сұраққа жауап беру. Балалар сөйлеммен жауап береді. Жазда ыстық болады. Жазда гүлдер көп. Жазда жидектер піседі. Жазда кемпіркосақ болады. Демонстрациялық материалмен жұмыс. Жана сөздермен таныстырады. Жазда күн ыстық. Ыстық, ыс-тық. Жазда күн қандай? Жазда күн ыстық. Жазда не істейді? Жазда суға шомылады. Шо-мы-ла-ды. Жазда не істейді? – Жазда күнге қыздырынады. Жазда не істейді? – Жазда адамдар демалыс алады. – Жазда не істейді? – Жазда балалар ойнайды. Шағын мәтін құру үлгісі. Жазда күн ыстық. Жазда анам, әкем демалыс алды. Біз суға шомылдық. Күнге қыздырындық. Жазда мен доппен ойнаймын. Секіспемен секіремін. Маған жаз ұнайды. Ойын: «Ғажайып дөңгелек». Дөңгелек бөліктеріндегі түстерді тәрбиеші ретімен көрсетеді, сұрақтар қояды: Қандай түс? Қай жыл мезгілі? Көрсеткен түске сәйкес балалар жыл мезгілін: ақ – қыс, сары –</p>	<p>ойнағанды жақсы көресің? Жұмбақты шеш. Қойны толы жеміске, Көк майсалы егісте Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)</p> <p>3. Шығармашылық іс-әрекет</p> <p>Міндеттері: Өткенді қайталау</p> <p>Тақырыбы: Әлем балалар көзімен. Көрме</p> <p>4. Дене тәрбиесі</p> <p>Міндеттері: Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, менгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.</p> <p>Тақырыбы: Ауладағы ойындар</p> <p>Спорттық жаттығулар. Велосипед, самокат тебу. Шенбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. «Жанғырық» ойыны</p> <p>Ойыншылар шенбер құрап тұрады. Бірінші ойыншы атын атайды және кез келген қозғалыс (бұрылу, шапалақтау, секіру және т. б.) көрсетеді. Барлық балалар хормен үш рет</p>	<p>керек. Тәрбиеші балалардың екі әдісті қолдануын қамтамасыз етеді: жетіспейтін мөлшері толықтырылады немесе артық заттар алынып тасталуы керек.</p> <p>3. Қазақ тілі</p> <p>Міндеттері: таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтады: тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен, жүйелі түрде жеткізеді; кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру</p> <p>Тақырыбы: Ерте, ертеде, ертеде.</p> <p>Ерден ата әнін тыңдау. Кел, балалар, тұрмандар. Бізде қызық думан бар. Атамыздың алуан, Ертегісін тыңдаңдар. Қуыршақ Сәуле балалардан қандай ертегіні жақсы көретіндерін сұрайды. Олардан өздерінің сүйікті ертегілерін атын атауға тапсырма береді. Сәуле мен Арман балаларға сыйлық әкелді. Ол – «Он тақия» ертегісі. «Он тақия» ертегісін көрсетіп (тыңдатып) талдау. Ертегі ұнады ма? – Ертегі кейіпкерлерін ата. – Бай Алдаркөсеге не делі? Әй, Алдар, мағанда бір тақия тігіп берсеңші. – Алдаркөсе не айтты?</p>	<p>Жадына түй, аяла, Бұлақ көрсен көзін аш, Тіршілік көзі – Жер-ана! Жаман істен аулақ қаш! Өлең не туралы? – Табиғат туралы. Балалар, адамдарға табиғат бұрышы не үшін қажет? Жануарлар қандай топтарға бөлінеді? Жабайы жануарлар және үй жануарлары. Неліктен барлық жануарлар жанды табиғатқа жатады? Олар тыныс алады, қозғалады, көбейеді және қоректенеді. «Жануарлар патшалығына» шағын саяхатқа шығамыз. Бүгін бізге жақын тіршілік ететін жануарлар, яғни топтағы табиғат бұрышын мекендеушілер және оларды күту туралы әңгімелейміз. Қәне, кім нені жақсы көреді? Немесе өзін мен бірге үйде қандай жануар тіршілік етсе деп армандайсың? Табиғат бұрышын мекендейтін қандай жануарларды білесіңдер? Балықтар, кірпі, тасбақа, қоян, атжалман, тотықұс. Балалар өздеріне ұнайтын табиғат бұрышын мекендеушілер туралы айтады. Біздің табиғат бұрышын мекендеушілерді атаңдар. Балалар атайды: тотықұс, тасбақа, аквариумдағы балықтар. – Табиғат бұрышындағы жануарларды күту үшін нені білу керек? Жануарларды күтуді, қалай</p>
---	--	--	---	--

<p>алады. жер койнауындағы – қазба байлықтарды күнделікті тұрмыста жаратады. Орман-тоғай, өсімдіктер, теңіз, тау-тас, өзен-көл – барлығы адамның қажетін өтейді, қызмет етеді. Бірақ уақыт өткен сайын адамдар мұның бәріне қанағат танбай, табиғатқа орасан зор зиян келтіруде. Интербелсенді тақтадан адамның табиғатқа келтірген зияны туралы бейнебаян шығады.</p> <p>1. Зиянды газдардың шығарындылары біз тыныс алатын ауаны ластайды, үлкен қалаларда тұмша пайда болады.</p> <p>2. Аңшылар құстарды, жануарларды аяусыз қырады.</p> <p>3. Қокыс қалдықтарының кейбіреуі ешқашан шірмейді, улы газдар бөліп, жылдар бойы жата береді.</p> <p>4. Мұнай, көмір т.б. табиғи отындар көптеп өндірілуде.</p> <p>5. Орманды жаппай кесу арқылы адам орманды құртып, ондағы тіршілік иелерін де жоюда. Балалар, табиғатқа келтірген зиян, адамның өзіне жақсы ма? Жоқ, адам өзіне де зиян тигізіп жатыр, адам ешқашан өзінің табиғаттың бір бөлшегі екенін ұмытпау керек. Ойын «Егер де... не болады?»</p> <p>Ұжымдық жұмыс. Ойын: «Орман тұрғындары» Адам – табиғаттың бір бөлігі, сондықтан ол табиғатты сүюге, қорғауға, қамқорлық жасауға міндетті.</p>	<p>күз, қызыл – жаз, жасыл – көктем, айларын айтады.</p> <p>Жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтады:</p> <p>– Күзде жеміс, көгөніс піседі.</p> <p>– Қыста шана, шаңғы тебеміз.</p> <p>– Көктемде құстар ұшып келеді, ағаштар гүлдейді.</p> <p>– Жазда күн ыстық, жидектер піседі.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Тәрбиеші сөздерді орыс тілінде атайды, балалар қазақ тіліне аударады.</p> <p>купаются – шомылады загорают – қыздырынады отпуск – демалыс вода – су нравится – ұнайды играют – ойнайды скакалка – секіртпе</p> <p>Сөздік ойын: «Сұраққа жауап бер» (доппен). Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші ортада тұрып, балаларға доп лақтырады, сұрақ қояды:</p> <p>– Сен жазда не істейсің? Балалар допты қағып алып: – Мен жазда шомыламын», – деп жауап береді.</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс.</p> <p>1. Суретке қара. Қысқа мәтін құра. Жазда балалар не істейді? Жыл мезгілінің ерекшеліктерін, қызықтарын естеріне түсіру.</p>	<p>атын бірінші ойыншының интонациясымен айтып, қозғалысын қайталауға тырысады. Одан кейін келесі бала атын айтады және қозғалысын көрсетеді, барлығы қайталайды, және т. б. ойын барлық балалар аттарын атап шыққанға дейін қайталанабереді.</p> <p>«Доп кімде?» ойыны</p> <p>Ойыншылар шеңбер жасап тұрады. Ойын бастаушы тағайындалады. Ол шеңбердің ортасында тұрады, қолдарын арқа сына ұстап бір-бірімен тығыздалып тұрады.</p> <p>Тәрбиеші допты (диаметрі 15 см-ден аспайтын) кімге болса да біреуіне береді, балалар оны арттарымен шеңбер жасай бір-біріне береді. Бастаушы доптың кімде екенін табуға тырысады. Ол: «Қолыңды» деп кімге айтса, сол екі қолын алға шығарып, алақанын жайып, жоғары көтеруге тиіс, онда ол оның қолында доптың жоқ екенін көрсетеді. Егер бас қарушы добы бар екенін тапса, ол допты алады да шеңберге тұрады, ал доп табылған бала ойынды басқара бастайды. «Қол ұстасып жүру» ойын</p> <p>Ойыншылар екі шеңбер</p>	<p>–Неге тікпеске. Жарты метр мата, жүз теңге ақша берсеніз, ертең-ақ дайын болады, байке.</p> <p>–Сонғы реет келгенде бай не деді Алдар көсеге? –Өй! Мыналарың кішкене ғой, қалай киемін! –Алдаркөсе не айтты? –Сіздің берген матадан бірүлкен не он кішкене тақия шығады. Тақияларды кезекпен киесіз. –Кім тапқыр?(Алдаркөсе) –Кім саран?(Бай) –Саған кім ұнады? Сипатта.</p> <p>«Сандық» ойыны. Сандықта түрлі түсті асықтар. Балалар кезекпен асықты алады, түсін айтып, сәйкес қағазды көрсетеді. Әр түсте әртүрлі тапсырмалар. Балалар 3 топқа бөлінеді. Тәрбиеші түрлі түсті кима материалдарын таратады. Балалар оларды түстеріне сәйкес біріктіреді. Қызыл түс. Жаңылтпаш жарысы. Жасыл түс. Мақал-мәтел жарысы. Сары түс. Ертегі жарысы. Шалқан, Қолғап, Екі лақ, Қарлығашпен Дәуіт.) Ертегі кейіпкерлерін айтып, суретін табады. Ертегінің атын айту керек. Кейіпкерлер сөзін естеріне түсіру.</p> <p>Көк түс. Тақпақ жарысы. Жұмыс дәптерімен жұмыс. «Он тақия» ертегісінің кейіпкерлерін ата. Сипатта.</p>	<p>коректендіруді білу керек. Аквариумды бақылау. Балықтарды міндетті түрде аквариумда өсіру керек. Аквариумда оларға суқойма ларындағыдай жағдай жасалған. Аквариумда не болуы тиіс? Құм, ұсақ тастар, балдырлар.</p> <p>– Балдыр не үшін керек? Балдыр таза оттегі бөледі.</p> <p>Аквариумдағы балықтардың пішіні қандай? Балықтар сопақша, үшбұрыш, тік төртбұрыш пішінді. Біздің аквариумда қандай балықтар бар? Аквариумдағы балықтар: семсерқұйрық, гуппи, скалярия. –Тотықұс қандай құс? Тотықұс – үйге үйретілген құс. Тотықұс адамдардың дауысын айнытпай қайталап, еліктейді. Бұл құсты торда ұстайды. Ол адамдарды өзінің әңгімесімен, әдемі қауырсын дарымен адамдарды қуантады</p> <p>Табиғат бұрышындағы тасбақаны бақылау. Тасбақа туралы не білесіңдер? Тасбақа өзін 18–20 градус жылылықта жақсы сезінеді. Тасбақаның арқасында не бар? Тасбақа – арқасында сауыты бар, баяу қозғалатын жануар. Ол қорықса, сауытының астына жасырынып қалады. Температура төмен болса, аз қозғалады. Оған ұсақ құрттар, шикі ет, балық беруге болады. Тәрбиеші балаларға</p>
---	---	---	---	--

	<p>Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Көлтауысардың пайымдауы: Адам – табиғаттың бір бөлігі, сондықтан ол табиғатты сүюге, қорғауға, қамқорлық жасауға міндетті. Адамға табиғатты танып-білуге қандай сезім мүшелері көмек теседі? Осы туралы Көлтауысарға әңгімеле. Суретке қара. Адам табиғаттан не алады? Суретті толықтыр.</p> <p>4.Дене тәрбиесі Міндеттері: Балалардың құр дастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыс тар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Такырыбы: Командалық жарыс «Ақырын – қатты» ойыны Жүргізуші ойыншыларға теріс қарап тұрады, ал ұстаз балалардың біреуіне жасыруға бір зат береді. Барлық балалар зат кімде екендігін біледі. Жүргізуші затты жасырған ойыншыға жақындап келсе, балалар қатты шапалақтай бастайды, ал ол алыстаған сайын шапалақтар тыныш бола бастайды. Егер жүргізуші ұзақ уақыт сәтсіздікке тап болса, оны басқа ойыншы алмастырады. «Тап та үндеме» ойыны Ұстаз алдын ала қандай да бір затты тығады және оны табуды ұсынады. Кімде-кім көрегер болса, ол ұстазға жақындап, оның құлағына айтады. Балалар</p>	<p>4.Музыка Міндеттері: Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Такырыбы: Жас ұлдар. Музыка тыңдау. Лирикалық вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова). Балалар шеңбер бойында жүріп, аттың шабысын музыкамен жасайды. Жеңіл, ойнақы қимылдайды. Балалармен Отан қорғаушылар – ұлдар туралы интерактивті тактадан көріністер көру. Музыка тыңдау: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев). Музыка тыңдап, қандай әсерде болғандарын сұрап, балалармен сұхбат</p>	<p>құрады, бірі екіншісінің ішінде және қолдарынан ұстасады. Ұстаздың белгісі бойынша аталған жаққа қарай қозғалыс басталады (жүріс немесе ақырын жүгіріс). Қозғалысы берілген тарапқа (жаяу немесе баяу жүгіру). Ән немесе музыкалық сүйемелдеу мен ритмикалық жаяу жүрісті ұсынуға болады. «Назар аудар!» Ұстаз балаларға өзі атаған барлық қозғалысты орындауға ұсынады, бірақ бұл ретте мүлдем басқа қозғалысты көрсетеді. Мысалы, мұғалім былай дейді: «Интереміз!», бірақ өзі қолын жоғары көтереді. Ойынды шеңбер ретінде тұрып немесе басқа тұрыспен де жүргізуге болады.</p>	<p>Сүйікті кейіпкерінді сал. Ол кім? Қандай ертегі? 4.Музыка Міндеттері: Балалар шығарма шылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке, баулу. Музыкалық ырғақтық қимылдар. Такырыбы: Біз мектепке барамыз. Музыка тыңдау. Лирикалық вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Балалар жұптасып, вальс әуенімен залға келеді. Би ырғағын сезіне, шеңбер бойымен жеңіл жүріп, жарты шеңбер болып тұрады. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Гүлдер вальсі» (П. Чайковский, үнтаспада). Ұлдар қыздарды әдеппен биге шақырады. Бір қадам алға, бір қадам артқа орын ауыстыру, айналу, ұлдар отырып, қыздар ұлдарды айналады, би сонында ұлдар қыздарды орындарына отырғызып, өздері жанына жайғасады. Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов). Музыка тыңдап, қандай көңіл күйде орындалғанын, жылдамдығы қалай екенін сұрау. «Сендерге жақсы көңіл сыйлады ма?» – деп сауал</p>	<p>алжапқыштар, қажетті құралдар таратады, балалар тотықұстың торын тазалайды, аквариумдағы балықтарға жем береді, тасбаканың торын тазалап, су, жем салады. «Сөз қатарлары» ойыны. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Саққұлақтың пайымдауы: Жануарларға қамқор болу керек. Табиғат бұрышындағы жануарларды қараусыз қалдырмау керек. Саққұлаққа табиғат бұрышы туралы әңгімеле. Табиғат бұрышын мекендеушілерді өз орнына сызып қос. Аквариумда мекендейтін балықтардың атын есінде сақтап ал. Аквариум ішіне өзіңе ұнайтын балықтың суретін сал. Оны неге салғаныңды түсіндір. 4.Дене тәрбиесі Міндеттері: Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Такырыбы: Жаз келді, алақай! Орын ауыстырайық! Балалар шеңбер құрып</p>
--	--	--	---	---	---

<p>дын көпшілігі тапсырманы орындағаннан кейін, ұстаз неғұрлым зейінді ойыншыларды атайды.</p> <p>Тапқырлар (шеңбермен)</p> <p>Бір жүргізуші таңдалады, ол – тапқыр. Ол басқа ойыншылардан құралған шеңбердің ортасына тұрады. Қолдарынан ұстап, балалар шеңбер бойымен оңға (солға) жүріп, келесі сөздерді айтады:</p> <p>«Шеңбер құрып әдемі, Тізбектеліп келеміз.</p> <p>Токта! – десе, тоқтаймыз! Міне былай жасаймыз!»</p> <p>Балалар тоқтап, қолдарын түсіреді, ал тапқыр қандай да бір қимылды көрсетеді, барлығы оны қайталау керек. Ойын басқа жүргізушімен қайталанады.</p> <p>«Фигура» ойыны</p> <p>Ойыншылар бағандап бір-бір леп немесе шашырап жүреді, ұстаздың «Токта» белгісі бойынша балалар тоқтайды да, қандай да бір «фигураны» орындайды. Анық және қызықты орындалған «фигуралар» аталып айтылады.</p>	<p>тасу, әсерлерімен бөлісу.</p> <p>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Балаларды қорғаймыз» (А. Досмағанбет). Балаларды кімдер қорғайды? Өскенде сендер Отанымызды қорғайтын, кішілерге қамқор, нағыз батырболасындар. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. «Момыш ұлы Бауыржан» (Е. Өміров), «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) әндерін еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Тенізшілер биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Биге ұл балалар қатысады. Музыка ырғағына ілесе, қолдарын шекелеріне қойып шығады, аяқты бүкпей тік ұстап, бинокльмен қарап, ескек есіп, отырып тұру қимылдарын жасайды.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Алтын қақпа» (Т. Сарыбаева). Балалар жұптасып, бір-біріне қарап тұрады. Көңілді әуен ойналып, балалар жұптарымен қол ұстасқан күйі "Алтын қақпа" жаппап, бір қатарға тұра қалады. Ойын бастаушы немесе тәрбиеші ойынды жалғастырады. Әуен ойналғанда</p>		<p>қоя. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Қош, балбұлақ балабақшамыз»</p> <p>Б. Жұмабекова. Әнде не туралы айтылған? Әннің көңіл күйі қандай? Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева), «Балаларды қорғаймыз» (А. Досмағанбет) әндерін еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p>Билер: Биді балалардың қалауынша қайталау.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Кім мектепке тез жиналады».</p> <p>Балалардың жылдамдығын, ептілігін тексеру. Ойынға екі бала шығып, мектеп құралдарын біртіндеп портфельге жинайды. Кім бұрын жинаса, сол жеңіске жетеді.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко). Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p>	<p>тұрады. Ұстаз қандай да бір бірдей ерекшелігі бар балаларға орындарын ауыстыруды ұсынады: кара шаш, ақ кеудеше, үйжануарлары және т. б. Мысалы, былай дейді: «Велосипеді бар балалар орындарын ауыстырсын!». Балалар орындарымен ауысады.</p> <p>«Сокпақ, қар ұшқыны мен омбы» ойыны. Балалар бір лекке саппақ тұрады. «Сокпақ» белгісі бойынша ойыншылар алдында келе жатқан ойыншының иығына қолын қояды. «Ұшқын қар» белгісі бойынша: бір орнында айналады, «Омбы» белгісі бойынша отырады.</p> <p>«Дәулер мен құртақандар» ойыны. Балалар бір лекке саппақ тұрады. «Дәулер» белгісі бойынша ойыншылар аяқтарының ұштарымен, қолдарын аспанға созып жүреді, содан кейін қалыпты түрде жүреді. Ал «Құртақандар» белгісі бойынша: жартылай отырып жүреді. Солай кезектестіре береді.</p> <p>«Ара» ойыны. Ойыншылар шеңбер құрып отырады. Шеңбердің ішінде доп домалап жүреді. Ойыншылар қолдарымен оны өздерінен итеріп, басқа балалардың аяғына тигізуге тырысады. Доп тиген ойыншы шеңбер</p>
--	---	--	--	---

		<p>какпа ортасымен өтіп, өзіне жұп таңдап алып, какпаның соңына тұрады. Жұпсыз қалған бала дәл солай ойынды жалғастырады. Кенеттен әуен тоқталады, жұп тауып үлгермеген бала өз айыбын өнер көрсетіп өтейді.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (И. Штраус). Тәрбиеші шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды.</p>			<p>ортасына арқасын қаратып, теріс қарап отырады, ол келесі ойыншыға доп тигенге дейін ойынға қатыса алмайды. Ережелері: допты тек қолмен дөңгелетуге болады, допты тоқтатуға, ұстап алуға болмайды.</p>
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс қою және мұқият бүктеу; түрлі сыдырмаларды қолдану қабілетін бекіту.	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру	Ретпен киіну.	Серуенде жүріс-тұрыс ережелерін қайталау	
Серуен	<p>Адамдардың киімін бақылау Мақсаты: талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту; қысқы және маусымдық киімдерді атау. Еңбек қызметі: учаскедегі жұмыс - су ағыны үшін ойық тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеу қабілетін дамыту. «Түйе мен бота» қимылды ойыны Мақсаты: моторика, коммуникативті және шығармашылық қабілетті</p>	<p>Күнді бақылау Мақсаты: күннің қозғалысы туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру; күн қызуына байланысты табиғаттың көктемгі өзгерісі туралы түсінікті жүйелеу. Еңбек қызметі: үйілген қарды тез еруі үшін арасын ашу. Мақсаты: ересектерге көмектесуге деген құштарлықты тәрбиелеу; судың бір күйден екінші күйге өту қасиетін бекіту.</p>	<p>Шуақты күнді бақылау Мақсаты: қоршаған ортаға қызығушылықты дамыту, тек ересектер мен балалардың ғана емес, құс, аңдардың да күнге қалай қуанатынын байқау. Еңбек қызметі: серуенге шығаратын материал дайындау. Мақсаты: тәуелсіз болуға ұмтылуын дамыту. «Біреу бізге қонаққа асығып келеді» қимылды ойын</p>	<p>Ағашты бақылау Мақсаты: бақылауды дамыту; табиғатқа құрметпен қарауға тәрбиелеу. Көркем сөз (Ағаш) Мақсаты: әртүрлі ағаш туралы түсінікті кеңейту. Балалармен ағаштың не үшін қажет екендігі туралы әңгімелесу. Түске қарай көктемгі ауаның жылы болатынына назар аударту. Күн сәулесі енген ағаш діңі қызып, бүршіктен жапырақтар пайда болады.</p>	<p>Ауа-райын бақылау Мақсаты: көктемде табиғаттың өзгеруі Жердің Күнді айналуымен байланысты екендігі туралы түсінік қалыптастыру; табиғаттағы маусымдық өзгеріс туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: жолды сыпыру, коқыс жинау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеу қабілетін дамыту. «Аяқты жерге тіре».</p>

	<p>дамыту. Жеке жұмыс: кимылдарын дамыту Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды, тепе-теңдік сезімін жақсарту. «Көктемде аулада қандай қауіп бар?» ситуациялық әңгіме Мақсаты: қауіпсіз мінез-құлық ережесін тәрбиелеу. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу + дене тәрбиесі)</p>	<p>«Қаз көпірі» кимылды ойыны Мақсаты: жаңа ойынмен танысу; ептіліктерін, төзімділігін дамыту. Жеке жұмыс: секіруді дамыту Мақсаты: 1-2 м қашықтықта екі аяқпен алға секіруге жаттықтыру. Аулада балалардың дербес дене белсенділігі. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу + дене тәрбиесі)</p>	<p>Мақсаты: көзді дамыту, топта ойнау. «Қуып жет» кимылды ойыны Мақсаты: жылдамдық, зейінді, көзді дамыту. Төменнен екі қолмен тік нысанаға лақтыру жеке жұмыс. Дербес әрекет. (Қоршаған әлеммен танысу+ дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Еңбек қызметі: ұсақ қоныс жинау «Табыста» кимылды ойыны Мақсаты: жолдастық сезімге, ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу; нық пен арқа бұлшықетін күшейту. «Тап және жасыр» кимылды ойыны Мақсаты: бақылауды, зейінді, логикалық ойлауды дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу + дене тәрбиесі)</p>	<p>«Қуыспак» кимылды ойындары Мақсаты: бір-біріне соқтығыспай жүгіруге жаттығу; ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу. «Қазына аралы» кимылды ойыны Мақсаты: қозғалыс белсенділігін дамыту; жер бедерін бағдарлау қабілетін нығайту. Жеке жұмыс: секіруді дамыту Мақсаты: тепе-теңдіктегі кимылды орындау кезінде өзін-өзі сақтандыруға үйрету, балалардың дербес әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу + дене тәрбиесі)</p>
Серуеннен оралу	<p>Киімді реттілікпен шешу, шкафқа салу, қолды жуу. Белгілі бір реттілікпен өз бетінше киіну және шешіну, өз заттарын шкафқа дұрыс орналастыру дағдысын жетілдіру.</p>	<p>Киіну реті туралы жеке әңгімелесулер</p>	<p>Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру.</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту; мотивация</p>	<p>Жуыну кезінде «Газалап жу, суды аяма. Алақандар қардай аппақ болсын» таппак айту</p>
Балалар жеке жұмыс	<p>«Қазақстан бойынша саяхат» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: сюжетті дамыту, рөлдерді өз бетінше бөлу. «Ойлан және қайтала» ойын жаттығуы Мақсаты: зейінін, ептілігін, реакциясын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен таныстыру)</p>	<p>«Мұражай» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: рөлді таңдап, соған сәйкес әрекет ету; жақсы мінез-құлық дағдыларын дамыту; ойында әлеуметтік шындықтың құбылыстарын бейнелеу; балалардың бақылау, экскурсия, ересектермен қарым-қатынас барысында</p>	<p>«Сондай фигураны тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: себеп-салдар байланысын анықтау, ойлау. «Маған бір сөз айт» кимылды ойыны Мақсаты: қозғалыстарды үйлестіру, сөйлеуді дамыту, бағдарлау. (Сөйлеуді дамыту +</p>	<p>«Супермаркет» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: ойынның сюжетін дамыту; қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелері туралы білімдерін бекіту; сәлемдесу, қоштасу, сыпайы сұрау сөздерін, зат атауларын қазақ және ағылшын тілдерінде қолдану. «Техника» домино Мақсаты: ой-өрісін, жазықтықта</p>	<p>«Біз спортшымыз» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: әртүрлі спорт түрлерімен таныстыру; командалар арасында жарыс ұйымдастыра білу; спортпен айналысуға ынтасын қалыптастыру; әлемдік спорт жарыстарына қызығушылықты дамыту;</p>

		көргендерін ойынға беру. «Бағбан» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың балабақшада өсетін өсімдіктер туралы білімдерін бекіту, олардың белгілерін атау. (Сөйлеуді дамыту+ қоршаған әлеммен танысу)	қоршаған әлеммен танысу)	бағдарлануын дамыту; көлік туралы білімдерін бекіту; көлікті қазақ және ағылшын тілдерінде атау. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	спорт түрлерін қазақ және ағылшын тілдерінде атау. «Біз мамандықты ойнаймыз» қуыршақ театры Мақсаты: шығармашылық қабілетті дамыту, мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру; қазақ және ағылшын тілдеріндегі сәлемдесу сөздерін қолдану. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту + дене тәрбиесі)
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Қарым-қатынас дағдылары «Алдымен не, содан кейін не» дидактикалық ойыны Мақсаты: үйлесімді сөйлеуді дамыту; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту	Шығармашылық және зерттеу дағдысы «Қамзолды сәндеу» қосымшасы Мақсаты: қайшымен жұмысты бекіту; қиялды дамыту	Танымдық және интеллектуалдық дағдылар «Қанша сонша» дидактикалық ойыны Мақсаты: берілген заттардың санын санау дағдыларын бекіту	Шығармашылық және зерттеу дағдылары. «Қиып, жапсыр» ойын жаттығуы Мақсаты: қайшымен жұмыс істеу техникасын жаттықтыру; қауіпсіздік ережелерін бекіту	Физикалық дағдылар «Сақина лақтыру» қимылды ойыны Мақсаты: ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу
Балалардың үйге қайтуы	«Ата-аналарға мектеп туралы» кенес.	Баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар.	Балалар суреттерінің көрмесі	Баланың бір күндегі жетістіктері туралы әңгімелесу.	«Жолда жүру ережелері» жылжымалы папка